Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС

меңгерушісі: Б.Оспанова

# Ортаңғы «Балапан» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған вариативті компоненті

**Тексерілді:**

**Әдіскер: Қожаева Н**

**2021-2022 оқу жылы**

**Ортаңғы «Балапан» тобынның 2021-2022 оқу жылына арналған вариативтік компоненті.**

**Ертегілер әлемінде» вариативтік сабақ жоспары**

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | Бақша ағаштары | Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету | 1 |
| 2. | Мақта қыз бен мысық | Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.<br>Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 3. | Күшік пен мысық | Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. | 1 |
| 4. | Түлкі мен тырна | Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. | 1 |
| 5 | Қызыл телпек | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру | 1 |
| 6 | Дос іздеген бота | Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету. | 1 |
| 7 | Алтын балта | Балаларға алтын балта ертегісімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-өимылдарын, көрсете алуға үйроету.Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | Мақтаншақ қоян | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. | 1 |
| 9 | Түлкі мен ешкі | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру | 1 |
| 10 | Әдеп | Сабақ барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету. | 1 |
| 11 | Тышқанның өсиеті | Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 12 | Үш аю | Балаларды ертегі желісіне айланысты суреттерді орналастыруды үйрету. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Ертегі желісі туралы түсініктерірін артыру. Ертегі желісін түсініп тындай білуге тәрбиелеу | |
| 13 | Мақтаншақ бақа | Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту.Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 14 | Бір уыс мақта | Мақта туралы білімін арттыру Есте сақтау қаблетін дамыту Кез келген затты ысырап жасамай пайдаға жарту,,.<br>әрқашанда көмектесе білуді. | 1 |
| 15 | Күн, ай және әтеш | Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 16 | Құмырсқаның серуені | Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту. Адамгершілікке,үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 17 | Үш торай | Үш торай туралы білімдерін толықтыру.ой-өрісін, есте сақтау қабілетіндамыту.адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу | 1 |
| 18 | Жеті лақ | Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.<br>Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. | 1 |

**Күні: 02.09.2021ж Балапан тобы**
**Білім беру салалары:** Вариативтік компанент
**Бөлімдері**: Ертегілер еліде
**Тақырыбы:** «Бақша ағаштары»
**Мақсаты:**
**Білімділік:**ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.
**Дамытушылық:**сөздерді дұрыс айтып, өз ойларын жеткізе білу, сөздік қорын молайту тілін дамыту.
**Тәрбиелік:** ептілікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс**: түп-түзу, қисық
**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегі кейіпкерлері, ағаш суреттері .

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер жасап тұрады. |
| Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу | Тәрбиеші ертегілер елінен әдемі кітап<br>келгені туралы айтады.<br>Бұл кітапта бірнеше ертегілер жазылған<br>екен, мен сендерге «бақша ағаштары»<br>атты ертегі айтып беремін.<br>Ертеде жаздың әдемі бір күнінде<br>Таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып,екеуі де егілген ағаштары мен гүлдерін көріп жүреді. | Балалардың назары кітапқа ауады.<br><br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, мазмұнын түсінуге тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексия-түзету жұмыстары коррекция | -Баласы әке мынау ағаш тіп-тік әдемі, ал<br><br>мына ағаш қисық біткен деп сұрады.<br><br>-Әкесі балам оның себебі мыныда деді: түзу ағашты адамдар күтіп,қисық бұтақтары болса кесіп отырған,ал мына ағаш ешкімнің карауынсыз өзі қалай болса солай өскен деді.<br><br>-Баласы олай болса ағашты бағуда да көп мағына бар екен ғой деді.<br><br>-Әкесі иә, балам сен де осы өсіп келе жатқан жас ағаш сияқтысың, саған да күтім керек. Мен сенің қатеңді түзеп пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды тыңдап орнына келтіріп отырсаң, жақсы адам болып өсесің, егер бағусыз бетімен кетсең сенде мын ағаш сияқты қисық өсерсің депті. | Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге қайталайды<br><br>Жаңа сөздерді қайталап айтып, мағынасын түсінеді.<br><br>Балалар ойынға қызыға қатысып, ағаштардың жапырақтарын ажыратып сәйкестерін табады.<br><br>Балалар кейіпкерлерді сипаттайды,ертегі мазмұнын айтып береді.<br><br>Мақтауға риза болады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкентай бұталар<br>Биік болып өседі<br>**Сөздік жұмыс:** түп-түзу,қисық**.**<br><br><br>**Д\ойын** «Қай ағаштың жапырағы »<br><br>Мақсаты: Ағаштардың аттарын атап, жапырақтары бойынша ажырата білуге үйрету.<br><br><br><br>Біз бүгін не туралы айттық?<br>Ертегі қалай аталады?<br>Сендерге ертегі ұнады ма? | |

| | | |
|---|---|---|
| | Ертегі не жайында айтылған?<br><br>Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен?<br><br>Мына ағаш түп-түзу әдемі болса,ал мына ағаш неге қисық өскен екен?<br><br>Балаларды мадақтау. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі тыңдай, ондағы оқиғалардың өрбуін бақылай біледі, мағынасын түсінеді.

**Түсінігі бар**: адамдардың табиғатқа әсері жайында түсінігі бар.

**Орындай алады:** ертегі мазмұнын әңгімелеп айта алады

**Күні: 09 .09 .21 ж**

**тобы: Балапан**

**Білім беру салалары:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Тіл дамыту, Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Бақша ағаштары»

**Мақсаты:**

**Білімділік:**ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

**Дамытушылық:** сөздерді дұрыс айтып, өз ойларын жеткізе білу, сөздік қорын молайту тілін дамыту.

**Тәрбиелік:**ептілікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:**түп-түзу,қисық

**Қолданылатын көрнекіліктер**:ертегі кейіпкерлері,ағаш суреттері

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер жасап тұрады. |
| Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу | Тәрбиеші мен сендерге өткен сабақта «бақша ағштары» атты ертегі айтып бергенмін.<br>Тәрбиеші балаларды ойландыру мақсатында қисық өскен ағаш<br>қасына күтуші бағбанды қояды,<br>ал түзу ағаш өзі өсіп тұрады.<br>Тәрбиеші балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын көрсете алуға үйретеді.<br>Тәрбиеші: «Мен ертегі айтамын, ал сендер кейіпкерлерді көрсетіңдер».<br>Тәрбиеші ертегіні оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан Әкесінің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды. Ертегіні ойнау барысында балалардан кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді, талап етеді.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкентай бұталар<br>Биік болып өседі<br>Сөздік жұмыс: түп-түзу,қисық. | Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді ертегі желісі брйынша<br>орналастырады.<br><br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды,мазмұнын түсінуге тырысады.<br><br>Балалар ертегіні ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Д\ойын «өсімдікке не қажет?»**<br><br>**мақсаты:**ойлау қабілетін дамыту | Сергіту сәтінде мәтінді қайталап,қимылын көрсетеді<br><br>Жаңа сөздерді қайталап айтып, мағынасын түсінеді.<br><br>Балалар суреттің қателігін табады.<br><br>Балалар ойында ағаш әдемі өсу үшін неқажет<br><br>қасына қояды(су құй -ғыш ,күннің көзі, қай шы,тырма күрек) |
| Рефлексия-түзету жұмыстары коррекция | Біз бүгін не туралы айттық?<br><br>Ертегі қалай аталады?<br><br>Сендерге ертегі ұнады ма?<br><br>Ертегі не жайында айтылған?<br><br>Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен?<br><br>Мына ағаш түп-түзу әдемі болса,ал мына ағаш неге қисық өскен екен?<br><br>Балаларды мақтау. | Балалар кейіпкерлерді сипаттайды,ертегі мазмұнын айтып береді.<br><br>Мақтауға риза болады. |

Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** Ертегі тыңдай, ондағы оқиғалардың өрбуін бақылай біледі,мағынасын түсінеді.

**Түсінігі бар:** адамдардың табиғатқа әсері жайында түсінігі бар.

**Орындай алады:** ертегі мазмұнын әңгімелеп айта алады.

**Күні: 16 .09. 21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру салалары:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Тіл дамыту, Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** Мақта қыз бен мысық (ертегіні әңгімелеу)

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балаларға мақта қыз бен мысық ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.

**Тәрбиелік:** Ертегі тыңдай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Қоржын, ертегі кітаптар, кейіпкерлер суреттері.

| Әрекетті ұйымдастыру | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | Тәрбиеші Ерден ата қонаққа келетінін хабарлайды. | Балалар қонақты қарсы алуға дайындалады. |
| Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу | Топқа Ерден ата келеді. Балалармен амандасады.<br>-Ерден ата балалар мен сендерге құр қол келген жоқпын,өзіммен бірге қоржынымды ала келдім. Мұнда көптеген суреттер бар және ертегі кітабым бар.<br>**Д/о « Таңдап ал ,да атын айт »**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін тани білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.<br>Ерден ата ертегіні әңгімелейді.<br>Баяғыда мақта қыз бен мысық дос болыпты. Мақта қыз жер сыпырып жүріп мейіз тауып алыпты да мысығын шақырыпты.<br>-Мысығым, мысығым бері келші дейді, мысығы келмейді. Біраз уақыт өткен соң мысық келеді.мақтақыз сен мені неге шақырдың дейді. Мақтақыз мен бір мейіз тауып алдым, сен келмеген соң өзім жеп қойдым дейді.<br>- Мысық мен саған ренжідім, қазір сенің қатығыңды төгемін дейді, де Мақтақыздың қатығын төге салады.Мақтақыз болса мысықтың құйрығын жұлып алады.Бір күні мысық мақтақызға келіп менің құйрығымды берші дейді.<br>- Мақтақыз сен менің қатығымды төле.<br>Мысық қатық сұрап сиырға келеді.Сиыр, сиыр сен маған қатық берші дейді.<br>-Сиыр менің қарыным аш,маған жапырақ әкеп бер дейді. Мысық не істерін білмей ағашқа барады.<br>- Ағаш, ағаш маған жапырақ берші дейді.Ағаш мен шөлдеп тұрмын маған су | Балалар ерден атаға қызығушылықпен таңдана қарап амандасады.<br>Балалар мақта қыз бен мысық ертегі кейіпкерлерін таңдап алады.<br>Балалар кілем үстіне жайғасып Ерден атаны мұқият тыңдайды.<br>Балалар мақта қыз бен мысықтың достық әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | керек.Су әкеліп берсең мен жапырақ беремін дейді.<br><br>Мысық су іздеп көшеге шығады.Алдынан қыздар шығады.Мысық қыздар, қыздар су беріңдерші дейді.Қыздар бізге сағыз әкеп берсен біз су береміз дейді. Мысық дүкенге келеді. Дүкеншіден сағыз сұрайды. Дүкенші мысықтан жұмыртқа сұрайды. Мысық тауыққа барады. Тауық тары сұрайды. Мысық амалы таусылып далада отырады.Кәнеки балалар мысыққа көмектесейік.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Пеш үстінде мысық отыр.<br><br>Екі көзін қысып отыр,<br><br>Тышқанның етін жегісі кеп.<br><br>Тісі қышып отыр.<br><br>Бір мезетте бір тышқан қасынан өтіп бара жатады, мысық ұстап алып үйіңде не бар дейді. Мысықтан қорыққан тышқан бір уыс тарым бар соны берейін жемеші мені дейді. Мысық тез тарыңды алып кел дейді. Тышқан жүгіріп тарыны әкеледі. Мысық тарыны тауыққа береді. Тауық жұмыртқасын береді. Жұмыртқаны алып дүкеншіге келеді. Дүкенші сағыз береді. Сағызды алып қыздарға келеді. Қыздар су береді. Мысық суды алып ағашқа келеді. Ағаш жапырақтарын береді. Мысық жапырақты алып сиырға береді. Сиыр қатығын береді.Мысық қатықты алып Мақтақызға келеді. Мақтақыз мысықтың құйрығын жалғап береді. Сөйтіп мақтақыз бен мысық татауласып қайтадан тауту-тәтті өмір кешіпті.<br><br>**Д\о «Кім не істеді»**<br><br>**Мақсаты:** ертегі желісі бойынша әңгімелеу. | Балалар сергіту сәтін орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалар ертегіден түсінгендерін қысқаша әңгімелейді. |
| Рефлексия- түзету жұмыстары. | Балалар бүгін қандай ертегімен таныстық? Қандай кейіпкерлер ұнады. | Балалар қандай ертегі-мен танысқанда-рын. Қандай кейіпкер-лер болғанын баяндайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі кейіпкерлерін біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлерінің қимыл –әрекеттері, мінезі жайлы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ертегіні қысқаша әңгімелейді.

**Күні: 23. 09 .21ж.**

**Балапан тобы**

**Білім беру салалары:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Тіл дамыту, Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** Мақта қыз бен мысық (ертегіні сахналау)

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балаларға мақта қыз бен мысық ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.

**Тәрбиелік:** Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің маскалары.

| Әрекетті ұйымдастыру | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | Ертегілер еліне саяхатқа баратынын тәрбиеші хабарлайды. | Балалар ертегілер еліне саяхатқа дайындалады. |
| Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу | Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездьға отырайық.<br>Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлері бар екен.<br>Осы кейіпкерлердің ішінен мақта қыз бен мысық ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық<br>Д/о « Таңдап ал,да атын айт »<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін тани білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.<br>-Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер.<br>Тәрбиеші ертегіні айта бастайды.<br>Баяғыда мақта қыз бен мысық дос болыпты.Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгәмелейді. Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлықын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын<br>дұрыс жеткізе білуге үйретеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Менің атым балақан.<br>Сенің атың балапан,<br>Балапандар шоқиды.<br>Балапандар оқиды.<br>Д/о «Қай ертегінің кейіпкері»<br>Мақсаты: Ертегілердін кейіпкерлерін ажырата білу. | Балалар поездьға отырып саяхатқа барады.<br>Балалар мақта қыз бен мысық ертегі кейіпкерлерін таңдап алады.<br>Балалар мақта қыз бен мысықтың достық әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді.<br>Балалар балапанның қимылдарын келтіріп жаттығуды қайталап жасайды. |
| Рефлексия- түзету жұмыстары. | Балалар бүгін қайда саяхатқа бардық?<br>Қандай ертегіні әңгімеледік?<br>Қандай ертегі кейіпкерлері ұнады? | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі кейіпкерлерін біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлерінің қимыл –әрекеттері, мінезі жайлы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ертегі кейіпкерлерің рөлінде ойнай алады.

**Күні: 30.09.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру салалары:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Тіл дамыту, Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Күшік пен мысық»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Ертегіні мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету.

**Дамытушылық:** сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегі кейіпкерлерінің суреті.

| **Тәсілдері, кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ынталандырушы, оятушы** | Тәрбиеші балаларға күшіктің қонаққа келетінін хабарлайды. | Балалар қонақ келетініне қуанады. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Балалар бізге күшік қонаққа келіпті. Ол өзі жайлы ертегіні білгісі келеді екен. Ендеше күшікке бізбен бірге отыр дейміз.<br>- Күшік пен мысық қайда мекендейді?<br>- Күшік не жейді?<br>- Мысық не жейді?<br>- Күшік қалай дыбыстайды?<br>- Мысық қалай дыбыстайды?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балалар бағында,<br>Тұрамыз өте көңілді.<br>Көп болсақ та достықпен,<br>Өткіземіз өмірді.<br>Достықпен, достықпен,<br>Өткіземіз өмірді.<br>Тәрбиеші балаларға «күшік пен мысық» ертегісін мәнерлеп оқып береді.<br>Қарны ашқан күшік тауда қаңғырып жүрсе , қасқыр жүгіріп келіп:<br>- Ей, күшік, мен сені жеймін!- депті.<br>- Қой, көкешім, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің,- депті күшік.<br>Қасқыр:- Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай ере бер,-депті.<br>Екеуі бірге келе жатып, бір топ сиырды көріпті. Қасқыр өзінің жолдасына қарап:<br>- Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен?<br>- Сенің көзің шоқтай қызарып жайнаған , екі құлағың жылмиған аузың арандай ашылған , құйрығың артқы екі аяғыңның арасына қыстырылып , жас шыбықтай болып майысқан-депті күшік.<br>- Мен не қылар екем, соны қара,-депті де қасқыр шапшып барып , бір бұзаудың тамағына жабысып, өлтіреді.<br>-Мен тойдым, сенің етіңді жемеймін. Қош бол!-депті.<br>Күшік бұзаудың етін жеп үш күн жатыпты.Ақырында іші пысқан соң , жортуға шыққан екен, бір аш мысыққа кезігіпті. | Балалар қонақты қарсы алады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар сергіту сәтін қимыл-қозғалыс арқылы жасап көрсетеді.<br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | -Ей мен сені жеймін!- деген екен күшік.<br>- Қой, күшеке, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің,- депті мысық.<br>-Жарайды!Менімен бірге еріп жүр, -депті күшік. Біраздан соң бұлар бір топ түйеге келіпті.Күшік:<br>-Мысық! Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай екен?-депті.<br>-Несін айтасың! Сенің көздерің бозарып тұр, құлақтарың салпайып тұр, тілің салақтап, аузың аңқайып тұр, құйрығың салбаңдап тұр,-депті мысық.<br>Сонда бұған күшік:<br>- Енді мен не қылар екенмін, көр!-депті.<br>Күшік жүгіріп барып, түйенің аяғын тістейін дегенде, түйе мұны дәлдеп тұрып, басқа теуіп қалыпты, күшік сол жерде сеспей қатыпты.Сонда мысық айтыпты:<br>-Ей, мақтаншақ!Сен әліңе қарамай, қиын іске колыңды созасың! Сенің етіңді мен жеймін!-депті.<br><br>**д\о «Қайсысы қалай дыбыстайды»**<br><br>мақсаты: ертегі желісі бойынша кейіпкерлердің дауыс ырғаын келтіру. | Балалар ертегі кейіпкерлерінің дыбыстарын келтіреді.<br><br>-Мысық мияу-мияу.<br><br>-Бұзау мө-мө-мө. Деп дыбыстайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивті түзету жұмыстары коррекция** | -Балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?<br>-Күшікті неге мақтаншақ деп айтты?<br>-Сендерге ертегі ұнады ма? | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Ертегіні тыңдай біледі, мазмұнын түсініп, кейіпкерлерді сипаттай алады.

**Түсінігі бар:** Күшік, мысық –үй жануары, қасқыр – жабайы жануар екендігі жайлы, үй жануарларына деген қамқорлық, мейірімділік туралы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ертегінің қысқаша мазмұнын айта алады. Тәрбиеші тарапынан қойылған сұрақтарға жауап бере алады.

**Күні: 07.10.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру салалары:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Тіл дамыту, Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Күшік пен мысық» ертегісі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балалар ертегінің қарапайым модельдерін құруды үйренеді.

**Дамытушылық:** Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту және ойлау қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің суреті, шапкалары.

| **Тәсілдері, кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларға ойын ойнайтынын хабарлайды. | Балалар ойын ойнауға дайындалады. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларға сұрақ қоя отырып «Күшік пен мысық» ертегісінің мазмұнын сұрайды.<br>-Балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?<br>-Күшікті неге мақтаншақ деп айтты?<br>-Сендерге ертегі ұнады ма?<br>**Д/о:** «Ретімен орналастыр»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін қою арқылы ертегі мазмұнын айтуға үйрету. Тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. Тәрбиеші жүргізуші рөлін | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Ойынды қызуғышылықпен ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалайды. | Кейіпкерлер дауыс ырғағын сала отырып ойнайды. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары** | Балаларға ерттегі жөнінде сұрақтар қойылады. Балалардың жетістіктерін бағалап, мадақтау. | Балалар сұрақтарға жауап береді.Баланың көңіл- күйі көтеріледі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Балалар ертегінің мазмұнын біледі.

**Түсінігі бар:** Күшік, мысық, қасқыр, түйе жайлы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ойындарға қатысып , сұрақтарға жауап береді.

**Күні: 14. 10. 21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру салалары:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Тіл дамыту, Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Түлкі мен тырна» ертегісі (оқу, талдау)

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Айтылған ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағына келтіре отырып, дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Дамытушылық:** Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту.

**Тәрбиелік:** Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** түлкі, тырна, ертегі желісі бойынша суреттер.

| **Тәсілдері, кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларға саяхатқа шығатындарын хабарлайды. | Балалар саяхатқа дайындалады. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларға ертегілер әлеміне ұшатын кілеммен баратындарын айтып, кілеммен ертегілер еліне келеді.<br>Жұмбақ жасыру | Балалар ертегілер еліне кілеммен ұшатындарына қуанады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Д\о « Кім тапқыр»<br>Мақсаты: Балалардың жылдамдығын тапқырлығын анықтау, ой-өрісін дамыту.<br>Өзі қу, жүрген жері айғай да шу.<br>Ол не ? ( Түлкі)<br>Жұмбақтың жауабы шешілген кезде сиқырлы сандықтан кітапты алып шығады<br>Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін мәнерлеп бірнеше рет оқып береді.<br>- Ертегі қалай аталады?<br>- Ертегі қандай сөздермен басталады?<br>- Тырна не деп айтты?<br>- Ал түлкі қалай жауып береді?<br>- Тырна құтылатын қандай амал табады?<br>-Ертегі қалай аяқталды?<br>**Сергіту сәті:**<br>“Түлкі, түлкі түлкішек”<br>Жаңа сөздер: амал-шешім, құтылу-қашып кету, шыбық салыпты- соқты.<br>Балаларға сөздердің мағыналары түсіндіріледі.<br>**Мақал жаттаймыз:**<br>“Алпыс амал түлкіде, алпыс екі амал адамда”<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Әрекетерін ата»<br>Мақсаты: Балаларды суретті қарай отырып істеген әрекеттері бойынша әңгіме құрату. | Балалар тәрбиешінің айтқан жұмбағын шешеді.<br>Балалардың назары сандықтан шыққан кітапқа ауады.<br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар ертегі желісі бойынша жетектеуші сұрақтар арқылы ертегіні айтып шығады.<br>Балалар тәрбиешімен бірге қимылдарын келтіре отырып сергіу жаттығуларын жасайды.<br>Балалар қайталап айтады.<br>Балалар мақалды бірнеше рет қайталап жаттайды.<br>Балалар үстел үстіне суретті алып ондағы, қимыл әрекеттері бойнша әңгіме құрайды.<br>Мысалы: Түлкі жүгіріп келе жатыр.<br>Тырна ұшып келеді. Тырна апанға кіреді.<br>Адам інді қазады. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | Сурет бойынша әңгіме құрастыру , оларды сипаттау.<br>Түлкі суреті қандай?<br>Тырна суреті қандай?<br>Балалардың жетістігін әңгімелеу. | Түлкі қу, ақылды, батыл, әдемі, сұлу, түсі сарғыш. Ол орманда, далада өмір сүреді. Тырна ақылды, әдемі, түсі сұр. Балалар риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Балалар ертегі кейіпкерлерін біледі.

**Түсінігі бар:** Түлкі , тырна, апан, амал сөдері туралы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Ойындарға қатысып, сұрақтарға жауап береді.

**Күні: 21. 10. 21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру салалары:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Тіл дамыту, Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Түлкі мен тырна» ертегісі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балаларды ертегі желісі бойынша айтып бере алуға, сақналай білуге үйрету

**Дамытушылық:** Балалардың тілдік белсенділіктерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** түлкі, тырна, апан, құтылады, амал табу.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегі кейіпкерлерінің суреттері, ертегі желісі бойынша суреттер.

| **Тәсілдері, кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларға балабақшаға келе жатқанда сиқырлы қобдиша тауып алғанын айтады. | Балалар сиқырлы қобдишаға қызыға қарайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Сиқырлы қобдишаның ішінде «Түлкі мен тырна» ертегісі желісі бойынша суреттер . Тәрбиеші балаларға<br><br>Балалар мынау қандай ертегі.<br><br>Оның кейіпкерлерін ата?<br><br>Ертегі не жайлы?<br><br>Түлкі мен тарна адамнан қалай құтылады?<br><br>Д/о "Дұрыс орналастыр"<br><br>Мақсаты: Ертегіні желісі бойынша орналастыра білуге үйрету.<br><br>Сергіту сәті: «Шымыршық»<br><br>Шымыршық, шымыршық ата қалай жүреді?<br><br>Шымыршық, шымыршық апа қалай жүреді?<br><br>Шымыршық, шымыршық қыздар қалай жүреді?<br><br>Шымыршық, шымыршық күшік қалай үреді?<br><br>Шымыршық, шымыршық мысық қалай жуынады?<br><br>Шымыршық, шымыршық тышқан қалай дыбыстайды?<br><br>**Ертегіні сахналау.** Тәрбиеші ертегіні меңгерген үш балаға бір-бір кейіпкер ролін тандап оны ойнауын ұсынады. Балаларға тос белгілерді алады. Ертігіні ойнауда ең маныздысы кейіпкерлердің интонациясы, дауыс ырғағы. Тәрбиеші мәтінді (автор) оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шағуын қадағалайды.<br><br>**Сөздік жұмыс:** түлкі, тырна, апан, құтылады, амал табу.<br><br>Д/о "Кейіпкерлерді ата"<br><br>Барасы: Балалар суреттегі кейіпкерлерді атау керек. | Балалардың назары тәрбиешінің басындағы қобдишаға ауады.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап беребі.<br><br>Балалар суреттерді ертегі желісі бойынша орналастырады.<br><br>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп мәтінін қайталайды<br><br>Балалар тос белгілерін мойынға тағып, рөлді ойнауға дайындалады.<br><br>Балалар ертегі желісі бойынша тәрбиеші көмегімен ертегіні сақналайды<br><br>Балалар бұл сөздерді қалай түсінесіңдер?<br><br>Балалар ертегі кейіпкелерін ажыратып, дұрыс орнатуға тырысады. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қойылады.<br><br>Балалардың жемісін мақтау, мадақтау. | Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Балалар мақтау алғандарына риза болады. |

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі:** Балалар ертегінің қалай аталатынын және ертегі желісі бойынша қандай кейіпкерлер ойнайтынын біледі.

**Түсінігі бар:** Балалар «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлері сияқты тату және бір біріне көмек көрсету керектігін түсінеді.

**Орындай алады:** Ертегі желісін және мазмұнын айта алады, сұрақтарға толық жауап бере алады.

**Күні:28.10.21ж**
**Балапан тобы**
**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта
**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.
**Тақырыбы :** Қызыл телпек
**Мақсаты:**
**Білімділік:** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.
**Дамытушылық:** Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту.
**Тәрбиелік:** Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.
**Көрнекіліктер:** Ертегі кітап , ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бір-біріне әдемі тілектер айтуды ұсынады. | Балалар шеңберге тұрып достарына әдемі тілектерін айтады. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларды шеңбер бойымен кілемшеге жайғасып отыруларын сұрайды.<br>-Балалар бізге ертегілер әлемінен "**Ғажайып қоржын**" беріп жіберіпті<br>Қоржынды ашайық не бар екенін көрейік.<br>-Балалар бізге ертегі кейіпкерлерінің суретін беріп жіберіпті.<br>Сендер ойын ойнағыларың келеме?<br>Д\ойын :"**Кейіпкерлерді ата**"<br>Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерінің атын атауға,дұрыс орналастыруға дағдыландыру.<br>-Сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар?<br>-Мен бүгін "**Қызыл телпек**" ертегісін оқып берейін зер салып,мұхият тыңдаңдар.<br>Тәрбиеші ертегіні оқып бергенсоң балалармен бірнеше қайтара қайталап,сұрақтар қойып ертегі кейіпкерлерін көрсете отырып түсіндіреді.Балаларға ертегі кейіпкерлерінің суретін беріп ертегі желісімен орналастыруды тапсырады. | Балалар кілемге отырып тәрбиеші апайларына назар аударады.<br>Балалар қоржынға қуана назар аударады.<br>Балалар ойынды қызыға ойнап кейіпкерлерді апайды.<br>Балалар ертегіні мұхият тыңдайды.<br>Балалар ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерді ертегі желісімен орналастырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | Тәрбиеші сабақ соңында балалармен бір ойын ойнауды ұсынады.<br>Ертегі желісін өзгертіп кейіпкерлерді орналастырады.<br>Ертегілердің кейіпкерлерін жасырып қай кейіпкер жоғын тапқызады.<br>Тәрбиеші балалардың бүгінгі жетістігіне мақтау айтып мадақтайды. | Балалар ойын барысында ертегінің дұрыс орналаспағанын тауып,<br>жасырынған кейіпкерді атайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Ертегінің мазмұнын түсіне алады.

**Түсінігі бар:** Ойлау қабілеттері қалыптасқан.

**Күні: 28.10.21ж**
**Балапан тобы**
**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта
**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.
**Тақырыбы :** Қызыл телпек ертегісін сахналау.
**Мақсаты:**
**Білімділік:** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.
**Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын молайту. Сахналау арқылы тіл байлығын дамыту.
**Тәрбиелік:** Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру
**Көрнекіліктер:**Ертегі кітап , ертегі кейіпкерлерінің маскасы.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бүгінгі күнге тілектер айтуды ұсынады. | Балалар шеңберге тұрып бүгінгі күнге сәттілік тілейді. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.<br><br>-тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді.Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік.<br><br>-Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші.<br><br>-Апаны қасқыр жеп кетіп,аңшылар көмектесетін қай ертегі?<br><br>-Қызыл телпекті анасы қайда жұмсайды?<br><br>-Қызыл телпекке не кездеседі?<br><br>-Жақсы балалар енді сендер ертегі кейіпкерлеріне бөлініп ойнайық.<br><br>Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын,дауыс ырғағын,дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады.Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды.<br><br>Айжан қуыршақ балаларға риза болып сыйлығын беріп қоштасып қайтады | Балалар қонақты қарсы алады.<br><br>Ертегіні сахалауға дайындалады.<br><br>Балалар ертегілерді атайды.<br><br>-Қызыл телпек ертегісі.<br><br>-Анасы көрші ауылдағы әжесіне бәліш апарып кел деп жұмсайды.<br><br>-Қасқыр кездеседі.<br><br>Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды.<br><br>Ертегіні сахналайды<br><br>Балалар қуыршақтың сыйлығына қуанып,қоштасады. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | Д\ ойын: "**Жалғасын тап**"<br><br>м\ы: балалардың ойлауын,тілін дамыту.<br><br>Тәрбиеші ертегіден үзінді айтады балалар қай ертегіден және жалғасын айтады.<br><br>Мысалы. Ата мен апа болыпты.Ата бір күні кемпіріне бауырсақ пысыруды тапсырады.<br><br>Тәрбиеші балалардан қонаққа кім келгенін,не өтінішпен келгенін сұрайды.Балаларды сабаққа жақсы қатысқандарына мақтау айтады. | Балалар ойынды қызыға ойнайды.Жалғасын айтаджы.<br><br>-Бауырсақ ертегісі. Апа үйде ұн жоқ деп айтады.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап береді.Мақтауға қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Ертегінің мазмұнын түсіне алады.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері жөнінде түсініктері бар.

**Орындай біледі:** Ертегіні сахналай алады.

**Күні: 04.11.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы:** «Дос іздеген бота»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту

**Дамытушылық:** Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу

**Тәрбиелік:** жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер**: Ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Топқа қонаққа бота келеді. Балалармен амандасады | Балалар ботамен амандасады |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Мұнда қандай әдемі балалар жиналған.<br>Ол балаларға өзіне дос іздеп жүргенін айтып, көмек сұрайды.<br>Тәрбиеші балалардың назарын ботаның әдемілігіне аударады, ол туралы көптеген ертегілердің бар екенін айтады.<br>Бүгін сендер балалар «Дос іздеген бота"атты ертегімен танысасыңдар.<br>Сабақ барысында балалар ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйренеді.<br>Тәрбиеші балаларға «Мен қазір ертегіні оқимын, сендер сәйкес суреттерді көтересіңдер» дейді.<br>Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді көрсетеді.<br>Егер бала қателессе, тәрбиеші оқуын тоқтатып, олармен эпизодтың мазмұнын талдайды, сәйкес суретті көрсетеді. Одан кейін тәрбиеші балалардан суреттерді ертегі желісі бойынша орналастыруларын сұрайды.<br>Балалар тапсырманы орындап болғаннан кейін, тәрбиеші ертегіні тағы да оқиды, балалар сәйкес суреттерді тағыда көтереді. ( және үлкендерге көрсетеді).<br>Сабақ соңында тәрбиеші мынадай ойын ұсынады.<br>Ол суреттерді әдейі қате орналастырады да, балалардан «қай сурет өз орнында тұрған жоқ» - деп сұрайды. Одан кейін ойынды қиындатады.<br>Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды. | Балалар ботаға қарап қызығады.<br>Тәрбиешінің бота туралы әңгімесін тыңдайды.<br>Балалардың назары тәрбиешіге ауады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Бұндай тапсырмалар балалардың сюжетті ашу тізбегін және кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай орналастыруды түсінуіне үйретеді. | Балалар ойынды қызыға ойнайды<br><br>балалардан «қай сурет жетіспей тұрғанын айтады. кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай орналастырады. |
| **Рефлекция , түзету жұмыстары** | **Сұрақ жауап.**<br>• Ертегі қалай аталады?<br>• Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>• Ботаға өзіне дос табуын кім айтты?<br>• Бота ең бірінші дос болайық деп кімге барды?<br>• Бота өзіне дос таба алды ма?<br>• Ертегі немен аяқталды?<br>Балаларды марапаттау. | Қойылған сұрақтарға жауап береді<br><br>Марапат алған балалар қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Бота мен оның достарын сипаттай алады.

**Орындай алады:** Ертегінің кейіпкерлерін ажырата алады.

**Түсінігі бар:** Ертегі қандай болатындығы, достық жайлы түсінігі бар.

**Күні 11.11.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы:** «Дос іздеген бота» ертегісін сахналау

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балалардың бота мен оның достары туралы түсініктерін қалыптастыру

**Дамытушылық:** ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелік:** жануарларды қорғауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер**: ертегі кітап, кейіпкерлердің суреттері, медальдар

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларды жылулық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер құрып тұрады |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.<br><br>-тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді.Біз бүгін қонағымызға ертегіні саханалап берейік.<br><br>-Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші.<br><br>Жақсы балалар енді сендер ертегі кейіпкерлеріне бөлініп ойнайық.<br><br>Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын,дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады. Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды.<br><br>"**Жалғасын тап**"<br><br>м\ы: балалардың ойлауын,тілін дамыту.<br><br>Тәрбиеші ертегіден үзінді айтады балалар қай ертегіден және жалғасын айтады. | Балалар қонақты қарсы алады.<br><br>Ертегіні сахалауға дайындалады.<br><br>Балалар ертегілерді атайды.<br><br>Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды.<br><br>Ертегіні сахналайды<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. Жалғасын айтады |
| **Рефлекция , түзету жұмыстары** | Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды<br>• Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>• Ертегі қызықты болдыма?<br>• Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер.<br><br>Белсенді қатысқан балалар мадақталады | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Бота мен оның достары жөнінде біледі

**Орындай алады:** Ертегінің кейіпкерлерін ажырата алады.

**Түсінігі бар:** Ертегіні сахналай алады.

**Күні: 18.11.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы:** «Алтын балта»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балаларға «алтын балта» ертегісі жайлы мағұлмат беріп, білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** Ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ертегіні жандандырып, создік қорын арттыру.

**Тәрбиелік:** Ертегіні мұқият тыңдауға, түсінгендерін айтуға үйрету.

Қолданылатын көрнекілік: Ертегі кейіпкерлерінің суреті, конустық театр.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші қонаққа Айгүл қуыршақтың келгенін хабарлайды. | Балалар қонақты қарсы алып, амандасады. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру жқмыстары | Балалар қараңдаршы Айгүл қуыршақ бізге сыйқырлы сандық әкеліпті.<br>- Қанекей бұл сандықтың ішінде не бар екенін көрейікші.<br>Д\О «Ертегі кейіпкерлерін ата?»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін табады.<br>- Мынау не?<br>-Балта не үшін керек?<br>- Ендеше балалар қазір мен сендерге «Алтын балта» ертегісін оқып берейін.<br>Баяғыда бір кедей болыпты. Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты. Біраз отын шауып бола берген кезде, кедейдің балтасының басы ұшып кетіп, қасындағы диірмен тасын айналдырып жатқан суға барып түсіпті.<br>Кедей диірменші шалға келіп, балтамды алып бер жалынады. Шал диірменін тоқтатып, суға қолын тығып жібереді де, бір алтын басты балтаны алып шығады.<br>-Мынау ма балтаң?-дейді шал.<br>-Жоқ бұл емес дейді кедей.<br>-Шал суға екінші рет қолын малып жіберіп, күміс басты балтаны алып шығады да: -Мынау ма балтаң?-дейді тағы да кедейге. Бұл да емес. Диірменші үшінші рет қолын суға малғанда, қара темір балта ілігеді. Сол кезде ғана кедей: Е, міне мынау менің балтам!-деп оған қолын соза бергенде, диірменші шал оны тоқтатып .<br>Шырағым дүние қоңыз емес ақ пейіл адал жан екенсін. Сол үшін менен мына балтаны сыйға ал. Оныг сен сияқты кедейге тигізер пайдасы көп. Осы балта қолында тұрғанда, күнкөрісің түзелер, тез арада-ақ ел қатарына қосыларсың,-деп оған алтын балтаны береді.<br>- Кедей бұл балтаны үйге әкелген күннен бастап, құлшына еңбек етеді. Алтын балта сиқырлы балта екен, кедей отынды да өндірте жарады. Сөйтіп ісі оңға басады үйге береке кіреді. Мұны көрші бай да байқап қалады. Бір күні ол кедейден мұның сырын сұрайды. Кедей жасырмай барлық болған оқиғаны айтып береді. Енді баяғы кедейге бере тұрған қара балтасын ала салып, бай да отынға келеді. Ол отында шабаршаппас-<br>тан, шыдамай, балтасын диірмен суына лақтырып жібереді де, алып бер деп диірменші шалға келеді. Шал судан алтын басты балтаны алып шығады. | Балалардың назары сыйқырлы сандықта.<br>Балалар ертегі кейіпкерлерін табады.<br>Балта.<br>Отын жару үшін керек.<br>Балалардың назары Айгүл қуыршақ пен тәрбиешіде болады.<br>Балалар тәрбиеші айтқан ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар тәрбиешінің айтқан ертегідегі |

| | | |
|---|---|---|
| | Сол -ақ екен бай:<br>- Менің балтам!- деп тұра ұмтылады.<br>Бірақ диірменші шал оны кеудесінен итеріп, тоқтатады да:<br>- Қоя тұр, құлқыны тоймаған қу неме!<br>Міне, сенің балтан,- деп байға өзінің темір балтасын алып береді. Бай амалы құрып, үйіне қайтады. Еңбегімен күнелткен кедейді күндеп көре алмай, ішқұса болған бай шаруасына да жөндеп қарай алмапты. Тұрмысының да берекесі кетіпті. Сары ауыру боп ақырында бай өліп тыныпты.<br>Д/О «Қай кейіпкер артық»<br>Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін арттыру | кейіпкерлерді естеріне сақтауға тырысады.<br><br>Балалар тәрбиешімен бірге ойынды қызыға ойнайды. Ертегіде кездескен кейіпкерлерді атайды. Ертегіде жоқ артық кейіпкерлерді атайды. |
| Рефлекция-түзетуші. | -Қонаққа кім келді?<br>-Қандай ертегі тыңдадық?<br>-Қай кейіпкердің әрекеті ұнады?<br>-Қонақпен қоштасу<br>-Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Балалар балта жайлы біледі.

**Түсінігі бар:** Балалар «Алтын балта» ертегісі жайлы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Балалар ертегіні жандандыра алады.

**Күні: 25.11.21ж**

**Балапан тобы**
**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта
**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.
**Тақырыбы:** Алтын балта
**Мақсаты:**
**Білімділік:** Балаларға алтын балта ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.
**Дамытушылық:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-өимылдарын, көрсете алуға үйроету.
**Тәрбиелік:** Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

| Әрекетті ұйымдастыру | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | Ертегілер еліне саяхатқа баратынын тәрбиеші хабарлайды. | Балалар ертегілер еліне саяхатқа дайындалады. |
| | Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездьға отырайық.<br>Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлер бар екен.<br>Осы кейіпкерлердің ішінен алтын балта ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық.<br>Д/о « Таңдап ал да, тап»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін таба білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.<br>-Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер.<br>Тәрбиеші ертегіні айта бастайды.<br>Баяғыда бір кедей болыпты. Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгімелейді. Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлықын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді. | Балалар поездьға отырып саяхатқа барады.<br>Балалар алтын балта ертегі кейіпкерлерін тәрбиешімен бірігіп таңдап алады.<br>Балалар кедейдің байға барып, балтасын сұрау әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді. |
| Рефлекция-түзетуші. | Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен танысқандарын сұрап, кейіпкерлерді ататады. | Балалар қандай ертегімен танысқандықтары жөнінде баяндайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері жайлы түсінігі бар.

**Біледі:** Балалар балта жайлы біледі.

**Орындай алады:** Сұрақтарға жауап беріп, ертегіні баяндай алады.

**Күні: 02.12.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы:** «Мақтаншақ қоян» ертегісі (оқу, талдау)

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Оқу-іс әрекетінде « Мақтаншақ қоян» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту.

**Дамытушылық:** Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту.

**Тәрбиелік:** Достарымен тату болуға тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** «Мақтаншақ қоян» ертегісінің кітабы, ертегі кейіпкерлерінің суреттер, конустық театр.

| **Тәсілдері, кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларға хат тасушы апай біздің топқа «Мақтаншақ қоян» ертегісінін алып келгендігі туралы айтады. | Балалар тәрбиешінің қолында тұрған кітапты көріп қуанады. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | - Қоян туралы не білісіндер?<br>- Ол қандай жануар?<br>-Қоян туралы қандай тоқпақ, өлен білесіңдер?<br>- Қоян туралы тағы бір ертегі тыңдағыларын келе ме?<br>Тәрбиеші «Мақтаншақ қоян» ертегісін бірнеше рет оқып береді.<br>Ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды.<br>Қоян қалай мақтанады?<br>Бұл мақтанғаның кім естіп қояды?<br>Қарға не істейді?<br>Қоян қарғаға қалай көмек көрсетеді?<br>Сергіту сәті:<br>Көлбең, көлбең көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем. | Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар білген тақпақтарын айтып береді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Мұртым менің мойылдай, табандарым күректей, тістерім болат қанжардай-менешкімнен қорқпаймын.<br>Қарға.<br>Қарға қоянды іздеп жүріп, тауып алады.<br>Ол қарғаны иттерден құтқарады.<br>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қарға қалай жүреді,<br>Қарға былай жүреді.<br>Көлбең, көлбең көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Қоян қалай жүреді,<br>Қоян былай жүреді.<br>Дид/ойын: «Ертегіні құрастыр»<br>Мақсаты:<br>Ертегі кейіпкерлерін есте сақтау. Ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға үйрету. Тілдерін дамыту. Ертегіге деген қызығушылығын ояту. | Балалар ертегіні қызыға тыңдайды.<br><br>Балалар сергіту сәтін жасайды.<br><br>Балалар қызыға ойнайды. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | -Балалар бүгін сендер қандай ертегі тыңдадыңдар?<br>-Ертегі кейіпкерлерін атандар?<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау. | Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі:** Балалар ертегі мазмұның, желісін біледі.

**Түсінігі бар:** Балалардың ертегі жайлы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Балалар кейіпкерлерді ажыратып, сұрақтарға толығымен жауап бере алады.

**Күні: 09.12.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы:** «Мақтаншақ қоян» ертегісі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Оқу-іс әрекетінде « Мақтаншақ қоян» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып, мазмұндай білуге үйрету, ертегі желісі бойынша сақналауға үйрету

**Дамытушылық:** Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту.

**Тәрбиелік:** Достарымен тату болуға тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегісінің кітабы, ертегі кейіпкерлерінің суреттер, кейіпкердердің атрибуттары.

| **Тәсілдері, кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың**<br><br>**іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларға қонақ келетінін хабарлайды. Есікті қағып топқа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. | Балалар қонақты күтеді. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Сәлеметсіңдерме балалар.<br><br>Менің досым қоянды жоғалтып алдым.<br><br>Қасқыр: Қоян менде. Сендер досын жайлы маған тақпақ, өлең, ертегі айтып берсен мен оны қайтарамын.<br><br>Айша қуыршақ: Балалар маған көмектесесіңдер ме?<br><br>Қасқыр: - Балалар қоян туралы не білісіндер? -Ол қандай жануар?<br><br>-Қоян туралы тақпақ айтып беріндер<br><br>Қасқыр:Қандай өлен білесіңдер?<br><br>Қасқыр:Қоян туралы ертегі білесіңдер ма? Айтып беріндер.<br><br>Айша қуыршақ: Енді қоянымды жібер.<br><br>Қасқыр:<br><br>Маған ертегіні сахналап берсеңдер жіберемін.<br><br>Тәрбиеші: Балалар «Мақтаншақ қоян» ертегісін сахналап берейік.<br><br>Тәрбиеші көмегімен сахналайды.<br><br>Қасқыр: Жарайсындар балалар мен қоянды жіберім. (қасқыр шығып кетеді, қоян келеді)<br><br>Маған көмектескендеріне көп рахмет.<br><br>Сергіту сәті: «Қоян тұршы»<br><br>Д/о «Қай ертегінің кейіпкері» | Балдлалар амандасады. Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар білген тақпақтарын айтып береді.<br><br>Балалар қоян туралы тақпақ, өлеңдерін айтады.<br><br>Балалардын біреу ертегіні айтып, әңгімелеп береді.<br><br>Балалар ертегі кейіпкерлеріннің атрибуттарын киіп, сахналай бастайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Мақсаты: Ертегілердің кейіпкерлерін ажырата білу.<br>Айша қуыршақ пен қоян қоштасып, рахметтерін айтып кетеді. | Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды.<br>Балалар қызыға ойнайды. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | -Балалар сабаққа кім келді?<br>- Біз Айша қуыршаққа қалай көмек көрсеттік?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау. | Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі:** Балалар ертегі мазмұның, желісін біледі.

**Түсінігі бар:** Балалардың ертегі жайлы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Балалар кейіпкерлерді ажыратып, сұрақтарға толығымен жауап бере алады, сахналай біле

**Күні: 16.12.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы:** Түлкі мен ешкі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Ертегіні әңгімелеуге үйрету.

**Дамытушылық**: Балалардың тілін есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік**: балаларды қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер**:Конустық театр

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату,<br>түрткі болу | Тәрбиешіге балаларға сиқырлы сандық тауып алғанын көрсетеді. | Балалар сиқырлы сандыққа қызыға қарайды. |
| Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу | Балалар егер мына жұмбақты шешсеңдер,мына сиқырлы сандық ашылады. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Балаларға жұмбақ жасырылады<br>Сыр сандық ашылып ішінен түлкі мен ешкінің суреттері шығады.<br>-Балалар мынау ненің суретті?<br>Енді қазір мен сендерге түлкі мен ешкі ертегісімен таныстырады.<br>Бір күні түлкі келе жатып апанға түсіп кетеді,апаннан шыға алмай тұрғанда.бұны өтіпбара жатқан ешкі көреді: «-Әй,түлкі батыр онда неғып тұрсың?» «ой, неғыласың, қырда сусып жүр едім, бұл жер салқын,суыда тып-тынық екен»бұны естіген ешкі су ішейін деп апанға секіріп түскенде түлкі ешкінің үстіне сосын мүйізіне секіріп апаннан шығып өз жөніне кетеді.<br>Сергіту сәті:<br>Күн сияқты күлейік<br>Жел сияқты соғайық<br>Секіреміз аспанға<br>Отырамыз жерге<br>Д/о: «Үй жануарларын ажырат»<br>м\ты:үй жануарларын ажырата білуге үйрету. | Балалар жұмбақты шешеді<br>Балалар суреттерді атайды<br>Балалар сұраққа жауап береді.<br>Балалар ертегіні қызыға тыңдайды.<br>Сергіту сәтін қимыл-қозғалыс арқылы жасайды.<br>Балалар ойынды аса қызығушылықпен ойнайды. |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | -Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?<br>Ертегі сендерге ұнады ма?<br>Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды ,мадақтайды. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына толық жауап береді.<br>Балалар мақтауға риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі туралы біледі

**Түсінігі бар**: Түлкі мен ешкі ертегісі туралы түсініктері бар.

**Орындай алады**.сұрақтарға жауап бере алады.

**Күні: 23.12.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы:** Түлкі мен ешкі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Ертегіні әңгімелеуге үйрету.

**Дамытушылық**: Балалардың тілін есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік**: балаларды қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер**:Конустық театр

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату,<br>түрткі болу | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады. | Бір-біріне жылы лебіздерін айтады. |
| Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу | Бұл сабақта тәрбиеші ертегіні үлгі бойынша меңгерген балаларға бір кейіпкер ролін таңдап оны ойнауын ұсынады. Ролдарді анықтау үшін кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль)<br>Ертегіні ойнауда ең маңыздысы балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізу. Жүргізуші ролін атқаратын тәрбиеші мәтінді оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды.<br>Д/о: Қай сурет өз орнында тұрған жоқ.<br>Мақсаты: Сурет арқылы ертегі желісін есте сақтауын арттыру. | Балалар ролдарді анықтап кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль)<br>балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуге тырысады<br>Балалар ойынды аса қызығушылықпен ойнайды. |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | Балаларға бірнеше сұрақтар қойылады<br>Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды ,мадақтайды. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына толық жауап береді.<br>Балалар мақтауға риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі туралы біледі

**Түсінігі бар**: Түлкі мен ешкі ертегісі туралы түсініктері бар.

**Орындай алады**.Ертегіні сахналай алады

**Күні 30.12.21ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:**Қатынас, әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Әдеп

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Сабақ барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету.

**Дамытушылық:** ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелік:** Әдепті болуға үйрету.

**Сөздік жұмыс:**Әдеп, бай, кедей, әкім

**Көрнекіліктер**: сюджеттік суреттер

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Топқа қонаққа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады | Балалар қуыршақпен амандасады |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Мұнда қандай әдемі балалар жиналған.<br>Тәрбиеші балаларға Айша қуыршақ қызықты әңгімелер жинағын алып келіпті.<br>• Балалар сендер қызықты әңгіме тындағыларың келе ме?<br>Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсете отырып әңгімелейді.<br>**Әңгіме**<br>Әдеп.<br>Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем беріпті, Оған қарсы әлгі әкім оған да төменірек бас ұрып сәлем алады.<br>Қасындағы бай:<br>• Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз осы бір мұжыққа сонша бас ұрғаныңыз не?- деп айтыпты.<br>• Сонда әкім:<br>• Еш бір ілім үйренбеген мұжық сонша әдептілік көрсетті, мен онан әдепсіз қалайын ба деді,- дейді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз қандаймыз<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз<br>Еш уайымды білмейміз. | Балалардың назары қуыршаққа ауады. Әңгіме естігілері келетінің айтады.<br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап суретке назарларын аударады.<br>Әңгімені ынта қойып тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Д/О «көршіңді ата»**<br>Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін арттыру | Тәрбиешімен бірге жасау<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. |
| **Рефлекция , түзету жұмыстары** | Тәрбиеші балаларға бірнеше сұрақтар қояды<br>-Балалар әңгіме не туралы?<br>-Сендерге ұнады ма?<br>-Бай деген кім?<br>-Әдеп деген не?<br>-Әкім деген кім?<br>Балаларды мадақтау | Берілген сұрақтарға жауап береді.<br><br>Әдеп туралы білетін тақпақ, мақал-мәтелдерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әдепті болуды біледі

**Орындай алады:** Ертегіні жандандыра алады.

**Түсінігі бар:** Бай , кедей, әкім, әдеп туралы түсініктері бар.

**Күні : 14.01.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Әдеп

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Сабақ барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету.

**Дамытушылық:** ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелік:** Әдепті болуға үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Әдеп,бай, кедей, әкім

**Көрнекіліктер**: суреттер

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Топқа қонаққа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады | Балалар қуыршақпен амандасады |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Мұнда қандай әдемі балалар жиналған.<br>Тәрбиеші балаларға Айша қуыршақ тың әкелген қызықты әңгімелер жинағынан жақсы бір әңгімен танысқанбыз.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>• Әңгіме не туралы болып еді?<br>• Балалар әңгіме не туралы?<br>• Сендерге ұнады ма?<br>• Бай деген кім?<br>• Әдеп деген не?<br>• Әкім деген кім?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз қандаймыз<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз<br>Еш уайымды білмейміз.<br>**Д/О «көршіңді ата»**<br>Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін арттыру<br>Тәрбиеші балаларға әңгіме желісі бойынша рөлдерге бөлініп ойнауды ұсынады.<br>Тәрбиеші: «Мен әңгімені айтамын , ал сендер кейіпкерлерді көрсетіңдер».<br>Тәрбиеші әңгімені оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды. Әңгіме желісі барысында ойнау. балалардан кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді, талап етеді. | Балалардың назары тәрбиеші мен қуыршаққа ауады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Әдеп дегеніміз-үлкенді үлкен деп кішіні кіші деп сыпайылық көрсету.<br>Сергіту сәтін жасайды.<br>Ойында кейіпкерлерді ретімен орналастырады.<br>Балалар рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге тырысады.<br>Қалған балар кейіпкерлерге мұқият қарап, тыңдап отырады. |
| **Рефлекция , түзету жұмыстары** | **Сұрақ- жауап:**<br>• Әңгіме не турал? | Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді |

| | | |
|---|---|---|
| | • Неліктен әкім кедейден төмен иіліп сәлемін қабыл алды?<br>• Әкімнің істегені дұрыс па ?<br>• Рөлдерге бөліп ойнаған ұнады<br>ма?<br>Қуыршақ балалармен қоштасады. Үздік қатысқан балалар марапатталады. | Айжан қуыршақпен қоштасады.<br><br>Балалар қуанады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әдепті болуды біледі.

**Орындай алады:** Әңгімені рөлдерге бөліп сомдай алады.

**Түсінігі бар:** Бай , кедей, әкім, әдеп туралы түсініктері бар.

**Күні 21.01.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** «Тышқанның өсиеті»ертегісі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балаларға халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.

**дамытушылық**: Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту.

**тәрбиелік**: Адамгершілікке,үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.

**Жаңа сөздер:** ірімшік, қақпан.

**Қолданылған көрнекіліктер**: тышқанның, ірімшіктің, қақпанның суреттері.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату,<br>түрткі болу | Тәрбиеші балаларға топқа қонаққа Ата келгенін хабарлайды.<br>Балалармен амандасады. | Балалар қонақ келгеніне қуанады. Атамен амандасады. |
| Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу | Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сонау алыс ауылдан келдім, мен сендерге ертегі кітап ала келдім.<br>Тәрбиеші балаларға « Ата бізге ертегі кітап ала келіпті» мен сендерге сол кітаптың ішінен «Тышқанның өсиеті» атты ертегіні оқып берейін.<br>Тәрбиеші ертегіні оқып берген соң балалармен бірнеше қайтара қайталап,сұрақтар қойып ертегі кейіпкерлерін көрсете отырып түсіндіреді. Балаларға ертегі кейіпкерлерінің суретін беріп ертегі желісімен орналастыруды тапсырады.<br>***Сергіту сәті:***<br>Тышқан шықты інінен<br>Сағат неше болды деп<br>Тартып еді жібінен | Балалар атаның ертегі кітабына қызығушылық танытады.<br>Балалар ертегіні қызыға тыңдайды.<br>Балалар ертегі кейіпкерлерінің суретін ертегі желісімен орналастырады<br>Балалар тәрбиешімен бірге қимыл қозғалыс арқылы сергіту сәтін жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Бүкіл әлем дүрс етті<br>Тышқан қашты ініне<br>Д/о: «Ойлан тап»<br>Мақсаты:ойлау қабілет дамыту. | Ойынды аса қызығушылықпен ойнайды. |
| Рефлексия-түзету жұмыстары | -Балалар атай бізге қандай ертегі кітап ала келді?<br>-Ертегі ұнады ма?<br>-Ертегі кейіпкерлерін атаңдар?<br>Атай балаларға өз ризашылығын білдіріп.балалармен қоштасады.<br>Тәрбиеші сабаққа жақсы жауап берге балаларды мақтау,мадақтау. | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар қуанады.атамен қоштасады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі

**Түсінігі бар**: Үлкеннің сөзін тыңдау керек екенін түсінеді

**Орындай алады**.сұраққа толық жауап бере алады.

**Күні 28.01.22ж**
**Балапан тобы**
**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта
**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде
**Тақырыбы:** «Тышқанның өсиеті»жандандыру
**Мақсаты:**
**Білімділік.** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.
**Дамытушылық**: Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту.
**Тәрбиелік**: Адамгершілікке, үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.
**Жаңа сөздер:** ірімшік,қақпан.
**Қолданылған көрнекіліктер**: тышқанның, ірішік, қақпанның суреттері.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен таныСқандарын сұрайды. | Балалар ертегіні естеріне түсіреді. |
| Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу | Бұл сабақта тәрбиеші балалармен ертегі кейіпкерлерін алмастырушы заттармен алмастыру қаблеттеріне байланысты жұмыс жасалады.<br><br>Тәрбиеші балалрға ертегінің кейіпкерлері және олардың заттары бейнеленген карточкаларды көрсетеді.<br><br>Тәрбиеші әр кейіпкерге тиісті заттарды таңдап алуларын тапсырады.<br><br>Д/о: Қай зат дұрыс тұр?<br><br>Барысы: Тәрбиеші ертегіге байланысты бірнеше заттардың орнын ауыстырып қояды.<br><br>Тәрбиеші ертегіні үлгі бойынша меңгерген балаларға бір кейіпкер рөлін таңдап оны ойнауын ұсынады. Ролдарді анықтау үшін кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль)<br><br>Ертегіні ойнауда ең маңыздысы балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізу. Жүргізуші ролін атқаратын тәрбиеші мәтінді оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар карточкаларды ертегі желісі бойынша орналастырады.<br><br>Балалар заттарды ертегі желісі бойынша өз орнына қояды.<br><br>Балалар медальдарды алып рөлдерге бөлініп ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалар ертегі кейіпкерлерін баяндап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді атайды |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | Тәрбиеші қорытындылай келе, осы сабақта балалардың емін еркіндігін дамытады және жеке тұлға болуына жол бағыттайды. Жетекші сұрақтар қойылады<br><br>Тәрбиеші балалрдың ертегіні мұқият тыңдап кейіпкерлерді дұрыс орналастырғаны үшін мақтау, мадақтау. | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.

**Түсінігі бар**: Ертегі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады**. Ертегіні сахнай алады.

**Күні 03.02.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балаларды ертегі желісіне байланысты суретттерді орналастыруды үйрету.

**Дамытушылық:** Ертегі желісі туралы түсініктерірін артыру.

**Тәрбиелік:** Ертегі желісін түсініп тындай білуге тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің суреті

| **Әрект кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Балалар бүгін ерекше күн. Мен жолдан мына бір хатты тауып алдым. Ішінде ертегі кітап бар екен | Балалардың назары тәрбиешінің қолындағы хат пен ертегі кітапқа ауады. |
| Ұйымдастыру ізденіс жүргізу | Тәрбиеші балаларға «Үш аю» ертегісін оқып береді.<br>Ерте –ерте , ертеде Машенька деген қыз өмір сүріпті. Ол бір күні орманға саңырауқұлақ теруге барыпты. Машенка бір себет саңырауқұлақ теріп алып, үйіне қайтар кезде адасып кетеді. Ол орман ішінде көп жүрді. Бір кезде ол ескі ағаш үйді көреді. Есік ашық тұрған соң кіріп кетеді. Ол үйде үш аю тұрады екен. Әкесінің аты Михайло Иванович.<br>Ал екінші аю кішірек, оның аты Настасья Петровна. Үшінші ең кішкентай қонжығы, ол Мишутка екен.<br>Аюлар үйінде болған жоқ, олар орманға серуендеп кетіпті.<br>Үйдің ішінде екі бөлме бар екен. Ал Маша бірінші бөлмеге кіргенде, үш тостағанға салынған ботқаны көрді. Бірінші өте үлкен тостаған, Михаил Ивановичтікі, екншісі орташа, Настасия Петровнанікі, ал үшінші ыдыс Минутканікі еді. Әрбір тостағанның қасында қасық жатты: үлкен, корташа, кішкентай. Маша үлкен қасықты алып, үлкен тостағаннан жеді. Одан кейін ортаншы қасықты алып, ортаншы тостағаннан жеді. Сосын кішкентай қасықты алып, кішкентай тостағаннан жеді. Оған Мишутканың ботқасы бәрінен дәмдірек болып көрінді. Маша шаршап, отырғысы келді жанында орындықтар тұр екен: Бірінші өте үлкен орындық, Михаил Ивановичтікі, екншісі орташа, Настасия Петровнанікі, ал үшінші орындық Мишутканікі еді. Маша үш орындыққа да отырып көрді. Оған кішкентай орындықта өте ыңғайлы болды, ол тербетіле бастады.Орындық әрі-бері шайқалған сайын сықырлап жатты. Орындық | Балалар ертегіні мұқият тыңдап, Сәйкес суреттерді көрсетеді.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | ырғала –ырғала сынып қалды. Ал Маша еденге құлап түсті. Ол енді келесі бөлмеге өтті. Онда үш төсек тұр екен. Бірінші өте үлкен төсек, екіншісі орташа, ал үшінші төсек Мишутканікі еді.Маша үлкен төсекке жатып көрді тым кең екен, екіншісі тым биік болды, ал кішкентай төсекке жатып бір дәмді тәтті ұйқыға батты. Аюлар серуеннен оралып, үстелге отырды.<br><br>- Кім менің тостағанымдағы ботқаны жеген? – деп үлкен аю ақырды.<br><br>Аю – ана өзінің тостағанына қарап: -Кім менің тостағанымдағы ботқаны жеген? – деді. Мишутка өзінің бос тұрған ыдысын көріп:<br><br>• Менің тостағанымдағы ботқамды кім жеп қойған? – деп жылап жіберді.<br><br>Михаил Ивановичтің көзі орындығына түсті де,<br><br>• Менің орындығымды кім қозғады, біреу отырыпты ғой? - деп ақырды<br><br>Настасия Петровнада өз орындығын көріп:<br><br>• Менің орындығыма кім отырған? – деп күбірледі.<br><br>Қонжық өзінің тербетіліп ойнайтын орындығының сынып қалғанын көріп:<br><br>• Менің орындығыма кім отырды, кім сындарған? – деп жыламсырады.<br><br>Үш аю жатын бөлмеге кірді.<br><br>• Менің төсегіме кім жатқан, кім шашты? – деп Михаил Иванович ақырды.<br><br>• Кім менің төсегіме жатқан? – деп ана- аю шырылдады.<br><br>Ал Мишутка өз төсегінде жатқан қызды көріп, айғайлады:<br><br>• Мынау ғой! Ұстаңдар! Ұстаңдар! Ай-яй яй! Маша көзін ашып, аюларды көрдідеапыр топыр терезеден секіріп қаша жөнелді. Ал аюлар оған жете алмады. Маша тоғай арқылы жүгірген күйде үйіне жетті. Содан кейін Маша орманға жалғыз бармайтын болыпты.<br><br>Д/о: Қай сурет өз орнында тұрған жоқ.<br><br>Мақсаты: Сурет арқылы ертегі желісін есте сақтауын арттыру.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Қорбандаған аюдың, Құлпынайы көп екен | Балалар суретттерді ертегі желісі бойынша қадағалайды<br><br>Балалар суретттерді ертегі желісі бойынша жоқ суретті тауып өз орнына қояды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Теріп -теріп алайық, Себетімізге салайық. | Балалар сәйкес суреттерді дұрыс көрсеткені үшін, мақтаныш сезімі оянады.<br><br>Балалар сергіту сәтін қимылмен орындайды. |
| Рефлексия түзету: | Д/о: Қай сурет жетіспей тұр.<br>Мақсаты:Кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай оранластыруды үйрету.<br>Ертегі желісі бойынша бірнеше сұрақтар қояды. мақтау, мадақтау. | Ойын шарты бойынша Кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай оранластырады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертігі желісі туралы біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі желісі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Суреттерді орнына қоя алады.

**Күні 10.02.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі

**Мақсаты:**

**Білімділік:**Балаларды ертегі желісіне байланысты суретттерді орналастыруды үйрету.

**Дамытушылық:** Ертегі желісі туралы түсініктерірін артыру.

**Тәрбиелік:** Ертегі желісін түсініп тындай білуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:**

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің суреті

| **Әрект кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ынталандырушы,оятушы** | Тәрбиеші балаларға қонаққа Машаның келгенін хабарлайды | Балалар Машамен амандасады. |
| **Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен танысқандарын сұрайды.<br><br>Бұл сабақта тәрбиеші балалармен ертегі кейіпкерлерін алмастырушы заттармен алмастыру қаблеттеріне байланысты жұмыс жасалады.<br><br>Тәрбиеші балалрға ертегінің кейіпкерлері және олардың заттары бейнеленген карточкаларды көрсетеді.<br><br>Тәрбиеші әр кейіпкерге тиісті заттарды таңдап алуларын тапсырады.<br><br>Д/о: Қай зат дұрыс тұр?<br><br>Барысы: Тәрбиеші ертегіге байланысты бірнеше заттардың орнын ауыстырып қояды. Мысалы: Кішкене аюдың қасығын әке аюдың | Балалар ертегіні естеріне түсіреді.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар карточкаларды ертегі желісі бойынша орналастырады.<br><br>Балалар заттарды ертегі желісі бойынша өз орнына қояды.<br><br>Балалар медальдарды алып рөлдерге бөлініп ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | қасығымен ауыстырып қояды.<br>Тәрбиеші ертегіні үлгі бойынша меңгерген балаларға бір кейіпкер рөлін таңдап оны ойнауын ұсынады. Ролдарді анықтау үшін кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль)<br>Ертегіні ойнауда ең маңыздысы балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізу. Жүргізуші ролін атқаратын тәрбиеші мәтінді оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. | Балалар ертегі кейіпкерлерін баяндап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді атайды<br>Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады. |
| **Рефлексия түзету:** | Тәрбиеші қорытындылай келе, осы сабақта балалардың емін еркіндігін дамытады және жеке тұлға болуына жол бағыттайды. Жетекші сұрақтар қойылады<br>Тәрбиеші балалрдың ертегіні мұқият тыңдап кейіпкерлерді дұрыс орналастырғаны үшін мақтау, мадақтау. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертігі желісі туралы біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері туралы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Ертегі желісі бойынша сахналай алады.

**Күні: 17.02.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Мақтаншақ бақа

**Мақсаты:**

**білімділік**: Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету.

**дамытушылық**: Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. **тәрбиелік**: Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер**: суреттер

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларға қонаққа қуыршақ келетінін хабарлайды. | Балалар қуыршақтың қонаққа келетініне қуанады. |
| Ұйымдастыруізденіс жүргізу | Балалар қуыршақ өзімен бірге ертегі кітабын ала келіпті. Ол кітаптың ішінде «Мақтаншақ бақа» ертегісі бар екен.<br>-Балалар бақаны білеміз бе?<br>- Бақа қайда мекендейді?<br>- Бақаның түсі қандай болады?<br>- Бақа қандай дыбыс шығарады?<br>-Ендеше мен сендерге сол ертегіні оқып берейін.<br>Жаз айының жайма-шуақ күні еді. Айдын көл жағасын бір кесіртке мекен етіпті. Бір күні ол ұзақ ұйқысынан оянып, тас қауырсыннан шықты. Айналасына, күнге сүйсіне қарады. Тастың үстіне шығып, денесін қыздыра бастайды. Кенет көл суын шолпылдатып шашып жанына бақа келді. | Балалардың назары ертегі кітапқа ауады<br>Балалар бақа жайында өз білгендерін айтады.<br>Балалар ертегіні зейін қойып тыңдайды |

| | | |
|---|---|---|
| | -Су деген қандай тамаша! Шомылғың келе ме? Бірақ мен сияқты жүзе алмайтын шығарсың?-дйді мақтанып.<br><br>-Жүзе аламын. Су қазір суық қой. Мен жылыны жақсы көремін.<br><br>Жоқ , жүзе алмайсың. Сен судан қорқасың,-деп бақа жалпақ денесімен кесірткені суға итеріп жіберді. Кесіртке ашулы көздерімен бақаға бір қарап, судан шығады. Денесіндегі су тамшыларын сілкім тастап, ағаш басына шығып кетеді.Ал өзіне-өзі разы болған бақа: -Өй қорқақ, қашып кеттің ғой,-деп масаттанды. Осы кезде қарны ашқан бақа ұшып жүрген инелікті көріп, тыныштала қалды. Ал инелік еш нәрсені байқамайды. Мұны сырттай бақылап отырған кесіртке: -Инелік, кет бұл жерден! айтпесе, бақаға жем боларсың, - деп үн қатады. Кесірткенің сөзін естіген бақа ашуланып, өзінің ұзын тілін серпіп жібереді. Инелік ұшып кетеді. -Қап, бәлем, сені ме?-дейді де, бақа секең-секең етіп көлге күмп береді.біраздан кейін көл жағасын бойлай асықпай жылжып бара жатқан тасбақаны көрген бақа судан шығады да: -Тасбақа, мен сияқты секіре аласың ба? Кел, екеуміз жарысайық,-деп секеңдей бастайды. Тасбақа оған таңдана бір қарайды да өз жолымен кете барады. Бақаны сырттай бақылап отырған кесіртке «мырс» етіп күледі. Секеңдеп-секеңдеп шаршаған бақа шөп үстіне жата кетеді. Осы араға алқызыл әдемі көбелек ұшып келеді. Оны ұшып жүрген гүл ме деп те қаласың. Көбелекті көрген бақа: -Кесіртке, қарашы, мен қандай әдемімін. Осы маңда менен өткен сұлу жәндік бар ма?-деп сұрайды. Мұны естіген кесіртке тағы да «мырс» етіп күлді.Жата-жата әбден жалыққан бақаның енді іші пыса бастайды. Осы кезде тас арасынан жылжып жылан шығады. Екі айыр тілі оттай жалындап сумаң-сумаң етеді. Бақа оған жақындай түсіп: -Бәрібір де менің денем сенің денеңнен жылтыр, мен ....-дей бергені сол еді, кесіртке: -Қаш, жылан сені жұтып жібереді!-деп айғай салады. Шошып кеткен бақа артқа қарай ыршып түседі. Ал жылан бақаны құйрығымен салып қалып ініне барып бұтаққа ілінеді.Біраздан кейін бақа есін жиып, жан-жағына қарайды. Көршілес бұтақта ән салып отырған бозторғайды көреді. Әнін тыңдар-тыңдамастан баяғы мақтаншақтық әдетіне басып:<br><br>-Бозторғай, бәрібір мен сияқты ән шырқай алмайсың. Менің әнімді тыңда,-деп бар | |

| | | |
|---|---|---|
| | дауысымен бақылдай бастайды. Дауысы тарғылданып, айналаны шуға толтырып жібереді. Өн айтамын депкүшенгені сонша бұтақтан құлап түседі. Жақын маңайда жүрген тырна бақаның дауысын естіп, көл жағасына ұшып келеді. Бақаны өткір тырнақтарымен бүріп ала жөнеледі. Көкке көтеріп бара жатып, бозторғайға соқтығысады.Бақа көлге күмп етіп құлап түседі. Осының бәрін бақылап отырған кесіртке асықпай ағаш басынан жерге түсіп: -Тым көп мақтанып кетіп ең, -дейді де қуысына кіріп кетеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жапырақтай жайқалып,<br>Табиғатты сүйеміз.<br>Денемізді тік ұстап,<br>Билеп-билеп аламыз.<br>Д/ойын «Ретімен орналастыр» | Балалар шеңберге тұрып сергіту сәтін орындайдыСергіту сәтін тәрбиешімен бірге орындайды.<br>Балалар кейіпкерлерді ертегі желісі бойынша орналастырады |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | Балалар мен сендерге қандай ертегі оқып бердім?<br>-Бақаны неге мақтаншақ деп атады? | Мақтаншақ бақа жайында баяндайды. |

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі**: балалар мақтаншақ бақа ертегісін біледі.

**Түсінігі бар**: бақа, инелік, жылан, бозторғай, тасбақа, кесіртке жайында түсінігі бар.

**Орындай алады**: Кейіпкерлерді ретімен орналастыра алады.

**Күні 24.02.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Мақтаншақ бақа

**Мақсаты:**

**білімділік**: Ертегіні толық білуге және жандандыра білуге үйрету.

**дамытушылық**: Актерлік шеберлік қасиеттерін, тілдерін дамыту.

**тәрбиелік**: Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер**: суреттер, маскалар

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату,түрткі болу | Тәрбиеші балаларға қонаққа қуыршақ келетінін хабарлайды. | Балалар қуыршақтың қонаққа келетініне қуанады. |
| Ұйымдастыру,ізденіс жүргізу | -Тәрбиеші балалар өткен сабақта қуыршақ өзімен бірге ертегі кітабын алаып келген болатын, сендер кітаптан қандай ертегімен танысқан едіңдер?<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар.<br>-Тәрбиеші сұрақ қоя отырып, ертегінің мазмұнын сұрайды.<br>-Біз қандай ертегімен танысып едік?<br>-Неге бақаны мақтаншақ деп атады?<br>-Бақа кесірткеге не деп мақтанды?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>Д/о: «Ретімен орналастыр»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін рет-ретімен орналастыруға үйрету.<br>Бұл сабақ барысында үлгі бойынша ертегіні мазмұндауды игерген балаларға тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар | -Балалар мақтаншақ бақа ертегісімен танысқандарын айтады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>балалар рөлдерді белгілеуде кейіпкерлердің |

| | | |
|---|---|---|
| | медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертеті мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Сергіту сәті: «Балық»<br>Балық суда жүзеді,<br>Өте таза, тынық су.<br>Біресе ашылады,<br>Біресе керіледі.<br>Біресе құмға тығылады. | суреті бар медальдарды алады да рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>.<br>Балалар шеңберге тұрып сергіту сәтін орындайды. |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | Тәрбиеші балаларға бірнеше сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылайды.<br>Үздік қатысқан балалар марапатталады | Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарды айтып береді |

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі**: Ертегі кейіпкерлерін атай алады.

**Түсінігі бар**: бақа, инелік, жылан, бозторғай, тасбақа,кесіртке түсінігі бар.

**Орындай алады**: балалар мақтаншақ бақа ертегісін сахналай алады

**Күні 03.03.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Бір уыс мақта

**Мақсаты:**

**Білімділік:** мақта туралы білімін арттыру

**Дамытушылық:** Есте сақтау қаблетін дамыту

**Тәрбиелік:** Кез келген затты ысырап жасамай, пайдаға жарту, әрқашанда көмектесе білуді.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Мақта, кейіпкерлердің суреттері,күрте, көрпе,шапан және торғайдың суреті.

| **Әрекет кезңдері** | **Тәрбиешінің әркеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларға Айша қуыршақ қонаққа келтінін хабарлайды. | Балалар қуыршақтың қонаққа келетініне қуанады |
| **Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларға Айжан қуыршақтың өзімен бірге бір зат ала келгенін айтады. Қандай зат әкелгенін сұрайды. Тәрбиеші балаларға мақта жөнінде баяндайды. Балалар мынау-мақта. Ол-жұмсақ,түсі-аппақ.Мақтадан көптеген заттар тігуге болды. Мысалы:күрте, шапан, көрпе тігуге болды. Тәрбиеші балаларға осы бір уыс мақта жөнінде әңгімені айтып береді Кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, анасы қасын отырып, ақыл айтты: Балам, дүниеде жартылған жанды – жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, - дейді.<br><br>Сол сөзді айтып отырғанда қыз бала киімін жамап болып жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып далаға тастады:<br><br>-Әже, осы қиқымнын ешнәрсеге керегі бола қоймас,-дейді. Шешесі: Балам, сол да жерде қалмайды, - деді.<br><br>Осылайша сөйлеп, қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көтеріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана ұшып кетті.<br><br>Қыз әжесіне: Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылды?- деп сұрды. Әжесі: Көрдіңбе балам, ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, - деді.<br><br>Сергіту сәті<br><br>Тез қозғалып осылай<br><br>Жаттығулар жасайық.<br><br>Жақсылықты үйреніп,<br><br>Жамандықтан қашайық<br><br>**Д\О:** «Қандай зат»<br><br>**Мақсаты:** мақтаның не екенін және кез келген затты іске асырудың жолын» білу. Ойлау қаблеттерін дамыту.. | Балалар қуыршақтың қандай зат әкелгенін айтады<br><br>Балалар тәрбиешімен бірге мақта жайында өз білгендерін айтады.<br><br>Балалар тәрбиешінің бір уыс мақта әңгімесін тыңдайды |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды.<br><br>Балалар заттарды ажырата отырып ойынды ойнайды. |
| **Рефлекция – түзету жұмыстары** | Балалар мақта деген не? түсі қандай? қатты ма, әлде жұмсақпа Бүгінгі әңгіме сендерге ұнады ма? Ертегі кейіпкерлерін атаңдар?<br><br>Айжан қуыршақ балалармен қоштасады. | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. Мақта туралы өз білгендерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже.**
**Біледі:** Мақтаның пайдасы жөнінде біледі.
**Түсінігі бар:** Мақтаны көптеген заттарға пайдалануға болатындығы жайында түсініктері бар.
**Орындай алады:** Әңгімені баяндай алады.

**Күні 10.03.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Бір уыс мақта

**Мақсаты:**

**Білімділік:** мақта туралы білімдерін арттыру

**Дамытушылық:** Есте сақтау қаблеттерін дамыту

**Тәрбиелік:** Кез келген затты ысырап жасамай, пайдаға жартуға тәрбиелеу

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Мақта, кейіпкерлердің суреттері және торғайдың суреті.

| Әрекет кезңдері | Тәрбиешінің әркеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады. | Балалар шаттық шеңберін жасайды. |
| **Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балалармен амандсып, Бір уыс мақта ертегісін естеріне түсірулерін өтінеді.Бұл сабақта тәрбиеші балалардың | Балалар естеріне түсіріп жауап береді |

| | | |
|---|---|---|
| | ертегі кейіпкерлерін алмстырушы заттармен алмастыру қаблеттеріне жұмыс жаслады. .Онда мақтаның қажетті тұрмыстық заттарға жататынын, ондғы кейіпкерлерді сипаттап, әженің, ананың ақылын тыңдау керектігін, торғайдың іс – қимылын, блапандарына деген қамқорлығын, ұянын не екені жөнінде айтады.<br><br>Балаларға «бір уыс мақта» әңгімесінің желісі бойынша рөлдерге бөлініп, кейіпкерлердің дауыс ырғақтарын келтіре отырып сахнаулары ұсынылады<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Оңға түзу тұр,<br><br>Солға түзу тұр.<br><br>Алға бір адым<br><br>Артқа бір адым.<br><br>Оңға бұрылып,<br><br>Солға үңіліп<br><br>Жоғары, төмен қарайық,<br><br>Орнымызды табайық.<br><br>**Д\О:** «Қажетті кейіпкерді тап»<br><br>Мақсаты: басқа ертегі кейіпкерлерінің ішінен қажетті кейіпкерлерді табу | Мақтаның қандай жағдайда қолданылатыны жөнінде білгендерін баяндайды.<br><br>Балалар әңгіме желісі бойынша рөлдерге бөлініп, кейіпкерлердің дауыс ырғақтарын келтіре отырып сахналайды.<br><br>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды.<br><br>Балалар дидактикалық<br><br>басқа ертегі кейіпкерлерінің ішінен қажетті кейіпкерлерді табады |
| **Рефлекция – түзету жұмыстары** | Тәрбиеші балаларға әңгіме желісі бойынша сұрақтар қояды<br><br>Үздік қатысқан балалар мадақталады | Балалар әңгіме желісі бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже.**

**Біледі:** Кейіпкерлерді біледі

**Түсінігі бар:** Мақтаның пайдасы жөнінде түсініктері бар

**Орындай алады:** Әңгіме желісі бойынша сахналай алады.

**Күні 17.03.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Күн, ай және әтеш

**Мақсаты:** Балаларды ертегі желісімен толықтай таныстыру. Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін, ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Тілдерін дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттері.

| Әрекеттің кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларды щаттық шеңберге шақырады.<br>Балалар, сендермен кездескеніме өте қуаныштылмын. Бір-бірімізге қарайықшы. Мен сендердің сөздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын. Бүгінгі күндерің сәтті өтсін!<br>Балалар бір бірімізге тек жақсылық тілейік | Балалар шеңбер құрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. |

<table>
<tr>
<td>Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу.</td>
<td>Балалар, сендерге ертегілер елінен сандықша жіберіпті. Ашып көрейік пе? Ішінде не бар екен?<br>• Ертегілер елінен «Күн, ай және әтеш» деген ертегіні жолдапты.<br>• Ал, ендеше мен ертегіні оқып берейін. Сендер мұқият тындаңдар<br>Ертеде аспанда ағайынды үш бала өмір сүріпті. Үлкені-Күн, ортаншысы-Ай, кішісі-Әтеш екен. Күн жерде тіршілік ететін адамдарға, өсімдіктер мен жануарларға жарық пен жылу таратуға кеткенде, үйдегі кіші інілері Ай мен Әтеш үнемі келіспей қала береді екен. Бір күні әбден ыза болған Ай Әтешті айдарынан ұстап алып жерге лақтырып жіберіпті. Кешке үйге келген Күн болған жағдайды естіп біледі. Ашуға булығып Айға:<br>-Туған ініңді көзің қиып, қалай лақтырдың? Сендей рақымсызды көргім келмейді. Бұдан былай аспанға мен күндіз, сен түнде шығатын боламыз. Ал Әтеш жақын інім болып қала береді. Ол мені ұмытпайды,-дейді.<br>Сол уақыттан бастап Әтеш таң атысымен, Күнді көргенде «Кукареку!» деп айғай салатын болыпты. Бұл «Амансыз ба Күн-аға!» дегені екен. Ал кеш түссе, қонақтауға кетеді. Өйткені, аспанға шыққан Айды көргісі келмейтін көрінеді. Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұраық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып бір тұрып<br>Сәл демалып алайық<br>Д/о: Кейіпкерлерді тап:<br>мақсаты: ойлау әрекетін, еске сақтау қабілетін дамыту.</td>
<td>Балалар қуана келіседі.<br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар мұқият тәрбишіні тындайды.<br>Ертегі желісі бойынша көрсетілген суреттерге назарларын аударады.<br>Сергіту сәтінде балалар қимылмен бірге орындайды.<br>Ойынды қызыға ойнайды</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Рефлекциялы – түзету кезең | Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды<br>• Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>• Ертегі қызықты болдыма?<br>• Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер.<br>Белсенді қатысқан балалар мадақталады | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегіні біледі

**Түсінігі бар:** Кейіпкерлер жөнінде түсініктері бар

**Орындай алады:** Ертегі желісі бойынша баяндай алады.

**Күні 24.03.22ж**

**Балапан тобы**
**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта
**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде
**Тақырыбы:** Күн, ай және әтеш
**Мақсаты:** Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.
**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер

| Әрекеттің кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларды жылулық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер құрып тұрады |
| Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу. | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады. | Балалар қонақты қарсы алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | -тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді.Біз бүгін қонағымызға ертегіні саханалап берейік.<br><br>-Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші.<br><br>Жақсы балалар енді сендер ертегі кейіпкерлеріне бөлініп ойнайық.<br><br>Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын,дауыс ырғағын,дауыс каттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады.Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды.<br><br>: "**Жалғасын тап**"<br><br>м\ы: балалардың ойлауын,тілін дамыту.<br><br>Тәрбиеші ертегіден үзінді айтады балалар қай ертегіден және жалғасын айтады.<br><br>Мысалы. Ата мен апа болыпты.Ата бір күні кемпіріне бауырсақ пысыруды тапсырады. | Ертегіні сахалауға дайындалады.<br><br>Балалар ертегілерді атайды.<br><br>Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды.<br><br>Ертегіні сахналайды<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды.Жалғасын айтады.<br><br>. |
| Рефлекс – түзету жұмыстары коррекция | Айжан қуыршақ балаларға риза болып сыйлығын беріп қоштасып қайтады<br><br>Балаларды сабаққа жақсы қатысқандарына мақтау айтады. | Балалар қуыршақтың сыйлығына қуанып,қоштасады |

**<u>Күтілетін нәтиже:</u>**

**Біледі:** Ертегіні айтып бере алады

**Түсінігі бар:** Кейіпкерлер жөнінде түсініктері бар

**Орындай алады:** Ертегіні сахналай алады.

**Күні 31.03.22ж**
**Балапан тобы**
**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта
**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде
**Тақырыбы:** Құмырсқаның серуені. Оқу, әңгімелеу.
**Мақсаты:** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.
**дамытушылық**: Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту.
**тәрбиелік**: Адамгершілікке,үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.
**Жаңа сөздер**: Жәндіктер
**Қолданылған көрнекіліктер**: ертегі кейіпкерлерінң үстел үсті театры, муляждары. Ұшақ шапкасы.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларға жәндіктер әлеміне көрмеге баратынын айтады. | Балалар көрмеге баруға дайындалады. |
| Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу | Балалар көрмеге қандай көлікпен барғыларың келеді? | Балалар ұшақпен барғылары келетінін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ендеше ұшаққа отырып жәндіктер әлеміне барайық.<br><br>Тәрбиші балалар біз жәндіктер көрмесіне келдік. Қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар?<br><br>д\о «Қандай жәндік»<br><br>Мақсаты.Жәндіктердің тіршілік етуін әңгімелеу.<br><br>Балалар жәндіктерді бақылап , тәрбиеші көмегімен әңгімелейді.<br><br>Балалар осы жәндіктер туралы ертегі тыңдағыларың келеме?<br><br>Тәрбиеші балаларды кілем үстіне шақырады. Балаларға құмырсқаның серуені ертегісін әңгімелейді.<br><br>Білесіңдер ме, балалар?Ертеде құмырсқалар қазіргідей еңбекқор болмапты. Күні бойы қыдырып, одан қалса жатып ұйықтайды екен. Анда –санда аш болмау үшін жұмыс істейді екен. Онда да ерініп шын көңілімен істемейді екен. Олардың біреуі мүлде жалқау екен. Күн сайын ұйқысынан тұрсымен:<br><br>-Аh, аh.. Бүгін еш нәрсе істемей қарынымды қалай тойдырсам екен?- деп ойланады екен. Сөйтіп ойланып жүргенде ойына бір нәрсе келіпті. Ее, менің досым бар екен ғой. Күнде солардың біреуіне қонақ болсам ешкімге зияным жоқ . Осылайша әрі қарынымды тойдырам, әрі жұмыс істемеймін.,-деп ойланған құмырсқа, ойын жүзеге асыруға кірісіпті.Құмырсқа жолға шығыпты. Бір араның үйіне келіпті . Есік қағыпты. Есіктің арғы жағынан «Кім бұл!-деген дауыс шығыпты. Сол кезде құмырсқа:<br><br>- Есігіңді аш, бауырым. Мен құмырсқа бауырыңмын ғой. Бүгін сенің үйіңе қарынымды тойдыруға келдім. Үйіңдегі барыңды құмырсқа бауырыңа бер депті.<br><br>Ара есігін ашып ,үйіндегі бар дәмдісін беріп, құмырсқаның көңілін көтеріпті.Кешке құмырсқа араға рахметін айтып үйіне келіпті. Төсегіне жатып.Ох мен жұмыста істеген жоқпын, шаршаған да жоқпын қарынымды тойдырдыдепті.<br><br>Құмырсқа келесі күні өрмекшіге барыпты.Өрмекшінің дәмді тамақтарын жеп, рахметірн айтып үйіне қайтыпыты. Осылай қыдырып жүріп қарынын тойдырған құмырсқаға қатты ұнапты. Үшінші күні құмырсқа көбелекке келіпті. Көбелек бар тапқан асын құмырсқаның ауызына төсепті. Көбелек құмырсқаны қанатына отырғызып гүлден-гүлге қондырып ,биіктерге | Балалар ұшаққа отырып музыка ырғағымен табиғат бұрышына келеді.<br><br>Құмырсқа, көбелек, өрмекші, шегіртке.<br><br><br>Құмырсқа еңбекқор жәндік. Көбелек өте нәзік әрі әдемі жәндік. Олар гүлдердің үстінде ұшып – қонып жүреді.<br><br><br>Иә.<br><br><br>Балалар құмырсқаның әрекеттерін |

| | | |
|---|---|---|
| | самғап ұшып көңілін көтеріпті. Құмырсқа рахметін айтып үйіне қайтыпты. Қандай керемет .Жұмыс та істеген жоқпын, қарынымды тойдырыдым-депті. Сөйтіп жылжып күндер өтіпті. Құмырсқаның қонаққа баоратын достары таусылыпты. Енді не істесем екен?Достарыма қайтадан қонаққа барсам ба екен деп ойланыпты. Ұйқысынан тұрғанда біреулер есік қағыпты. Сөйтсе достары оған қонаққа келіп тұр екен. Құмырсқа қатты сасып, не сітерін білмепті. Сонда ұялып тұрып:<br>-Сендерді қонақ қылғым келеді? Бір-ақ үйімде сендерді отырғызаитын орын жоқ, не бір тілім наным доқ –депті.<br>Достары құмырсқаға қатты ренжігені соншалық енді оған көмектеспеуге бел байлапты. Құмырсқа өзінің достарын ренжіткені үшін, әрі өзінің жалқаулығына қатты ренжіпті. Сөйтіп, балалар , құмырсқа жалқаулықтың өте жаман нәрсе екенін түсініп, сол күннен бастап тыным таппай еңбек ететін болыпты.<br>Сергіту сәті: «Құмырсқа»<br>Д\о «Кім не істеді»<br>Ертегі желісін балалрмен бірге әңгімелеу.<br>Балалар енді ұшағымызға отырып тобымызға оралайық. | келтіріп сергіту сәтін жасайды.<br><br>Ертегі кейіпкерлерінң қимыл әрекетін әңгімелейді.<br><br>Балалар ұшаққа мініп топқа келеді. |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | -Балалар қайда қонаққа бардық?<br>- Қандай көлікпен бардық?<br>-Көрмеден қандай жәндіктерді көрдіңдер?<br>-Қандай ертегіні әңгімеледік?<br>Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратады. | Жәндіктер көрмесіне бардық.<br>Ара , құмырсқа, көбелек, шегіртке.<br>Құмырсқаның серуені. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.

**Түсінігі бар**: Ертегі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады**.Ертегіні әңгімелей алады.

**Күні 07.04.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** Құмырсқаның серуені. сахналау

**Мақсаты:** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.

**дамытушылық**: Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту.

**тәрбиелік**: Адамгершілікке,үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.

**Жаңа сөздер:**жәндіктер

**Қолданылған көрнекіліктер**: ертегі кейіпкерлерінің шапкалары. Ара , көбелек, өрмекшінің үйлері.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату, түрткі болу | Тәрбиеші балаларға топқа қонақтар келетін хабарлайды. | Балалар дайындалады. |
| Ұйымдастыру, ізденіс<br><br>Жүргізуіне | Есік қағылады. Топқа<br><br>Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын.Мен сонау алыс ауылдан келдім,мен сендерге қожын алып келдім<br><br>д\о «Танып алда атын айт»<br><br>Қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар?<br><br>Мақсаты.Жәндіктердің тіршілік етуін әңгімелеу.<br><br>Қоржыннан жәндіктердің шапкаларын алады.<br><br>Ата осы жәндіктер туралы ертегіні әңгімелей бастайды.<br><br>Білесіңдер ме, балалар?Ертеде құмырсқалар қазіргідей еңбекқор болмапты. Күні бойы қыдырып, одан қалса жатып ұйықтайды екен. Анда –санда аш болмау үшін жұмыс істейді екен. Онда да ерініп шын көңілімен істемейді екен. Олардың біреуі мүлде жалқау екен. Күн сайын ұйқысынан тұрсымен:<br><br>-Аh, аh.. Бүгін еш нәрсе істемей қарынымды қалай тойдырсам екен?- деп ойланады екен. Сөйтіп ойланып жүргенде ойына бір нәрсе keліпті. Ее, менің досым бар екен ғой. Күнде солардың біреуіне қонақ болсам ешкімге зияным жоқ . Осылайша әрі қарынымды тойдырам, әрі жұмыс істемеймін.,-деп ойланған құмырсқа, ойын жүзеге асыруға кірісіпті.Құмырсқа жолға шығыпты. Бір араның үйіне келіпті . Есік қағыпты. Есіктің арғы жағынан «Кім бұл!-деген дауыс шығыпты. Сол кезде құмырсқа:<br><br>- Есігіңді аш, бауырым. Мен құмырсқа бауырыңмын ғой. Бүгін сенің үйіңе қарынымды тойдыруға келдім. Үйіңдегі барыңды құмырсқа бауырыңа бер депті. | Балалар ойынды ойнайды.<br><br>Құмырсқа, көбелек, өрмекші, шегіртке.<br><br>Құмырсқа еңбекқор жәндік. Көбелек өте нәзік әрі әдемі жәндік. Олар гүлдердің үстінде ұшып – қонып жүреді.<br><br>Бала құмырсқаның шапкасын киіп құмырсқаның іс-әрекетін жасайды.<br><br>Құмырсқаның дауыс ырғағын келтіреді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ара есігін ашып ,үйіндегі бар дәмдісін беріп, құмырсқаның көңілін көтеріпті.Кешке құмырсқа араға рахметін айтып үйіне келіпті. Төсегіне жатып.Ох мен жұмыста істеген жоқпын, шаршаған да жоқпын қарынымды тойдырдыдепті.<br><br>Құмырсқа келесі күні өрмекшіге барыпты.Өрмекшінің дәмді тамақтарын жеп, рахметірн айтып үйіне қайтыпыты. Осылай қыдырып жүріп қарынын тойдырған құмырсқаға қатты ұнапты. Үшінші күні құмырсқа көбелекке келіпті. Көбелек бар тапқан асын құмырсқаның ауызына төсепті. Көбелек құмырсқаны қанатына отырғызып гүлден-гүлге қондырып ,биіктерге самғап ұшып көңілін көтеріпті. Құмырсқа рахметін айтып үйіне қайтыпты. Қандай керемет .Жұмыс та істеген жоқпын, қарынымды тойдырыдым-депті. Сөйтіп жылжып күндер өтіпті. Құмырсқаның қонаққа баоратын достары таусылыпты. Енді не істесем екен?Достарыма қайтадан қонаққа барсам ба екен деп ойланыпты. Ұйқысынан тұрғанда біреулер есік қағыпты. Сөйтсе достары оған қонаққа келіп тұр екен. Құмырсқа қатты сасып, не сітерін білмепті. Сонда ұялып тұрып:<br><br>-Сендерді қонақ қылғым келеді? Бір-ақ үйімде сендерді отырғызаитын орын жоқ, не бір тілім наным доқ –депті.<br><br>Достары құмырсқаға қатты ренжігені соншалық енді оған көмектеспеуге бел байлапты. Құмырсқа өзінің достарын ренжіткені үшін, әрі өзінің жалқаулығына қатты ренжіпті. Сөйтіп, балалар , құмырсқа жалқаулықтың өте жаман нәрсе екенін түсініп, сол күннен бастап тыным таппай еңбек ететін болыпты.<br><br>Сергіту сәті: «Құмырсқа»<br><br>Д\о «Кім не істеді»<br><br>Ата балалардың ертегісін көріп тамашалағанына рахметін айтып үйіне қайтады. | Араның қимыл – әрекетін, мінез құлқын, дауыс ырғағын келтіреді.<br><br>Келесі бала өрмекшінің әрекеттерін жасайды.<br><br>Балалар құмырсқаның әрекеттерін келтіріп сергіту сәтін жасайды.<br><br>Ертегі кейіпкерлерінң қимыл әрекетін әңгімелейді. |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | -Балалар қайда қонаққа<br><br>-Көрмеден қандай жәндіктерді көрдіңдер?<br><br>-Қандай ертегіні тамашаладық<br><br>Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратады. | Ара , құмырсқа, көбелек, шегіртке.<br><br>Құмырсқаның серуені. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.

**Түсінігі бар**: Ертегі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады**.Ертегіні сахнай алады.

**Күні 21.04.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** «Үш торай»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Үш торай туралы білімдерін толықтыру.

**Дамытушылық:** ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлері , үйдің суреттері бейнеленген карточкалар, геометриялық фигуралар.

| **Әрекеттің кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату,**<br>**түрткі болу** | Тәрбиеші балаларға сиқырлы сандықша тауып алғандығы жөнінде хабарлайды. | Балалар қызыға қарайды. |
| **Ұйымдастыру,**<br>**ізденіс жүргізу** | Сәлеметсіңдер ме балалар?<br>Балалар қане сиқырлы сандықты ашып не бар екенін көрейік. Мынаны караңдар балалар ертегі кейіпкерлері, үй суреттері, түрлі түсті геометриялық пішіндер бар екен. Балалар қане айтындаршы бұл кейікерлер, үй суреттері таныс па сендерге? Бұл қай ертегінің кейіпкерлері?<br>Д/о: «Тауып көр»<br>Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту<br>Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімдерін атап, олардың үйлерін көрсетіндерші.<br>Балалар кейіпкер белгілерін (түсті) дұрыс таба білу дағдыларын анықтау үшін шеңберлер мен төртбұрыштарды әр түрлі ретте орналастырамыз. | Балалардың бар назары сиқырлы сандықта.<br>Сандықтан шыққан суреттерге қызыға карауда.<br>Иә ол «Үш торай» ертегісінің кейіпкерлері.<br>Балалар тәрбиешінің көмегімен торайлардың аттарын атап, үйлерін көрсетті. |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалар шеңбердің түсіне қарандаршы қызыл, жасыл, сары түсті шеңбер, ал төртбұрышта да қызыл, жасыл, сары осы пішіндерді түсіне қарай орналастырайық. Сергіту сәті:<br><br>Орманда бір үй тұр<br><br>Есігінде құлып тұр<br><br>Айтындаршы балалар<br><br>Құлыпты кім ашады.<br><br>Ертегі желісі бойынша әңгімелеу:<br><br>Мақсаты: балалардың ертегіні үлгі бойынша мазмұндау біліктілігін арттыру.<br><br>Балалар төртбұрыш пн шеңбердің суреті бар карточкаға қарап, кейіпкерлерді атап беріндерші.<br><br>Бір күні 3 ағайынды торайлардын ішінде ең ақылдысы Наф-Наф күн суытады үй салайық дейді.Ниф-Ниф пен Нуф-Нуф оған көмектескісі келмейді Біз өзімізге үй саламыз дейді. Қызыл төртбұрыш пен қызыл шеңберді қойып, Наф-Наф оларды көндірмей өзі жалғыз үй салады. | Балалар түстері бойынша пішіндерді орналастырады. Қызыл шеңбер мен қызыл төртбұрышты қояды.<br><br>Қимыл-қозғалыс арқылы жасайды.<br><br>Наф-Наф, Нуф-Нуф, Ниф-Ниф |
| **Рефлекция-түзету жұмыстары** | Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімі кім болды?<br><br>Біз қандай түстермен таныстық?<br><br>Наф-Нафтың салған үйі қандай?<br><br>Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімдерін естеріне түсіреді. |

**Күтілетін нәтиже.**

**Біледі:**Түстерді ажыратып, сұрақтарға жуап беруді біледі.

**Түсінігі бар:**Ертегінің мазмұны мен оның құрлысы жайлы толық түсінігі бар.

**Орындай алады:** Суреттермен жұмыс істей алады.

**Күні 05.05.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімдері:** Ертегілер әлемінде

**Тақырыбы:** «Үш торай»

**Мақсаты:**

**Білімділік:**Үш торай туралы білімдерін кеңейту.

**дамытушылық**: ой-өрісін танымдық қасиеттерін,зейінін дамыту.

**тәрбиелік**: Адамгершілікке,еңбек қорлыққа,мейірімділікке тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер**: Үш торай,үйшік т.б

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Әрекетті туындату,<br>түрткі болу | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады. | Шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастыру,<br>ізденіс жүргізу | Дид/ойын: «Ертегіні құрастыр»<br>Мақсаты:<br>Ертегі кейіпкерлерін есте сақтау. Ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға үйрету. Тілдерін дамыту. Ертегіге деген қызығушылығын ояту. | Балалар ойынды қызыға ойнайды Ертегі кейіпкерлерін естеріне түсіріп, ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Бұл сабақ барысында үлгі бойынша ертегіні мазмұндауды игерген балаларға тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы.<br><br>Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертеті мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау. Үйде бүкіл ертегіні көрсету қажет емес, ертегінің бір фрагментін көрсетіп шектелуге болады. Бұл жағдайда балаға бір кейіпкердің рөлі беріледі.<br><br>Бұл сабақтың нәтижесінде балалардың нақты мазмұндауда сериялық іс-әрекетті қолдану шеберлігі қалыптасады. «Осал-орнықты-берік» сериясы, «сенімсіз-сенімді-өте сенімді» сериясымен байланысты, немесе «қорқынышты өте қорқынышты емес-қорқынышты емес» т.б. екендігін бала түсіне бастайды. Сонымен қатар, рөлдердің жалғасы баланың жеке тұлға болуына ықпалын тигізеді. | Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Кейіпкерлердің дауысы ырғағын салады<br><br>Ертегіні қуана сахналайды |
| Рефлекция-түзету жұмыстары | Тәрбиеші балаларға ертегі жөнінде бірнеше сұрақтар қояды.<br><br>Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтау,мадақтау. | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді.<br><br>Балалар риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Ертегі кейіпкерлері туралы біледі

**Түсінігі бар**: үш аю ертегісі туралы түсініктері бар.

**Орындай алады**. Ертегіні сахналай алады.

**Күні: 15.05.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы :** Жеті лақ

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Дамытушылық:** Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту.

**Тәрбиелік:** Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.

**Көрнекіліктер:** Ертегі кітап , ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бір-біріне әдемі тілектер айтуды ұсынады. | Балалар шеңберге тұрып достарына әдемі тілектерін айтады. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларды шеңбер бойымен кілемшеге жайғасып отыруларын сұрайды.<br>-Балалар бізге ертегілер әлемінен "**Ғажайып қоржын**" беріп жіберіпті<br><br>Қоржынды ашайық не бар екенін көрейік.<br>-Балалар бізге ертегі кейіпкерлерінің суретін беріп жіберіпті.<br>Сендер ойын ойнағыларың келеме?<br>Д\ойын :"**Кейіпкерлерді ата**"<br>Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерінің атын атауға,дұрыс орналастыруға дағдыландыру.<br>-Сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар?<br>-Мен бүгін "**Жеті лақ**" ертегісін оқып берейін зер салып,мұхият тыңдаңдар. Баяғы заманда бір ешкі болыпты. Оның жеті лағы бар екен. Олардың үйі орманның шетінде орналасыпты. Ешкі лақтарына азық әкелу үшін күнде орманға кетеді екен. Үйінен шығып бара жатып «Есікті ешкімге ашпаңдар» деп кетеді екен. Бір күні ешкі орманға кеткенде, үйіне қасқыр келіп есігін қағады. Бірақ лақтар есікті ашпайды.<br>Үйге кіре алмаған қасқыр тасаға тығылып, ешкінің келуін күтеді. Бір кезде ешкі келіп:<br>- Қарақтарым, шырақтарым, мен сендерге азық әкелген аналарыңмын, - дейді. Лақтар есікті ашып, ешкі үйге кіреді.<br>Ертесіне ешкі орманға кеткенде қасқыр үйдің есігін қағып:<br>- Қарақтарым, шырақтарым, мен сендерге азық әкелген аналарыңмын, - дейді. Лақтар есікті ашады. Қасқыр үйге еніп лақтарды алып кетеді.<br>Тек кішкентай лақ қана пештің ішіне тығылып, аман қалады. Ешкі үйіне оралғанда лақтарды таппай қайғырады. Сол кезде пештен кішкентай лақ шығып, болған жағдайды анасына айтады. Ешкі тездетіп аңшыға жолығып, лақтарын құтқаруын өтінеді. Аңшы | Балалар кілемге отырып тәрбиеші апайларына назар аударады.<br><br>Балалар қоржынға қуана назар аударады.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнап кейіпкерлерді апайды.<br><br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерді ертегі желісімен орналастырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | қасқырды тауып, атып тастайды да, лақтарды үйлеріне алып келеді.<br><br>Тәрбиеші ертегіні оқып берген соң балалармен бірнеше қайтара қайталап,сұрақтар қойып ертегі кейіпкерлерін көрсете отырып түсіндіреді.Балаларға ертегі кейіпкерлерінің суретін беріп ертегі желісімен орналастыруды тапсырады. | Балалар ертегі желісі бойынша кейіпкерлерді көрсете отырып баяндайды. ертегі желісі бойынша кейіпкерлерді орналастырады. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | Тәрбиеші ертегі желісі бойынша балаларға сұрақтар қояды.<br><br>Тәрбиеші балалардың бүгінгі жетістігіне мақтау айтып мадақтайды. | Ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Ертегінің мазмұнын түсіне алады.

**Түсінігі бар:** Ойлау қабілеттері қалыптасқан.

**Орындай алады:** Сұрақтарға нақтылы жауап береді.

**Күні: 26.05.22ж**

**Балапан тобы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта

**Бөлімі :** Ертегілер әлемінде.

**Тақырыбы :** Жеті лақ ертегісін сахналау.

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын молайту. Сахналау арқылы тіл байлығын дамыту.

**Тәрбиелік:**Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру

**Көрнекіліктер:**Ертегі кітап , ертегі кейіпкерлерінің маскасы.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Әрекетті туындату, түрткі болу** | Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бүгінгі күнге тілектер айтуды ұсынады. | Балалар шеңберге тұрып бүгінгі күнге сәттілік тілейді. |
| **Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу** | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.<br><br>-тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді. Біз бүгін қонағымызға ертегіні саханалап берейік. Ол үшін<br><br>Үйірме барысында балалар ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйренеді.<br><br>Тәрбиеші балаларға «Мен қазір ертегіні оқимын, сендер сәйкес суреттерді көтересіңдер» дейді. Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді көрсетеді. Ертегі кейіпкерлеріне сипаттама береді.<br><br>Егер бала қателессе, тәрбиеші оқуын тоқтатып, олар мен эпизодтың мазмұнын талдайды, сәйкес суретті көрсетеді. Одан кейін тәрбиеші балалардан суреттерді ертегі желісі бойынша орналастыруларын сұрайды.<br><br>Балалар тапсырманы орындап болғаннан кейін, тәрбиеші ертегіні тағы да оқиды, балалар сәйкес суреттерді тағыда көтереді. ( және үлкендерге көрсетеді). Үйірме соңында тәрбиеші мынадай ойын ұсынады.<br><br>Ол суреттерді әдейі қате орналастырады да, балалардан «қай сурет өз орнында тұрған жоқ» - деп сұрайды. Одан кейін ойынды қиындатады. | Балалар қонақты қарсы алады.<br><br>Ертегіні сахалауға дайындалады.<br><br>Балалар ертегілерді атайды.<br><br>Балалар сәйкес суреттерді көтереді.<br><br>Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды. Бұндай тапсырмалар балалардың сюжетті ашу тізбегін және кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай орналастыруды түсінуіне үйретеді.<br><br>Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертеті мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау. Үйде бүкіл ертегіні көрсету қажет емес, ертегінің бір фрагментін көрсетіп шектелуге болады. Бұл жағдайда балаға бір кейіпкердің рөлі беріледі. Бұл сабақтың нәтижесінде балалардың нақты мазмұндауда сериялық іс-әрекетті қолдану шеберлігі қалыптасады. | Балалар кейіпкерлердің суреті бар дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланған медальдарды алады.<br><br>кезекпен сахнаға шығып рөлдерді ойнайды. |
| **Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)** | Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қойылады.<br><br>Үздік қатысқан балалар мадақталады. | Тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Ертегінің мазмұнын түсіне алады.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері жөнінде түсініктері бар.

**Орындай біледі:** Ертегіні сахналай алады.

«Бекітемін»

ЖШС «Алтын асық» бөбекжай

балабақша меңгерушісі:

--------- Б. Осланова

«Болашақ» ересек тобының 2021-2022 оқу жылына арналған

Вариативтік компоненті

Тексерілді:

Әдіскер: Н. Кожаева

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС
меңгерушісі: Б.Оспанова

# Вариативтік Компонент

*Ересек « Болашақ» тобы*

## «Тапқыштар (логика)»

(Балалардың қызығушылығына арналған оқу қызметі)

Тәрбиеші:Серикбаева С

2021-2022жж

**Логика**

| *р/с* | *Тақырыбы* | **Мақсаты** | *Сағ\саны* |
|---|---|---|---|
| 1 | Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі,материалы) | Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру; | 1 |
| 2 | Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш) | Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру; | 1 |
| 3 | Заттардың белгілерінің өзгеруі. | Заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | іскерлігін қалыптастыру: | |
| 4 | Заттарды топқа біріктіру. | Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру. | 1 |
| 5 | Сол жақтан – оң жақтан. | Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту. | 1 |
| 6 | Уақыт реттілігін анықтау. | Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру. | 1 |
| 7 | Уақытта бағдарлау : тәулік (таң, күн, кеш, түн), апта күндері. Күн режимі. | Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру. | 1 |
| 8 | Уақытты бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл. | Жыл мезгілдерін, | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | айларды ретімен атау іскерлігін дамыту. | |
| 9 | Сызықтар. Түзу. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық. | Сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру. | 1 |
| 10 | Нүкте. Сәуле. Бұрыш. Кесінді. | «нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру. | 1 |
| 11 | Жалпы ұғымдар. | Заттардың белгілері, жиынтықтар, геометриялық фигуралар туралы білімдерді қайталау және бекіту; | 1 |
| 12 | Бір. Көп.  Саны мен цифры. Жол. Баған. | Жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту. | 1 |
| 13 | 2 саны мен цифры. | 2 санымен және цифрымен таныстыру. | 1 |
| 14 | 3 саны мен цифры. | 3 санымен және цифрымен таныстыру. | 1 |
| 15 | 4 саны мен цифры. | 4 санымен және цифрымен таныстыру. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16 | Сандарды салыстыру. | Заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру. | 1 |
| 17 | Қосу. «+» белгісі. | «+» белгісімен таныстыру. | 1 |
| 18 | Азайту. «-» белгісі. | «-» азайту белгісімен таныстыру. | 1 |
| 19 | 5 саны мен цифры. | 5 санымен және цифрымен таныстыру. | 1 |
| 20 | 1-5 сандары. | 5-тің көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру. | 1 |
| 21 | 6 саны мен цифры. | 6 санымен және цифрымен таныстыру. | 1 |
| 22 | 7 саны мен цифры. | 7 санымен және цифрымен таныстыру. | 1 |
| 23 | 8 саны мен цифры. | 8 санымен және цифрымен таныстыру. | 1 |
| 24 25 | 9 саны мен цифры. | 9 санымен және цифрымен таныстыру. | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26 | 0 саны мен цифры. | 0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу. | 1 |
| 27 28 | 10 саны мен цифры. | 10 санымен және цифрымен таныстыру. | 2 |
| 29 | Теңгемен танысу. | Ұлттық валюта - теңге туралы жалпы мағлұ-мат беру. Балаларды түрлі монеталармен таныстыру. | 1 |
| 30 | Сағат. | Уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру. | 1 |
| 31 32 | 0-10 сандары. | Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту. | 2 |

*Үлгілі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.*

**1-сабақ.**

***Тақырыбы:*** Заттардың белгілерінің өзгеруі.

***Мақсаты:*** заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру және дамыту.

***Көрнекілігі:***доп, жеміс-жидектер немесе геометриялық фигуралар салынған суреттері.

***Оқу іс-әрекетінің барысы:***

***I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.***

Сабаққа біз даярлық,
Жалқаулықты қоямыз.
Үздік оқып әрқашан,
Келің «бестік» аламыз!
Бір, екі, үш,
Сынып іші тып-тыныш,
Жалқаулықты тастаймыз,
Сабақты біз бастаймыз.

**II. Кіріспе әңгіме.**

-бүгін біз сендермен математика еліне жасайтын үлкен әрі қызықты саяхатымызды бастаймыз. Сендер математиканың нені зерттейтінін білесіңдер ме? Ол адамға не үшін керек?

- математика сабақтарында сендер санауды, фигуралар сызуды және математикалық ойындар ойнауды үйренесіңдер

-сендер ойнағанды жақса көресіңдерме?

**III. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: заттардың белгілері туралы бұрын меңгерген білімдерді анықтау; ойын дамыту.*

- Біз «Бұл кім?», «Бұл кім?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.
- Домалақ. Резеңкеден жасалған, мұнымен ойнауға болады.(доп)
- Қызғылт түсті, айлакер қу, орманды өмір сүреді.(түлкі)
- Жасыл түсті, тікенегі бар, топырақта өседі.(кактус)

Бойжазудан кейін сабақтың тақырыбын жариялайды.

**IY. Жаңа материалды меңгеру.Ойын іс – әрекеті.**

Талқылау барысында тәрбиеші балалармен бірге әрбір заттың қандай да бір белгілерге (қасиеттерге) ие болатынын және кез келген затты, оның бір белгілерін назарда ұстап, басқа белгілерін ескермей-ақ түрлі көз қарастар тұрғысынан қарастыруға болатынын анықтайды.

Түрлі тапсырмаларды орындай отырып балалар заттардың негізгі белгілерін өз беттерінше ажыратуды үйренеді. Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

***2-ойын «Түсті тап»***

Мақсаты: заттардың түсін тауып, тани білу іскерлігін анықтау; түстің заттың пішініне, өлшеміне, неден жасалғанына қатысы болмайтындығы туралы білімдерді қалыптастыру; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Тәрбиешінің белгі беруімен балалар бөлмеден түсі аталған заттар іздейді және сол затқа қолдарын тигізіп көреді. Керекті затты таба алмаған немесе затты ең соңғы тапқан бала ойыннан шығады.

***2-ойын. «Заттарды кім көбірек атай алады?»***

*Мақсаты: заттарды айтылған белгілері бойынша таңдау іскерлігін бекіту; есте сақтауды дамыт; қоршаған дүние туралы білімді кеңейту.*

Балаларды айқын белгілері бар заттарды атауларын сұрайды. (өлшемдері жағынан – жалпақ, жіңішке, биік, төмен; жасалған материалы бойынша – ағаш, шыны металл, резеңке т.б.) әрбір дұрыс жауап үшін фишка береді. Кім фишканы көп жинайды сол жеңімпаз болады.

***3-ойын: «Затты тап»***

*Мақсаты: заттардыңң негзгі белгілерін бөліп көрсету іскерлігін қалыптастыру; есте сақтауды дамыту. Бөлме ішіндегі бір затты оның атын атамастан сипаттайды.*

Мысалы: «Сары түсті домалақ зат, онымен ойнауға болады». Бірінші болып жауап берген бала қалған балаларға осыған ұқсас өз тапсырмасын ұсынады. Табуға ұсынылған заттың сипаттамасының толық және түсінікті дәрежеде болуын қадағалайды.

**Сергіту сәті.**

**Ү.Дәптермен жұмыс**.

**1-тапсырма:** заттардың оларға тән белгілерін анықтау және заттарды түстері бойынша салыстыру.

**2 – тапсырма:** заттың неге арналғанын және заттың қандай материалдан жасалғанын анықтау.

-Заттарға ортақ нәрсе не?

**3-тапсырма.** Заттарды кейбір белгісі бойынша ажырату.

-Қайшы мен бұрауыштың қандай ортақ қасиеті бар (металдан жасалған)? Қалам мен щетка ше(түсі)?

**«Торкөздерде» орындалатын тапсырма.Ұсақ қол қимылдарын дамыту.**

**ҮІ.Рефлексия.**

**2 – сабақ**.

**Тақырыбы:**Бірдей.Әртүрлі.Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш,шаршы,тіктөртбұрыш)

**Мақсаты:**геометриялық фигуралардың атауымен (шеңбер,шаршы,сопақ,тіктөртбұрыш, т.б.) осы фигураларды басқа пішіндердің арасынан табуға үйрету.

**Көрнекіліктер:** доп,заттардың суреттері,геометриялық фигуралары бар карточкалар.

**Үлестірме материал:**сурет салатын қағаз, фишкалар.

Оқу іс – әрекетінің барысы.

**І. Ұйымдастыру кезеңі.Психологиялық дайындық.**

**ІІІ.Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру анықтау; ойын дамыту.*

Тақтаға суреттер ілінеді (құс,сары көбелек,сары жейде қызыл кеудеше, қызыл раушан гүлі, түймедақ) .

-Біз *«Керекті затты тап»* дейтін бойжазу өткіземіз.

Заттың сипаттамасын айтып, допты балаға лақтырады.Бала жауап беріп допты лақтырады.

-*Ұшады,бірақ құс емес.* (Көбелек.)

-*Сары түсті зат, жәндік емес.(*Сары жейде)

**ІҮ. Жаңа материалды меңгеру.Ойын іс – әрекеті.**

Заттарды тәжірибелік түрде (көзбен қарау жолымен) салыстыру жұмысы жүргізіледі. Геометриялық фигуралар туралы бастапқы түсініктерін анықтайды. Бір белгісі бойынша бірдей заттар мен фигуралардың басқа белгілері бойынша әртүрлі бола алатынына сабақ барысында көздері жетеді.

**1 – ойын: «Сипаттамасы бойынша суретін сал»**

*Мақсаты: заттарды әрт.рлі белгілері бойынша салыстыру олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді*

*қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру; геометриялық фигуралар туралы түсініктерін анықтау және қалыптастыру; есте сақтау мен ойша қиялдауды дамыту.*

Қағазға сурет салу.Мәтінді баяу екі рет оқу. «Сары үй. Үйдің шатыры жасыл,үшбұрышты. Есігі- жасыл, тіктөртбұрыш.Кішкентай терезесі- көк түсті, шаршы пішіндес балалар мәтінді көздерін жұмып отырып тыңдау, сосынкөзін ашып, үйде есте сақтағандары бойынша салу.

**2-ойын: «Бірдей - әртүрлі»**

*Мақсаты: «Бірдей», «Әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып геометриялық фигураларды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру іскерлігін қалыптастыру топпен жұмыс.*

Геометриялық фигуралар салынған карточкалар жұптарын көрсетеді.Олар қызыл үшбұрыш және қызыл шеңбер, көк үшбұрыш және жасыл үшбұрыш, т.б. Қандай белгі бойынша бұл фигураларды бірдей немесе әртүрлі деп айтуға болатынын табуын керек. Әрбір топ жауаптарына жұлдыз жинаған топ жеңіске жетеді.

**3 – ойын: «Затты тап»**

*Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімдерді қалыптастыру; қоршаған дүние туралы білімді кеңейту; топпен жұмыстың іскерлігін дамыту.*

Топқа бөлініп, топ басшысын сайлайды. Әрбір топтың басшысы геометриялық фигура салынған карточканы суырады. Таңдап алған фигураға қоршаған ортадан ұқсас заттарды атау.

**Сергіту сәті.**

**IY.Дәптермен жұмыс.**

**1-тапсырма:** заттарды жән өлшемі бойынша салыстыру. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

Киімі кіл инеден

Дұрысы -оған тимеген. (Кірпі)

-Суреттегі кірпілер бірдей ме? Олар бір – біріне несімен ұқсас және бір – бірінен қандай айырмашылықтары бар?

**2 – тапсырма:** Геометриялық фигкралар туралы түсініктерді анықтау.

**3-тапсырма:** Фигураларды пішіні мен өлшемі бойынша салыстыру.

**4 – тапсырма**:Фигураларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша салыстыру. Заңдылықтарын анықтау. Логикалық ойлауды дамыту.

**«Торкөздерде» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**IY.Рефлексия.**

3 – сабақ.

**Тақырыбы:**Заттардың белгілернің өзгеруі.

**Мақсаты:** заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:**доп, жеміс – жидектер немесе геометриялық фигуралар салынған суреттер.

**I.- Ұйымдастыру кезеңі.Психологиялық дайындық.**

**II.Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты:заттардың белгілері туралы бұрын меңгерген білімдерді анықтау; ойын дамыту.*

-Біз «Ұқсас нәрсе айт» деген бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші бір сөзді айтып, допты балаға лақтырады.Бала мағынасы ұқсас сөздіі айтып, допты қайта лақтырады.

-*Үлкен- .....(зор)*

-*Батыл - .....(ержүрек)*

-*Қатқыл-.....(тығыз)*

-*Көңілсіз-.....(жабырқау)*

-*Суық-.......(салқын)*

Бойжазу әрі қарай «Қарама – қарсы нәрсе айт» тақырыбында өтеді.

*-Үлкен-....(кішкентай)*

*-Батыл-.....(қорқақ)*

*Қатқыл- .....(жұмсақ)*

*Көңілді-.......(қуанышты)*

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру.Ойын іс – әрекеті.**

Заттарды салыстыру бойынша жұмыс жалғасады. Сабақ барысында балалар заттың қандай белгі бойынша өзгергенін анықтауды және заттың өзгергенге дейінгі және өзгергеннен кейінгі белгісіне салыстырмалы талдау жасауды үйренеді.Мысалы «Шаршының түсі өзгереді. Шаршы қызыл еді, енді көк болды». Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

**1-ші ойын. «Жүргізушіні тап»**

*Мақсаты: «Жүргізуші» жағдайының өзгерістеріне тез жауап қату іскерлігін қалыптастыру;байқампаздықты және зейінді дамыиу; қимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту;*

Ойынға қатысулар шеңберге тұрады.Санамақтың көмегімен «аңшы таңдап алынады, ол бөлмеден уақытша шығып кетеді. Қалған балалардың арасынан «жүрізуші» таңдап алынады. Сосын «аңшы» қайтып оралады да шеңбердің ортасына тұрады, ал «жүргізуші» әртүрлі қимылдар көрсете бастайды. Қалған қатысушылар оның соңынан қайталайды. «Аңшының» міндеті – «жүргізушіні» анықтау.Бұл үшін оған үш рет мүмкіндік береді. Егер таба алса, онда «аңшы» жай қатысушы болады, ал «жүргізуші» «аңшы» болып, бөлмеден шығады.Жаңадан «жүргізуші» таңдайды, сөйтіп ойын жалғасады.

**2-ші ойын. «Не өзгерді»**

*Мақсаты: заттардың белгілері мен орналасуына есте сақтағаны бойынша салыстырмалы талдау жасауды жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыру.*

Тақстаға жемістер салынған суреттерді қатар іледі. (қызыл алма, көк алмұрт, сары лимон, қызғылт апельсин). Балалар суреттерді 10 секунд уақыт қарайды, сосын көздерін жұмады. Лимон мен апельсин суреттерінің орнын ауыстырады және қызыл алманың суретін ауыстырады.Балалар көздерін ашып не өзгергенің айтып береді.

**Сергіту сәті.**

**ІҮ. Оқу құралдағы жұмыс.**

**1-тапсырма**. Өзгерістердің қанадй белгі бойынша өткенін анықтау.

**2-тапсырма.**Фигуралардың өлшемі, пішіні, түсі бойынша өзгеруі.

**3-тапсырма.**Геометриялық фигураларды анықтау.

**4-тапсырма.** Заттың әртүрлі белгілері бойынша салыстыру.

-Суреттер несімен ұқсас және айырмашылықтары қандай?

**5-тапсырма.** Фигуралардың белгілерін анықтау және салыстыру.

«Торкөздерде» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Ү.Рефлексия.**

4 сабақ.

**Тақырыбы:** Заттарды топтарға біріктіру.

**Мақсаты:**Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру; «жиынтық», «жиынтық элементтері» түсініктерімен танысу; тұтас түтін ретіндегі жиынтық туралы түсінікті қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** доп, заттардық суреттері, фигуралар салынған карточкалар.

**І.Ұйымдастыру кезеңі.Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізігі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты. Жаңа тақырыпты оқып игеруге дайындық мақсатында заттар туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын дамыту.*

-Біз «Бір сөзбен ата» дейтін бойжазу өткіземіз

Бірнеше затты атап, допты балаға лақтырады.Бала жалпылауыш сөзді атап, допты қайта лақтырады.

-*Шәйнек,кастрол, тәрелке. (Ыдыс)*

-*Қызғалдақ, раушан,түймедақ. (Гүлдер)*

-*Түлкі, аю, қоян. (Аңдар)*

*Диван, үстел, шкаф. (жиһаз)*

-*Үшбұрыш, шаршы, шеңбер.(Фигуралар)*

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру.Ойын іс – әрекеті.**

Балалар заттар туралы ақпаратты талдауды, қорытындылауды, заттарды ортақ және ерекше белгілері бойынша жіктеуді үйренеді. Балаларды «жиынтық», «жиынтық элементтері» түсініктерімен таныстырады және жинақ біртекті заттардан ғана емес, сол заттардың белгілері бар бөлшектерден де құралуы мүмкін екендігін түсіндіреді. Мысалы: «Көлік» жиынтығын әуе көлігіне (ұшақ, тікұшақ), су көлігіне (қайық, кеме), т.с.с. бөлуге болады. Материалды бекіту үшін ойын ойнауды ұсынылады.

**1-ші ойын. Жиынтық жина.**

*Мақсаты:заттарды жиынтықтарға біріктіру іскерлігін қалыптастыру.*

Тақтаға екі сурет ілінген (домалақ қызыл доп,домалақ қызыл үрмелі шар). 3 қатысушыны кезек-кезек шақырады және жиынтық шығу ұсынылған суреттердің ішінен домалақ жасыл алма, пирамида,қызыл шәйнек осы суреттерге қосуға тағы біреуін таңдап алауды ұсынады.Бала неліктен осы суретті таңдағанын (яғни жиынтықты ол қандай белгі бойынша жинағанын) түсіндіруге тиіс.

**2-ші ойын.Жиынтықтарға бөл.**

*Мақсаты:заттарды жиынтықтарға бөлу іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту*.

Командылар бойынша жұмыс істеу.Әр командаға заттардың суреттерін таратады  бәрінші командаға киімдердің суреттерін,екінші командаға ыдыстардың суреттерін береді.балалар суреттерді жиынтықтарға бөлу және қандай белгі бойынша бқлінгендерін айтып берулері керек. (Мысалы:түсі бойынша неге арналған бойынша т.б). қай команда бөлу нұсқаларын көп ұсынса, сол жеңеді.

**3-ші ойын.Не қалды?**

*Мақсаты:заттарлы жиынтықтардан берілген белгісі бойынша бөлу іскерлігін қалыптастыру.*

Тақтаға фигуралар салынған карточкалар іліенген(үлгіні қараңыз). Бірінші қатысушыға тәрбиеші барлық үшбұрыштартарды тақтада қалдыруды, ал басқа фигураларды алып тастауды ұсынады. Екінші қатысушытақтада барлыық үлкен фигураларды қалдырып басқаларын алып тастау керек.



Үшінші қатысушы тек ақ фигуралар ғана қалуға тиіс. Ойынды басқа фигуралармен қайталауға болады.



**Сергіту сәті.**

**IY.Дәптермен жұмыс.**

**1-тапсырма.** Заттарлың жиынтықтарға қандай белгілері бойынша біріктірілгенін анықтау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

**2-тапсырма**. Фигураларды жиынтықтарға көрсетілген белгі бойынша бөлу.

**3-тапсырма.** Затты жиынтықтан кейбір белгісі бойынша бөліп алу.

«Төргөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

5-сабақ.

**Тақырыбы:** Сол жақ-оң жақ.

**Мақсаты:** өзіне және алынған нысандарға қатысты сол жақ – оң жақ кеңістіктік қатынастарын қалыптастыру оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.

**Көренекіліктер:** доп, заттардың суреттері,фигуралар салынған карточкалар.

**I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**II. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: жаңа тақырыпта оқып игеруге дайындық мақсатында оң қолмен сол қолды ажырату іскерлігін тексеру,ойын дамыту.*

-Біз «Қолды көтер» дейтін бойжазу.

Тәрбиеші баланың есімін айтып,сол бала оң сол қолын көтеруін сұрайды.

**III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Балалардың үш өлшемді кеңістіктегі кеңістіктік түсініктерін кеңейту бойынша жұмыс жалғасады. Осы тұста бұл сабақта сол-оң жақ қатынасына ерекше көңіл бөлінеді.баланың қоршаған заттарға қатысты өзінің орнын және өзіне қатысты қоршаған заттарың орынын анықтайтын жаттығулар тиімді.

**1-ші ойын.Керісінше жаса».**

*Мақсат:  сол жақ –оң жақ, сол жақтан-оң жақтан, солғ-оңға ,т.б. кеңістіктік қатынастарды қалыптастыру.*

Балалар тақтаға шығып, тәрбиешіні қоршап тұрады. Тәрбиеші сол көздерін көрсетулерін сұрайды,балалар оң көздерін көрсетулері керек. Тәрбиешә оң қолдарын бір жандарына созуларын сұрайды, балалар сол қолдарын бір жандарына созуларыы керек. Әр тапсырма сайын ойын екпіні жылдамдай түседі. Қателескен балалар ойыннан шығып,өз орындарына отырады. Бірде бір қателік жеберменген бала жеңіске жетеді.

**2-ші ойын. Көзіңді жұмып,есіңе түсір.**

*Мақсаты сол жақтан-оң жақатн кеңістіктік қатынасарын бекіту кеңістіктебағдарлау және заттың тұрған жерін есте сақтағанын бойынша анықтау іскерлігін дамыту,есте сақтауды дамыту.*

Қатысушыларды шығарып бөлме ішін 30 секунд уақыт қарап алуды ұсынады. Бірінші қатысушы (оның сұраққа жауап берген соң ғана көзін ашуына болады) ал тәрбиеші  Аквариум терезенің оң жағында ма әлде сол жағында ма? деп сұрақ кояды. Бала дұрыс жауап берсе, онд ол ойында қалады, ал дұрыс жауап бере алмаса ойынан шығып орынына отырады. Тәрбиеші келесі қатысушыға сұрақ қояды. Бәрінен көп дұрыс жауап бере алған бала жеңіске жетеді.

**Сергіту сәті.**

**IY. Дәптермен жұмыс.**

**1-тапсырма.** Сол жақ – оң жақ кеңістіктік түсініктерін анықтау.

**2-тапсырма.** Сол жақ-оң жақ, сол қол-оң қол түсініктерімен жұмыс.

-Қыздың ол жағында не тұр?

**3-тапсырма.** Заңдылықты анықтау.

**4-тапсырма**.сол жақ-оң жақ,сол жақтан –оң жақтан,артқы жағы –алдыңғы жағы түсініктерін бекіту.

**5-тапсырма.**Графикалық жұмыс. Төркөз қағаз бетіне бағдарлау. Айнадағы кескін.

Торкөздерге орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Ү. Рефлексия.**

6-сабақ.

**Тақырыбы:** Уақыт реттілігін анықтау.

**Мақсаты:** уақыттық түсңнңктерді (кеше-бүгін-ертең, алдымен-кейін, ертелеу-кештеу) дамыту. Оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін анықтау.

**Көрнекіліктер:** доп, дануарлардың суреттері мақта қыз ертегісінің кейіпкерлерінің суреттері, үлестіірмелі карточкалар,түрлі түсті қағаздан жасалған балық детельдар, оқиғалар реттілігі салынған сурет.

**І. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: жаңа тақырыпты окып меңгеру мақсатында бұрын меңгерген білімдерді тексеру,ойын дамыту.*

-Біз Өскенде кім болады? Деп аталатын болжау өткізеді.

Тәрбиешы жануардың атын атап, допты лақтырады. Бала оның өскенде не болатынын айтып, допты қайта лақтырады. Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін тәрбиеші соған сәйкес суретту (құлын мен ат, балапан мен тауық, бұзау мен сиыр, лақ пен ешкі, қозы мен қой )көрсетеді.

-*Құлын...(ат)*

-*Балапан...(тауық)*

-*Бұзау...(сиыр)*

Бойжазудан кейін сабақтың тақырыбын таныстыру.

**ІІІ. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Уақыт түсініктерді (кеше-бүгін-ертең, алдымен-кейін, ертелеу-кештеу) анықтау мен балалардың күнделікті өмірде осы түсініктерді қолдану іскерлігін біліуге байланысты жұмыс жалғасады. Тапсырмаларды орындай отырып балалардың оқиғалардың уақыт барысында реттелген бір іздiлігін анықтауды үйренеді.

-*Қанеки, Мақта қыз бен мысық ертегісін еске түсірейік.*

Тақтаға сиырдың,ағаштың,қыздардың,сатушының,тауықтың, тышқанның суреттерін іліп қояды.

-Мысық алдымен қайда барады?

-Сосын кімге барады?

-Ол қайда жұмсайды?

-Ең соңына не істейді?

Материалды бекіту үшін ойын ойнау.

**1-ші ойын. Ерекше іс.**

Мақсаты: кеше –бүгін-ертең уақыттық түсініктерін дамыту,әрбір баланың кеше,оның ойынша, басқалар істемеген қандай ерекше іс істегенін есіне түсіруін ұсынады.Мысалаы бассейінге барды, теңіз қырыққабатын жеді т.б. Егер, шынында да кеше онан өзге ешкім мұны істемеген болса,онда бала фишкаға ие болады. Сосын балаларға бүгін қандай ерекше іс істегендерін еске түсіру,ал ертең не істейтіндерін ойлап табуы ұсынылады. Кім фишканы көп жинаса, сол жеңіске жетеді.

**2-ші ойын. Балықты құрастыр.**

*Мақсаты: алдымен-кейін уақыттың түсініктерін дамыту,оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.*

Әрбір жұмыс үстеліне түрлі-түсті қағаздан жасалған балықтың бөлшектері(мысалды қараңыз)беріледі. Балалар юалықты жинап,құрастыру керек. Мұны басқалардан жылдам жасаған бала әрбір бөлшекті көрсете отырып және алдымен-кейін деген сөздерді қолдана отырып,жұмыстың қандай жүргенін айтып береді.

**3-ші ойын. Оқиғалардыы рет-ретімен қой.**

*Мақсаты ертелеу-кештеу уақыттық түсініктерін дамыту,оқиғалдың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.*

Әрбір жұмыс үстеліне бір-бірден суреттер жинағын( мысалы гүлдің өсу кезеңдері) береді және оларды ненің ертелеу (ертерек), ал ненің кештеу (кешірек) жүргені түсінікті болатындай етіп қойып шығуды ұсынады. Сосын тапсырма басқалардан бұрын орындап шыққан балаларға суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыру ұсынылады.

**Сергіту сәті:**
**IY. Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** «Алдымен» - «кейін» уақыттық түсініктерімен жұмыс.
**2-тапсырма.** «Ертелеу»-«кештеу» уақыттық түсініктерімен жұмыс.
-Қане, мысалды қарастырайық: әуелі жұмыртқа болды, сосын одан балапан жарып шықты.
Ай далада ақ отау,
Аузы – мұрын жоқ отау. (жұмыртқа)
**3-тапсырма.** Іс-әрекеттердің реттілігін анықтау.
«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Y. Рефлексия.**

7 сабақ.
**Тақырыбы :** Уақытты бағдарлау
**Мақсаты:** тәулік бөліктері мен апта күндері білімдерін және уақыт аралықтарының реттілігінде бағдарлау іскерлігін анықтау; «уақыт сезімін» дамыту. Күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** доп, адамдардың суреттері, фишкалар.
**І. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**
**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты: тәулік бөліктері, апта күндері мен олардың реттілігі туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын дамыту.*
-Біз «Болған – болады» деп аталатын бойжазу өткіземіз.
Тәрбиеші тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

-Таң болған, .... (күн) болады.
-Күн болған, ...(кеш) болды.
-Кеш болған, ...(кеш)болды.
-Түн болған, ...(кеш)болды.
Балаларды мақтап қояды және барлық апта күндерінің аттарын қайталап шығуды ұсынады. Бойжазудан кейін сабақтың тақырыбын айту.

**III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Балалар тәулік бөліктері мен апта күндерінің реттілігін кеңістік – уақыттық қатынастарды білдіретін сөздердің («алдында», «артында», «кейін» т.с.с.) көмегімен анықтауды үйренеді. Балалар уақыттық аралықтардың ұзақтығы туралы білімдер анықталып, кеңейді, демалыс және жұмыс күндері, олардың заңдылықтары мен кезектесіп келуі туралы түсініктер қалыптасады. Бұл материалды балалар «Таңертең ерте кім жұмыс істейді? Түнде не болды? Дүйсенбі күні сендерде қандай сабақтар өтеді? Өзіңнің күн режимің туралы айтып бер»,т.с.с. өмірлік жағдайлардың мысалында оғай қабылдайды. Күн режимін сақтау мен уақытты үнемдеудің маңыздылығына көп көңіл аударады. Ойын ойнау ұсынады.

Балалар, оқуға бар, жатпа қарап,
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ.
Шақырады тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн сығалап.
-Тауық қай мезгілде шақырады?

*Мақсаты: тәулік бөліктері туралы түсініктерді бекіту.*

Адамдардың тәуліктің әр мезгіліндегі іс-әрекеттерін бейнелейін суреттерді көрсетеді. Балалар мұның қай уақытта болуы мүмкін екенін айтып берулері керек. Мысалы: «Бала тісін тазалап жатыр.» бұл таңертең үйқыдан тұрған соң, кешке ұйықтар алдында алдында, әр жолы тамақтанған соң болуы мүмкін. Әр дұрыс жауап үшін тәрбиеші фишка береді. Кім фишкаларды бәрінен көп алса, сол жеңеді.

**2-ші ойын. «Бұл қай кезде болады?»**

*Мақсаты: тәулік бөліктері мен апта күндерінің реттілігін кеңістіктік – уақыттық қатынастарды білдіретін сөздердің(«алдында», «артында», «кейін», т.с.с.) көмегімен анықтау іскерлігін қалыптастыру; зейінді дамыту.*

Ойынға қатысушылар қатар түзеп тұрады. бірінші қатысушыға қарап «Таңертеңгілік уақыт...кейін болады», «Сейсенбі ... аралығында болады» деген сияқты сөздерді айтады. Қатысушы тиісті сөздерді айтып, сөйлеуді толықтыруы керек. Егер бала дұрыс жауап берсе, онда ойында қатал береді, ал дұрыс жауап бере алмаса – ойыннан шығып, орнына барып отырады.

Келесі қатысушыға толықтыруға сөйлем ұсынады. Әр жолы ойын екпіні жылдамдатыла түседі. Ойында бәрінен ұзақ шыдаған бала жеңіске жетеді.

**Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**

1-тапсырма. «Аңсардың күн режимі» суреті бойынша жұмыс. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2- тапсырма. Тәулік мезгілдері туралы түсінікті дамыту.

-Ұлжан таңертең не істеді? Күндіз ше? кешке ше?

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y. Рефлексия.**

8 сабақ.

**Тақырыбы:** Уақытты бағдарлау.

**Мақсаты:** жыл мезгілдерін, айларын ретімен атау іскерлігін дамыту; уақыттың кезеңдігімен қайтымсыздығы туралы түсінікті қалыптастыру.

Көрнекілігі: доп, жыл мезгілдерінің суреттері, т.б.

**I.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**II. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: уақыттық түсініктер туралы бұрын меңгерген білімдерді анықтау; ойын дамыту.*

-Біз «Тезірек ата» деп аталатын бойжазу.

Тәрбиеші тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

-Кез келген жыл мезгілін ата.

-Кез келген апта күнін ата.

-Кез келген айды ата.

-Кез келген жыл мезгілінің ай аттарын ата.

**III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Балалар барлық жыл мезгілдерінің аттарын атайды.

| Күз. | Көктем. |
|---|---|
| Күз айы бастайды, | Көктемді көңілді, |
| Құстар қайта бастады. | Құстар кеп жатқанда. |
| Жапырақ сарғайып, | Құлпыртып өңірді. |
| Жерге түсе бастады. | Гүл ектік бақтарға. |
| Қыс. | Жаз. |
| Жапалақтап ала қар, | Жайқалып жапырақ. |

Жауды күнде қайталап.
Қырға шықты балалар,
Шаңғыларын арқалап.

Құлпырып қызғалдақ.
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күншуақ.

Сосын балалар барлық ай аттарын атайды. Уақыттың ауыспалығы, кезеңдігі және қайтымсыздығы туралы түсінікті бекіту бойынша да жұмыс жүргізіледі. Балалар айлардың, жыл мезгілдердің реттілігін тұрақты екендігін анықтайды (бейсенбі қашан да сәрсенбінің орнына, ақпан – қаңтардың, жаз көктемнің орнынакеледі, т.с.с.) ойын ойнау ұсынылады.

**1-ші ойын. «Алақанынды соқ-соқпа»**

*Мақсаты: жыл мезгілдері мен ай аттары білімін бекіту; зейінді дамыту.*

Ай, жыл мезгілдері, жыл мезгілдерінің ай аттарын еркін түрдегі кезекпен атайды.балалар міндеті – егер жыл мезгілінің(айдың)атауын естісе, алақандарын соғу, басқа атаса-қолдарын жоғары көтеру, қателік жібермеген балалар жеңіске жетеді.

**2-ші ойын: «Одан әрі не болды?»**

*Мақсаты: жыл мезгілдері, жыл мезгілдерінің айлары, айларыд ретімен ату іскерлігін дамыту; уақыттың кезеңдігі мен қайтымсыздығ туралы түсінік қалыптастыру; зейінді дамыту.*

Ойынға қатысушыларға кез келген жыл мезгілін (айды) атайды. Қатысушы осы айтылғаннан кейін келесі жыл мезгілін (айды) айтуы керек. Егер бала дұрыс жауап берсе, онда ойында қала береді, ал дұрыс жауап бере алмаса – ойыннан шығып, орнына барып отырады. Кез келген қатысушыға сұрақ қойылды. Әр жолы ойын екпіні жылдымдатыла түседі. Ойында бәрінен ұзақ шыдаған бала жеңіске жетеді.

**Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**

1-тапсырма. «Айлар суреті бойынша жұмыс. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2-тапсырма.жыл мезгілдері туралы түсінікті дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

9- сабақ.

**Тақырыбы:** Сызықтар. Түзу сызық. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық.

**Мақсаты:** «сызық» түсінігін қалыптастыру; түзу және қисық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтарды бір-бірінен ажырату іскерлігін дамыту;

тұйықталмаған және тұйықталған сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** доп, көз байлайтын орамал, санақ таяқшалар.

**І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; Тақтада алдын ала іртүрлі сызықтар салынған.

- Біз «Сызықты ата» дейтін бойжазу өткіземіз.

Сызық атауларының нұсқаларын (түзу, қисық, қиғаш, толқынды, көлбеу,т.с.с.) білем дейтін бала қолын көтереді. Тәрбиеші ол балаға допты лақтырады. Бойжазудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Балалар сызықтар **(**Сызықтар. Түзу сызық. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықтал-
маған ) туралы жалпы түсініктерге ие болады . талқылау барысында балалар сызықты (2түстің шекарасы, қағазды кесудің нәтижесі, керілген жіптер, автокөліктің жолы, т.с.с.) қалай алуға болатынын анықтайды, сызықтарды қоршаған ортадан табады, сызықтың бастауы мен соңы болмайтынын ұғынады. Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

**1-ші ойын. «Түзу сызықпен жүріп өт»**

Мақсаты: «түзу сызық», «қисық сызық» түсініктерімен тәжірбиелік түрде танысу; қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту.еденге түзу (қисық) сызық салады. Ойынға қатысушыларды міндеті – осы сызықтың бойымен аяқты бір де бір рет жаңылыс баспастан жүріп өту. Олар мұны әуелі (жаттығу есебінде) көздері ашық күйде жасайды,
сосын олардың көздерін орамалмен байлайды басқаларға қарағнда ең түзу жүріп өткен бала жеңеді.

**2-ші ойын: «түзу сызық», «қисық сызық»** түсініктерін бекіту; ұсақ қол қимылдарын дамыту; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту; қимыл-қозғалыс белсенділін дамыту.

Топ бойынша жұмыс істеу. Әр топ мүшелері сап түзеп тұрады. Әр топтан белгілі бір қашықтықта бетінде саны бірдей санақ таяқшалары бар үстелдер тұрады. топтардың міндеті – санақ таяқшасын екі нынашақпен қысып, барынша тез жылдамдықпен өз үстелінде түзу сызық етіп қойып шығу. Қатысушылар бірінен соң бірі кезектесіп ойнайды. Әрбір қатысушы бір ғана таяқша қоюы керек, сосын келесі ойыншыға орын береді. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындап шыққан команды жеңіске жетеді.

**Сергіту сәті:**

**ІҮ.Дәптермен жұмыс.**

**1-тапсырма.** Сызықтарды салыстыру. «Түзу сызық», «қисық сызық», «тұйықталмаған», «тұйықталған қисық сызық» түсініктерімен жұмыс.
**2-тапсырма.** Графикалық жұмыс. Түзу және қисық, тұйықталған және тұықталмаған сызықтарды бір-бірінен ажырата білу іскерлігін дамыту.
**3-тапсырма.** Сызықтарды пішіні мен бағыты бойынша салыстыру. Зейінді дамыту.
**4-тапсырма.** Екі өлшемді кеңістікте бағдарлау. Зейінді дамыту. «Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Ү.Рефлексия.**

10-сабақ.
**Тақырыбы:** Нүкте, сәуле, бұрыш, кесінді.
**Мақсаты:** «Нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру; оқып-меңгерілетін фигураларды құруды ерекшеліктерімен таныстыру;. Нүкте, сәуле, бұрыш, кесіндіні бір-бірінен ажырату іскерлігін дамыту.
**Көрнекіліктер:** доп, сурет салуға арналған қағаз.
**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**
**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
**Мақсаты:** жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көркету; лынып қойылады.
Тақтада алдын ала бірнеше нүкте салынып қойылады.

- Біз «Нүкте дегеніміз не?»дейтін бойжазу өткіземіз.

Жауап нұсқаларын (дөңгелекше, қаламмен, фломастермен малған белгі, т.с.с.) білем дейтін бала қолын көтереді. Тәрбиеші ол балаға допты лақтырады. Ол жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.
**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Балалар нүкте, сәуле, бұрыш, кесінді  және оларды құру әдістерімен танысады. Балаларға торкөз қағаз бетінде бағдарлау іскерлігін дамытуға арналған тапсырма (тордың ортасына, тордың ол жақ жоғары бұрышына нүктелер салу, т.с.с.) берген пайдалы. Балалар сызуда түзу мен кесіндіні ажыратуды үйренеді. Олар кесіндінің ұштары нүктелермен немесе штрихтармен белгіленетінін, ал түзуді салғанда мұндай шарттардың жоқ екендігін ұғынулары керек. Балалар сызудан түзумен кесіндіні ажыратуды үйренеді. Олар кесіндінің ұштары нүктелермен немесе штрихтармен белгіленетін, ал түзуді салғанда мұндай шарттардың жоқ екендігін

ұғынулары керек. Балалар кесіндіні қағаз алса да түзу сызықты қағаз бетінде орналастыруға болмайтыны туралы қорытынды жасайды. Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.
1-ші ойын. «Нүкте арқылы сызық жүргіз»
Мақсаты: фигураларды құрастыру ерекшеліктерімен таныстыру; топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту; қимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту.
Топтар бойынша жұмыс істеу. Тақтада бірнеше нүкте салынаған (әр команда үшін бір-бір нүктеден). Қатысушылардың міндеті – барынша тез жылдамдықпен нүкте арқылы көптеген сызықтар жүргізу. Тәрбиешінің белгі беруімен әр топтың қатысушысы тақтаға жүгіріп жетіп, бір сызық жүргізуі, срсын командаға қайтып келіп басқалардан тез орындап шыққан команда жеңіске жетеді. Ойынның күрделендірілген нұсқасы: нүкте арқылы кесінділер немесе сәулелер жүргізу керек.
2-ші ойын. «Фигураларды есте сақтап қал және сал.»
Мақсаты: геомертриялық фигуралар: түзу, сәуле, бұрыш, кесінді, қисық сызықты бейнелеу іскерлігін қалыптастыру; зерденi, ұсаққол қимылдарын дамыту.
Тәрбиеші тақтаға фигураларды кезекпен-кезек салады (түзу сызық, сәуле, бұрыш, кесінді, қисық сызық). Әр фигура 5-6 сек көрсетіледі, сосын оны өшіріп тастап, орнына басқасы салынады. Сосын тәрбиеші сурет салуға арналған қағаз таратады және осы фигураларды тәрбиеші қандай реттілікте сызса, сондай реттілікте сызып шығасындар деп тапсырма береді.
**Сергіту сәті:**
**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Графикалық жұмыс. «Нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерімен жұмыс.
2-тапсырма. Графикалық жұмыс. Сәуле мен кесіндіні, сәуле мен бұрышты, кесінді мен бұрышты бір-бірінен ажырату іскерлігін дамыту.
Орман кезіп тынбай,
Аңдығаны тышқан.
Күн көзінен тығылып,
Түнде ғана ұшқан. (жапалақ)
Жапалаққа фигураны үлгі бойынша қоршап шығу.
«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Y.Рефлексия.**

**11сабақ.**

**Тақырыбы:** Бір. Көп. 1 саны мен цифры. Жол. Баған.

**Мақсаты:** жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту;

**Көрнекіліктер:** доп, көз байлайтын орамал, санақ таяқшалар.

**І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген санау дағдыларын тексеру;*

- Біз «Бөлмеде не бар?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Сұрақтарды кезектестіріп береді, осымен қатар балалардың жауаптарының қайталанбауын бақылайды.

- Біздің бөлмемізде не туралы «ол біреу» дер айтуға болады?
- Біздің бөлмемізде не туралы « ол көп» деп айтуға болады?

Бойжазудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Көрнекі суреттер мен ойын жағдайларының мысалында балалар «Неше» (Қанша?)

деген  сұрақта қоюды үйренеді. Өз жауаптарында балалар «біреу» және «көп» деген сөздерді қолданады. Тәрбиеші тақтаға   1саны бар карточка іледі; 1 санының қалай шығатының түсіндіреді;

«Бізге сандар не үшін керек?  Біз сандарды  қайда кездестіреміз?» деген тақырыпты талдау өткізу.

2-шә ойын. «Бір және көп»

Мақсаты: «бір» және «көп» ұғымдары туралы түсініктер қалыптастыру. Балалар тақтаға шығып, тәрбиешінің айнала қоршап тұрады. Тәрбиешінің  іс-әрекетін (мысалы: алақан соғу) айтады., сосын «бір»  және «көп» деген сөздерді кезекпен айтады. (мысалы: бір, көп,көп, көп, бір, т.с.с) Қателескен балалар ойыннан шығып, орындарына барып отырады. Тәрбиеші одан соң басқа әрекеті атайды. (қол көтеру), сөйтіп ойын жалғасады.

3-ші ойын: «Сұрақ ойлап тап»

Мақсаты: «Неше? (Қанша) сұарғын қоя білу іскерлігін қалыптастыру; заттарды түрлі белгілері бойынша салыстыра іскерлігін дамыту; «кесте», «жол», «баған» түсініктерінмен танысу. Топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту.
Топтар бойынша жұмыс істеу. Әрбір топтың фигуралары бар кесте(төменде) үлестіреді. Топтардың міндеті – неше, қанша, деген сөзбен барынша көп сұрақ ойлап табу, ал жауабы бір немесе көп болуы керек. Мыс: үшбұрыш нешеу? Ақ түсті фигуралар нешеу?



**Сергіту сәті:**
**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма. Жекелеген заттарды жиынтықтан бөліп алу.**
**2-тапсырма. «Жол» түсінігімен жұмыс.**
**3- тапсырма. «Баған» түсінігімен жұмыс.**
«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Y.Рефлексия.**

12- сабақ.
**Тақырыбы:** 2 саны мен цифры.
**Мақсаты:** 2 санымен және цифрымен таныстыру. «сандық қатар» түсінігін қалыптастыру; «Неше?» және «Нешінші» сұрақтарын салыстыру**.**
**Көрнекіліктер:** доп, 1 , 2 сандары бар карточкалар, заттардың суреттері.
**I.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**
**II. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген санау дағдыларын тексеру;*
-Біз «Ойланбастан жауап бер» деп аталатын бойжазу өткізу.
Сұрақ қойып, допты лақтырады. Бала жауап беріп допты қайта лақтырады.

- Сенің мұрның нешеу? т.с.с.

**III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

1,2 сандары бар карточкаларды іледі;балаларды «сандық қатар» түсінігімен таныстыру; 2цифрының жазылуымен таныстыру;
1-ші ойын: «Сана және көрсет»
Мақсаты: 2-нің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту; зейінді және қимыл-қозғалыс белсенділігн дамыту;
1 немесе 2 зат бейнелеген суреттерді көрсету. Егер суреттегі зат 1-еу болса балалар қлдарын алға соззу керек, егер зат 2-еу болса, онда қолдарын иықтарына қояды. Бірде бір бала қателеспеген бала жеңіске жетеді.
2-ші ойын: «Моншақтарды жина»
Мақсаты: 2-нің көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту; фигуралардың қайталану реттілігін құру іскерлігін қалыптастыру.
Балалар тәрбиешіге қарап қатар түзеп тұрады. екі топқа бөлінеді. Әр топқа 2 түсті қағаз дөңгелектердің барлығы пайдалынатындай етіп құрастыруы керек.
Мыс:
**Сергіту сәті:**
**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Суретті 1,2 сөздерін пайдаланып сипаттау;
**2-тапсырма.** Майрампаздар киімінің бөлшектерінің пішіні мен түсін салыстыру;
**3-тапсырма.** Логикалық ойлауын дамыту;
«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Y.Рефлексия.**

13 сабақ.
**Тақырыбы:** 3 саны мен цифры.
**Мақсаты:** 3 санымен және цифрымен танысу; 3-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.
**Көрнекіліктер:** доп, 1-3 сандары, карточкалар.
**I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**
**II. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігн танытатын жағдайда көрсету;*
-Біз «Тура келетін сөзді толықтыру» деп аталатын бой жазу.Допты лақтыра отырып,
Қайың, қарағай...(емен)

Сазан, шортан,.....(табан)
Раушан, лала,....(түймедақ)

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Бойжазудың қорытындысын жасағаннан кейін әр топқа қатысты неше сөз айтылғанын анықтауды ұсынады. 2 сөз болған енді 3 сөз болды. Бүгін сабақта 1-3сандары бар суреттер арқылы сабақ түсіндіріледі. Бекіту үшін ойын ойнау;

1-ші ойын. «Ошаған»

*Мақсаты: 1-2 сандары туралы білімдерді бекіту; 3 санымен және цифрымен танысу; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.*

Балаларға 1-3 андарын беріледі. Балалар ошағанның тікенегін бейнелеп, бөлме ішінде ұшып жүреді.музыка тоқтап қалғанда. Әр бала өз жұптарын тауып алады. Жұбын таба алмаған бала жеңіледі.

**Сергіту сәті:**

**ІҮ.Дәптермен жұмыс.**

**1-тапсырма.** 1,2,3 сөздерін қолданып, суретті сипаттау; 3-тің көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту;

**2-тапсырма.** Заттардың белгілерін анықтау; есептік және реттік санау.

**3 тапсырма.** Фигуралардың белгілерінің өзгеруі.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Ү.Рефлексия.**

14 сабақ.

**Тақырыбы:**4 саны мен цифры.

**Мақсаты:** 4 санымен және цифрымен танысу. 4-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

**Көрнекіліктер:** доп, 1-4 сандары бар карточкалар, санақ таяқшалар, геометриялық фигуралар әртүрлі орналасқан плакаттар.

**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету.*

Түрлі тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады.бала жауап беріп қайта лақтырады.

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

**Бойжазуда бала неше сөз айтқанын анықтау ұсынылады. Тақтаға 1-4 сандары бар карточкаларды іледі. 4 саны қалай шығатын таныстырады.**

**1-ші ойын: «Керек санды көрсет»**

*Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту.*

Қарындашпен үстелді 4-тің көлемінде бірнеше рет соғады, балалар қарындаштың неше рет соғылатына сәйкес саны бар карточкаларды көтеру.

2-ші ойын: «Есте сақтағаны бойынша айтып беру»

Мақсаты: 1-3 цифрлары туралы білімдерді бекіту; 4 санымен және цифрымен танысу. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша ажырата білу және қағаз бетінде бағдарлау іскерлігін дамыту. есте сақтау ды дамыту.

Тақтаға түстерімен өлшемі әртүрлі 1-4 цифрлары жазылған плакат ілінбеді. Плакатты алып тастап 4 саны қандай түспен берілгенің сұрау,т.с.с.қағаз бетінде орналасқан сандарды есте сақтап қалу.

**Сергіту сәті:**

**IҮ.Дәптермен жұмыс.**

1- **тапсырма.** «Төрт», «артық», «кем» сөздерін пайдаланып суреттерді сипаттау.
**2- тапсырма.** Заттарды есептік жіне реттік санау. 1-4 сандарының реттілігімен жұмыс істеу.
3- **тапсырма.** Зейінді және логикалық ойлауды дамыту.

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Ү.Рефлексия.**

15 сабақ

**Тақырыбы:** Төртбұрыш. Текше.

**Мақсаты:** төртбұрышпен оның ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Текше түсінігін қалыптастыру. Шаршы мен текшенің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау.

**Көрнекіліктер:** доп, заттардың суреттері, әртүрлі төртбұрыштар салынған карточкалар, түстері мен өлшемдері әртүрлі текшелер.

**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген салыстыру дағдыларын тексеру.*

-Біз «Қайсысынікі үлкен?» деп аталатын әзіл –қалжын бойжазу өткіземіз. Сұраққа жауап беру
-Қайсысының жапырақтары үлкен: Гүлдің бе әлде ағаштың ба?
-Қайсысының қанаттары үлкен : көбелектің бе әлде ұшақпа? т.с.с.
**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Балалар көрнекілікті пайдаланбастан 4тің көлемінде салыстыруды үйренеді. Одан әрі балалардың төртбұрыш және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін бекіту мен кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіледі. Балалар әуелә шаршы мен тікбұрыш,оларды ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарап шығады.
Мұғалім сосын басқа да төртбұрыштармен таныстырады. Балалар төртбұрыш- бұл төрт бұрышы және төрт қабырғасы бар фигура, ал оның шаршы немесе тікбұрыш болуы шарт емес екендігін анықтайды. Балалар төртбұрыштарды түсіне, өлшеміне қарап ажыратуды, қағаз бетінде қарапайм құрылыстар құрылыстар жасауды және санақ таяқшаларының фигуралар жасауды үйренеді. Балалардың жалпы дамуы үшін Неліктен терезелер (есіктер) төртбұрышты? Ал оларды үшбұрышты етіп жасаса, не болар еді? Деген тақырыпта пікірталас өткізуге болады. мұнан әрі мұғалім балаларды текше түсінігімен таныстырады, шаршы мен текшеге салыстырмалы талдау жасауды, олардың ұқсастықтары мен айырмақшалықтарын анықтауды ұсынады.
Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

**1-ойын.Кім тезірек айтады?**
*Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санауды дамыту жиынтықтарды салыстыру іскерлігін дамыту.*
Мұғалім сұрақтар қойып, мөлшері әртүрлі заттар салынған суреттердікөрсетеді Қайсысы аз жаңғақтар ма әлде бүршіктер ме? Т.с.с. Бірінші болып қол көтерген бала жауап береді. Әрбір дұрыс жауап үшін мұғалім фишка береді. Кім көп фишка жинаса, сол жеңеді.

**2-ойын. Қисық айналар патшалығы.**
*Мақсаты: шаршы туралы түсініктердің негізінде төртбұрыш түсінігімен тәжірибелік танысу.*
Мұғалім Қисық Айналар Патшалығына қашып кеткен Шаршы туралы ертегі оқиғасын айтып береді ...Шаршы қисық айнаға жүгіріп барып, оған қараған кезде ол жақтан аздап шаршыға ұқсас фигуралар атып шығады... . Сосын мұғалім әртүрлі төртбұрыштар салынған карточкаларды көрсетіп,оларды шаршымен салыстыруды ұсынады, мұнан кейін сурет салатын қағазды

таратып, шаршыдын өзгеше 4 төртбұрыштың суретін салуға тапсырма береді. Бұл тапсырманы дұрыс және басқалардын тез орындап шыққан бала жеңеді.

**3-ші ойын. Фигураны тап**

*Мақсаты: жазық геометриялық фигуралардың кеңістікте денелермен арақатынасын анықтау іскерлігін дамыту командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.*

Мұғалімнің үстелінде түстерімен өлшемдер әр түрлі бірнеше текше жатады. Командалар  бойынша жұмыс істеу. Әр командаға мұғалім текшелердің фотосуреттерін (үлгіні қараңыз) үлестіреді. Қатысушылар өздеріне фотосуреттері берілген текшелерді табуға тиіс. тапсырманы дұрыс және басқалардын тез орындаған команда жеңеді.





**Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**

**1-тапсырма.** Сонша түсінігімен жұмыс істеу.

**2-тапсырма.** Заттар жиынтықтарын артық,кем,тең, түсініктерін пайдаланып салыстыру

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

16 сабақ

**Тақырыбы:**Сандарды салыстыру.

**Мақсаты:**  заттар жиынтықтары (олардың шамалары мен орналасуына қарамастан) мен сандарды (көрнекіліі материалына сүйенбестен) « >», «<», «=»белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:**доп, « >», «<», «=»белгілерінің

**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**

*Мақсаты:жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;*

-Біз *«Артық-кем» деп аталатын бойжазу өткіземіз.*

Мұғалім тапсырманы жариялайды Мен бір санды айтамын, сендер айтылған саннан 1-ге артық(кем) санды атайсындар, сосын допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін мұғалім сабақтан тақырыбын жариялайды.

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Мұғалім балаларға арнайы белгілері бар екендігін, олардың көмегімен сандарды салыстырудың нәтежелерін жазуға болатынын түсіндіреді. Мұғалім тақтаға *«<»,« >»,« = »* белгілері бар карточкаларды іледі және балаларды сандарды салыстыру нәтежелерін жазу әдәстерімен (әуелі нақты заттар топтарының мысалында, сосын көрнекілікті пайдаланбастан) таныстырады. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

**1-ші ойын. «Қоншықтар биі »**

*Мақсаты:4-тің көлемінде есептік санау дағдыларды бекіту; 4-тің көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту қимыл қозғалыс белсенділігін дамыту;*

Ойынға қатысушылар мұғалімнің айналысында тұрып аюдың қлншықтарын бейнелейді. Мұғалім дағыраны 4-тің көлемінде бірнеше рет соғады, қоншықтар дәл сонша рет (1 рет артык 1реткем) аяқтарымен еденді тебу керек. Қателескен балалар ойыннан шығып,орындарына отырады. Бірде бір рет қателеспеген балалар жеңеді.

**2-ші ойын« Санды тап»**

*Мақсаты:1-4 цифрлары туралы білімдерді бекіту;сандарды көрнекілік материалға сүйенбестен салыстыру іскерлігін дамыту;*

Мұғалім тақта алдына 2 қатысушыны шақырады (басқа балалар өз орындарынан отырып тексереді). Бірінші қатысушы тақтаға арқасын беріп тұрады. екінші қатысушы – «жүргізуш». Ол 4-тің көлемінде бір сан жасырып,оны тақтаға жазады. Тақтаға арқасын беріп тұрған қатысушы жүргізушіге Бұл – 3-тен артық сан ба? Бұл 4-тен кем сан ба? Деген сияқты жетекші сұрақтар қояды. Оның міндеті – санды 2 әрекеттен аспай тауып алу. Егер ол мұны жасай алса, онда ол жүргізуші болады, ал оның орнына басқа

қатысушы шақырылады. Ал санды таба алмаса, онда ойыннан шығып, орнын басқа қатысушыға береді, жүргізуші болып бұрынғы қатысушы қала береді.
**Сергіту сәті:**
**IY.Дәптермен жұмы с.**
**1**-тапсырма. Заттар жиынтықтарын артық, кем,сонша сөздерін пайдаланып салыстыру.
**2-тапсырма.** «>»,»= белгілерімен танысу.
**3-тапсырма.** Заттар жиынтықтарын «>», «<» белгілерінің көмегімен салыстыру.
**4-тапсырма.** Екі өлшемді кеңістікте бағдарлау. Зейінді дамыту.

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

**17 сабақ.**
**Тақырыбы:** Қосу «+» белгісі.
**Мақсаты:** бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтінге біріктіру ретіндегі қосумен танысу; «+» белгісімен танысу.

**Көрнекіліктер:**
*Мұғалімге көмек:доп, жағдаяттық есептер бар суреттер.*
*Үлестірмелі материал:фигуралары бар карточкалар, фишкалар.*
**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты:жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен  бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру;ойын іс-әректіне уәждеу.*
-Біз « *Бүтінді ата» деп аталатын бойжазу өткіземіз.*
Мұғалім заттың бөлшегін атап,допты балаға лақтырады. Бала ол бөлшекті атап, допты қайта лақтырады.
-*желкен-...(*желкенді кеме)
-*жапырақ-...(*ағаш)

-*Өкше-...(*туфли)
-*шатыр-...(*үй)
-*қабыршақ-...(*балық)
Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Мұңалім әуелі бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру бойынша алдын-ала жұмыс жүргізеді. Жиынтықтарыны бар әртүрлі көрнекілікті тапсырмалардың мысалында бүтін мен бөлшектердің қатынасы анықталады(бөлшектер бүтінен кіші). Балалар бірнеше бөлшекті бүтін жиынтыққа біріктіруге жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға « +»белгісі бар карточканы іліп, балаларды бөлшектерді бір бүтінге біріктіру ретіндегі қосумен таныстырады. Оқып-меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде қосуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасауға үйретеді. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

**1-ші ойын. «Бүтін жиынтықты тап».**
*Мақсаты:бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтін жиынтыққа біріктіру іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.*
Тақтаға фигуралар – бүтін жиынтықтар салынған карточкалар шашыраңқы түрде бекітілген(үлгіге қараңыз). Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға 2 карточкадан- жиынтықтың бөлшкетерін (үлгі қараңыз) береді. Ойынға қатысушылардың міндеті – жиынтық бөлшектерін қосу амалын орындап, оларды тиісті бүтін жиынтықтың жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

Тақтада:



қатысушыларға арналған карточкалар:

1-нұсқа:



2-нұсқа:



3-нұсқа



**2-ші ойын. «Кім көп ойлап табады?»**
Мақсаты: қосуға берілген есептік жағдаяттың үлгісін көрнекілікті материалға сүйеніп жасау іскерлігін қалыптастыру.
Алмалар (3қызыл және 1 сары алма ) салынған суретті көрсетеді және өзінің есептік жағдайят нұсқасын ұсынады. Есептік жағдаятты талқылап, шешекеннен кейін мұғалім балаларға сурет бойынша өз мәтіндерін ойлап табуды ұсынады.
Бекіту үшін ұқсас басқа суреттер көрсетеді. Әрбір дұрыс жауап үшін фишкалар береді. Фишка көп балалар жеңіске жетеді.
**Сергіту сәті:**
**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма**. Реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят. Негізінде қосуға берілген қарапйым есептің үлгісін жасау.
**2- тапсырма.** Жиынтықтарды қосу. Теңдіктер құру.
**3-тапсырма.** Бүтін жиынтықтың бөлшектерін табу. Логикалық ойлауды дамыту.

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

**18 сабақ.**
**Тақырыбы:**Азайту «-» белгісі.
**Мақсаты:** бөлшекті бүтін жиынтықтан шығару ретіндегі азайтумен танысу; «-» белгісімен танысу
**Көрнекіліктер:**
*Мұғалімге көмек:* доп,есептік жағдаяттары бар суреттер.
*Үлестірмелі материал:* фигуралары бар карточкалар, фишкалар.

**I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**II. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын іс-әрекетіне уәждеу;*
-Біз *«Бөлшектерді ата» дейтін бойжазу өткіземіз.*

-*Ағаш*-*...(*бұтақ)
-*Машина*-*...(*дөңгелек)
-*Үстел*-*..(*аяқ)
-*Құс*-*...(*тұмсық)
Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

**III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады. Балалар бүтін жиынтықтан заттардың бөлшектерін шығаруға жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға «-» белгісі бар карточканыіледі және балаларды жиынтықтан бөлшекті шығару ретіндегі азайтумен таныстырады. Оқып-меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну үшін мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде азайтуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасауға үйретеді. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

**1-ші ойын. «Жиынтықтың қалған бөлігін тап»**
Мақсаты:бүтін мен оның бөлшкетері туралы түсінікті қалыптастыру; бүтін жиынтықтанбөлшекті шығару іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту;
Тақтаға фигуралар- жиынтықтардың қалған бқлшектері салынған карточкалар шашыраңқы түрде бекітілген (үлгіні қараңыз). Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға2 карточкадан-бүтін жиынтық пен оның бқлшекін (үлгіні қарыңыз) береді. Ойынға қатысушылардығ міндеті- бүтін жиынтықтан оның бөлшегін азайту амалын орындап, оларды жиынтықтың тиісті қалған бөлшекінің жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпеен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

**Сергіту сәті:**
**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Реттілік суреттерітүріндегі есептік жағдаятнегізінде азайтуға берілген қарапайымесептің үлгісінжасау.
**2-тапсырма.** Жиынтықтарды азайту. Теңдіктер құру.
**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Y.Рефлексия.**

19-20 сабақ.
**Тақырыбы:** 5 санымен цифры.

**Мақсаты:** 5 санымен және цифрымен танысу;5-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

**Көрнекіліктер:**
*Мұғалімге көмек:*доп,1-5 сандары бар карточкалар.
*Үлестірме материал:*1-5 сандары бар карточкалар.

**I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**II. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты :жаңа білімді еңгізу қажеттілігін танытатынжағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу;*
-Біз *«Келесі сан» деп аталатын бойжазу өткіземіз.*
Мұғалім 1(2 3 4) санынан кейінгі келесі санды атауды сұрайды және допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

**III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Мұғалім тақтаға 1-5 сандар бар карточкаларды іледі; натурал 0атарда 5 санының қалай шығатынын (4 санына бірлікті қосу жолымен) және 5 санының 5 бірліктен тұратынын (1,1,1,1және 1) түсіндіреді; одан әрі балаларды 5 санының жазылуымен таныстырады. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

**1-ші ойын. «Қатар»**
*Мақсаты: 1-5 сандарының тура және кері реттілігі туралы білімді қалыптастыру: қимыл-қозғалыс белсенілін дамыту.*
Мұғалім 5 баланы шақырып алып,әрқайсысына 1-ден 5-ке дейін сандары бар карточка береді. Балалар сандардың 1-ден 5ке дейінгі реті (5-тен1-ге дейін) бойынша қатарға тұрады. мұғалімнің белгі беру бойынша балалар жан-жаққа қашады, ал мұғалім «Қайтадан шеп құрамыз, орнымызға тұрамыз.» дегенде балалар қайтадан қатар түзеп тұруы керек. Қатарға ең соңынантұрған бала ойынныншығып, оның орнына басқа бала таңдап алынады. Карточкалардың қайта таратып, ойынды бірнеше рет қайталайды.

**2-ші ойын. «Алақаныңды соқ»**
*Мақсаты: «ойша» есептік санау дағдыларын дамыту; сандардың теңдіктері мен теңсіздіктерін анықтау іскерлігін қалыптастыру.*
Мұғалім мөлшері әртүрлі фигуралар салынған карточкаларды (фигуралар саны 5-тен аспайды) көрсетеді. Балалар алақандарын сонша соғуулары керек. Ойынның күрделендірілген нұсқасы: балалар алақандарын карточкадағы фигуралар санынан 1 рет кем (артық) соғулары керек.

**Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Суреттерді «бес», «сонша» сөздерін пайдаланып сипаттау. 5-тің көлеміндегі есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.
**2-тапсырма.** Заттарды реттік санау. Өзгерістердің белгі бойынша орын алғанын анықтау.

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

21сабақ.
**Тақырыбы:** 6 санымен цифры.
**Мақсаты:** 6санымен және цифрымен танысу;6-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

**Көрнекіліктер:**
*Мұғалімге көмек:* доп,фигуралары бар карточкалар,1-6 сандары бар карточкалар.

**І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты: жаңа білімді еңгізі қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу.*
Тақтаға мынандай фигуралар бар карточкалар бір қатарға ілінген



*-Біз «санағанда нешінші?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.*
Мұғалім сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп допты қайта лақтырады. *–Үш бұрышты фигура санағанда нешінші?*
*-бұрыштары жоқ фигура санағанда нешінші?*
Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

**ІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Мүғалім тақтаға 1-6 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 6-санын қалай шығатынын (5 санына бірлікті қосу жолымен) және 6 санынын 6 бірліктен тұратыннын түсіндіреді;
Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

**1-ші ойын. «Жолдың суретін сал»**
*Мақсаты: 1-ден 6-ға дейінгі сандардың реттілігібілімін қалыптастыру; екі өлшемді кеңістікте бағдарлау және қозғалыс бағытын атау іскерлігін дамыту;*
Тақтаға 1-ден 6-ға дейінгі сандардың бірнеше жиынтығын ілген (үлгі қараңыз). Командылар бойынша жұмыс істеу. Өз жинағындағы барлық сандарды 1-ден 6-ға дейінгі тура ретте жинап алу үшін әрбір команда қозғалысжолын нұсқармен көрсетуі керек. Бұл тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.




Жауабы:




**ІІІ.Сергіту сәті:**

**ІҮ.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Суретті «алты», «тең» сөздерін пайдаланып сипаттау. 6-ның көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениктін дамыту.
*-Қоншық  бар шанада неше суық торғай отыр?*

*-Басқа шаналардағы суық торғайлар нешеу?*
**2-тапсырма.** Заттарды есептік санау. Зейінді дамыту.
**3-тапсырма.** Фигураларды түсі бойынша салыстыру. Заттарды реттік санау.

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Ү.Рефлексия.**

**22 сабақ.**
**Тақырыбы:** 7 санымен цифры.

**Мақсаты:** 7 санымен және цифрымен танысу;7-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

**Көрнекіліктер:**
*Мұғалімге көмек:* доп, 1-7 сандары бар карточкалар.
*Үлестірме материал:*заттар салынған суреттер,1-7 сандары бар карточкалар.

**І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі  білімді тиянақтау.**
Мақсаты: жаңа білімді еңгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу;
-Біз «Келесі санды айт» деп аталатын бойжазуды өткіземіз.
Мұғалім  1 (2,3,4,5,6, т.с.с.) санынан кейінгі келесі санды айтуын сұрап, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтыырады. Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Мұғалім тақтаға 1-7 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 7-санын қалай шығатынын (7 санына бірлікті қосу жолымен) және 7 санынын 7бірліктен тұратыннын түсіндіреді;
Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Керек санды тап»

Мақсаты: 7 саны туралыбілімдерді және 7 санының жазылуын бекіту; 7-нің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту;
Әрбір балаларжұмыс үстеліне әртүрлі мөлшердегі заттардың сурттері мен 1-ден 7-ге дейінгі сандар жазылған карточкалар (гүлдер,жемістер, жидектер,т.с.с.) үлестілiліп беріледі. Балалардың міндеті-суреттердегі заттарды санап шығуы және керекті сан жазылған карточканы суреттің бетіне кою. Мұны дұрыс және басқалардын тез орындаған балалар жеңеді.

**ІІІ.Сергіту сәті:**

**ІY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Суретті «бір», «екі», «үш», «төрт», «бес», «алты», «жеті» сөздерін пайдаланып сипаттау. 7-нің көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.
**2-тапсырма.** Геометриялық фигураларды анықтау және салыстыру.

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

23 сабақ.
**Тақырыбы:** 8 санымен цифры.
**Мақсаты:** 8 санымен және цифрымен танысу;8-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

**Көрнекіліктер:**
*Мұғалімге көмек:* доп, 1-8 сандары бар карточкалар.
*Үлестірме материал:санақ таяқшалары.*

**І.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі  білімді тиянақтау.**
Мұғалім тақтаға 1-8 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 8-санын қалай шығатынын (8 санына бірлікті қосу жолымен) және 8 санынын 8бірліктен тұратынның түсіндіреді;

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Үшбұрыш құрастыр.»
Мақсаты:8-дің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту; ұсақ қол қимылдарын дамыту; логикалық ойлауды дамыту.
Әрбір балалар жұмыс үстеліне санақ таяқшалары таратылып беріледі. Балалардың міндеті- 5,6,7,8 таяшадан үшбұрыш құрастыру. Осыны дұрыс және басқалардан тез орындаған балалар жеңіске жетеді.




**III.Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Есептік санау. Лабиринтпен жұмыс істеу. Зейінді дамыту;
**2-тапсырма.** Зейінді және логикалық ойлауды дамыту;

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

24-25сабақ.
**Тақырыбы:** 9 санымен цифры.
**Мақсаты:** 9санымен және цифрымен танысу;9-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;
**Көрнекіліктер:**
*Мұғалімге көмек:* доп, 1-9 сандары бар карточкалар.
*Үлестірме материал:* сандармен геометриялық фигуралар

**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
**Мақсаты:** жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген білімдерді тексеру;
-Біз «Нені санай аламыз?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.
Сұрақ қойып, доп балаға лақтырады.

- Бөлмеде нені санай аламыз?
- Көшеде нені санай аламыз?зообақта нені санай аламыз? т,б.

**ІІІ. Жаңа материалды меңгеру.**
Тақтаға 1-9 сандары бар карточкаларды іледі; 9 санының қалай шығатынын және 9 санының 9 бірліктен тұратын түсіндіреді; одан әрі балаларды 9 санының жазылуымен таныстарды.ептілікті дамыту үшін балаларға 9 таяқшадан тең 4 үшбұрыш немесе тең 3шаршы жасауды ұсынуға болады. Материалды бекіту ойын ойнау ұсынылады.
1-ші ойын. «Факс»
Мақсаты: 1-8 цифралары туралы білімдерді бекіту. 9 цифрын жазу білімін қалыптастыру. Топтың жұмыс істеу іскерлігін дамыту.
Әрбір топтарды қатысушылары бір-бірінің артына тұрады. ал топтың басшысы тақтаға қарап, қолына бор ұстап, бірінші тұрады. әр топтың ең соңында тұрған қатысушысына сан жазылған карточка береді. Бұл қатысушылар карточкадағы сан алдында тұрған баланың арқасына саусағымен салады. Хабарламаны алған қатысушылар оны әрі қарай жалғастырады. Басшы хабарды алған соң оны тақтаға бормен салады. Тапсырманы дұрыс және басқалардан жылдам орындаған топты фишка алады. Сандар мен геометриялық фигуралар кезектесіп берілетін басқа карточкалар бойынша ойын жалғаса береді. Ең көп жинаған топ жеңіске жетеді.
2-ші ойын. «Жұбыңды тап»
Мақсаты: 9-дың көлемінде есептік санау дағдаларын дамыту; Топтың жұмыс істеу іскерлігін дамыту; қимыл-қозғалыс белсенділігн дамыту.
Балалар 2 топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қарап тұрады. біріншілеріне 1-ден 9-ға дейін сандар жазылған карточкалар, екіншілеріне әртүрлі мөлшердегі заттар бар карточкалар үлестіріледі. Сандар берілген қатысушылардың міндеті- заттарының мөлшері өзінің санына тең келетін қатысушымен жұп құру (карточкалары «жұп» балалар бір-бірінің қолдарынан ұстайды).карточкаларды қайтадан үлестіре отырып, ойынды бірнеше рет қайталауға болады.
**ІІІ.Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.** Суретті «тоғыз», «артық», «кем» сөздерінің көмегімен сипаттау. 9-дың көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәлениетті дамыту.
**2-тапсырма.** Есептік санау. Заттардың жиынтықтарын салыстыру.
**3-тапсырма.** Геометриялық фигураларды анықтау. Бірдей фигуралардан жұптар құру.
**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Y.Рефлексия.**

26сабақ.
**Тақырыбы:** 0 саны мен цифры.
**Мақсаты:** 0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу; 0 санымен қосқанда және азайтқанда есептеу дағдыларын қалыптастыру;
ден 5-ке дейін сан жазылған текшелер.
**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**
**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;*
-Біз «Санап шық» деп аталатын бой жазу өткіземіз.
Үстеліне 4 ойыншық қойлыған. «Үстелдегі ойыншық нешеу?» бала деген сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Әр жолы бір ойыншықты алып тастап, сұрақты қайталап қояды. Үстелде бір де бір ойыншық қалмай қалғанша осылай жалғасады. Сол кезде тәрбие сабақтың тақырыбын жариялайды.
**ІІІ.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Тақтадан 0-9 сандары жазылған карточкаларды іледі; балаларды 0 санының сандық қатардағы орнымен және 0 санының жазылуымен таныстырады.
-0 саны бос жиынтықты білдіреді.
Мұнан кейін балалармен бірге барлық цифрларды қайталауға болады. материалды бекіту үшін ойын ойнауды.
**1-ші ойын. « Жолбарыстарды үйретуші»**
*Мақсаты: 0-9сандарының тура және кері реттілігі білімдерін бекіту; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.*
Балаларды шақырып, әрқайсысына 0-ден 9-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлестіріп береді. Бөлмеге, балалардың санынан 1-еуі кем, 9 орындық қойылады. Карточкасына 0 саны жазылған бала «үйретуші»

болады. қалған 9 бала –«жолбарыстар» болады. олар әзірленген орындықтарға еркін түрде орналасып, отырады. «Үйретуші» шеңбер бойымен жүріп, 1-ден 9-ға дейін сандарды тура кер ретпен атайды. Саны аталған жолбарыс орнынан тұрып, «үйретушінің» соңынан жүреді. «Үйретуші» барлық сандар аталған кезде «Назар аударыңдар, аңшылар!» дейді, ал барлық қатысушылар, «үйретушімен» қоса, бос орындықтарға отыруға тырысады. Орын алып үлгермеген бала жолбарыстарды үйретуші болады.

**2-ші ойын. «Математикалық текшелер»**

*Мақсаты: 9-дың көлемінде 0 санымен өосқанда және азайтқанда есептеу дағдаларын қалыптастыру.*

Қабырғаларына сандар жазылған 2 текшені лақтырады. Егер әртүрлі сандар түссе, онда олар қосылады, егер бірдей сандар түссе-олардың айырмаларын табады. Дұрыс жауап берегн бала ойынды жалғастырады.

**IҮ.Дәптермен жұмыс.**

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**1-тапсырма.** Заттарды есептік санау.

- Құндыздар не істеп жатыр? Олардың қайсысы үлкен? Кішісі ше?

**2-тапсырма.** Реттілік суреттерді сипаттау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

**3-тапсырма.** Сандарды салыстыру.

**Ү.Рефлексия.**

27-28 сабақ.

**Тақырыбы:** 10 саны.

**Мақсаты:** 10 санымен танысу; 10-ның көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

**Көрнекіліктер:** доп,  0-10 сандары бар карточкалар, т.б.

**I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**II. Негізгі  білімді тиянақтау.**

**Мақсаты:** 0-ден 9-ға дейін сандарды реттілігі білімін қайталау; жаңа білімді (10 саны) енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

-Біз «Қатесіз сана!» деп аталатын бой жазу өткіземіз.

Балалар шеңбер құрып тұрады. балалардың сандарды тура реттілікпен айтуын сұрап, 0 саны атайды және допты лақтырады. Допты ұстап алған бала келесі санды (1 саны ) атайды және допты басқа балаға лақтырады. Есеп 10-ға жеткенде сабақтың тақырыбын жариялайды. Сандық қатарды ұғып алу үшін ойын бірнеше рет жәе тез екпінмен (сандардың тура және кері реттілігімен ) жалғасады.

**ІІІ. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**

Тақтаға 0-10 сандары бар карточкаларды іледі; 10 санының қалай шығатынын және 10 санының 10 бірліктен тұратынын түсіндіреді.

10 санының алдыңғы сандардан қандай айырмашылықтары бар? Деген тақырыпта пікірталас өткізуге болады.

1-ші ойын. «Тізбек»

Мақсаты: 10-ның көлеміндегі сандар білімін бекіту. Есте сақтауды және зейінде дамыту.

Ойында 10-ның көлеміндегі кез келген бір санды атайды. Оның жанында отырған қатысушы аталған екісанды қайталайды және өзінің санын атайды. Барлық қатысушылар осылайша тізбек бойынша ойнап, олардың біреуі сандардың реттілігн ұмытып қалғанша жалғасады, ол кезде ойын басынан қайта бастайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка береді. Фишкасы барлығынан көп ойыншы жеңеді.

2-ші ойын. «Көршілер»

Мақсаты: 10-ның көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту; 10-ның көлеміндегі сандар реттіліг білімін бекіту. балаларға 0-ден 10-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлестірріп береді. Балалар сандардың реттілігі бойынша бір қатарға тұрып, нөлінші, бірінші, екінші, т.с.с. деп санап шығуға тиіс. Сосын 0-10ға дейін сандарды атайды. Өз карточкасындағы сан аталған санның көршісі болып шыққан балалар қолдарын көтереді.

**ІІІ.Сергіту сәті:**

**ІY.Дәптермен жұмыс.**

**1-тапсырма.**суретті он, сонша деген сөздерді пайдаланып сипаттау. 10-ның көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

**2- тапсырма.** Реттік санау.

**3-тапсырма**. Графикалық жұмыс.

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Y.Рефлексия.**

29 сабақ.
**Тақырыбы:** Теңгемен танысу.
**Мақсаты:** екі кіші саннан тұратын 10 санының құрамымен танысу. 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру; ұлттық валюта теңгемен танысу.
**Көрнекіліктер:** доп, 10 теңгедеген белгілері бар карточкалар, т.б.

**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
*Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында 2-9 сандары туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру;*
«Екі кіші санды айт деп аталатын бойжазу өткіземіз**.**
Санды 2-ден 9-ға дейін айтып, доп балаға лақтырады. Бала айтылған санды құрайтын сандардың жұбын айтып, допты қайта лақтырады. Мыс: 6-бұл 2және 4
**ІІІ. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Балалар 10 санын екі кіші санға жіктеуді (9 және 1; 8 және 2; 7және 3;) және екі кіші саннан бір үлкен сан алуды үйренеді. Бұл тақырыпты әуелі нақты заттардың мысалында, соысн сандарды пайдалана отырып түсіндіруге кеңес беріледі.
1-ші ойын. «Қақпадан өт»
Мақсаты: 10 санының құрамы туралы білімдері бекіту; қимыл-қозғалыс белсендігін дамыту.
Екі бала қол ұстасып, «қақпаны» бейнелейді. Тақтаға 10 саны ілінген. Қалған балалар 1-ден 9-ға дейін сандар бар карточкалар үлестіріледі, тәрбиешінің үстелінде де дәл осындай карточкалар жайылып қойылады. 9-дың көлеміндегі бір санды атайды. Карточкасында осындай сан бар бала үстелдің үстінен 10 санының құрамы шығуы үшін керекті карточканы тауып алады, сөйтіп қақпанға кіреді.
2-ші ойын. «Дүкенге бару»
Мақсаты: теңге туралы білімдерді бекіту; құны аз моненталардан белгіл бір сома жинап алу іскерлігін қалыптастыру; 10санының құрамы туралы білімдерді бекіту.
Тақтаға кеңс заттардың суреттері ілінген (түстері мен өлшемдері әртүрлі қарындаштар, өшіргіш, резеңке, бетбелгілер, т.с.с.) Әрбір заттың жанында оның бағасы көрсетілген. 10 теңге деп жазылған карточканы іледі. Баалардың міндеті – 10 теңге қандай заттар сатып алға болатынын анықтау. Мыс: бағасы

6 теңге қызыл қарындаш пен 4теңге тұратын бетбелгі. Әрбір дұрыс жауап үшін зат алады. Көп затты сатып алған бала жеңіске жетеді.
**ІІІ.Сергіту сәті:**

**ІҮ.Дәптермен жұмыс.**
**1-тапсырма.**10 санының құрамымен жұмыс. Өзара байланысты теңдіктер құру.
**2-тапсырма.** Заттың бағасын қосу амалының көмегімен анықтау.
**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**Ү.Рефлексия.**

30сабақ.
**Тақырыбы:**Сағат
**Мақсаты:** сағатпен танысу; уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру; 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын бекіту.
**Көрнекіліктер:** доп, сағат белгілері бар карточкалар, адамдардың суреттері..
**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
**Мақсаты:** жаңа тақырыпты оқып-меңгеру сақсатында бұрын меңшгерген белімдерді тексеру;
«Өлшеуге бола ма?» бойжазу өткізу.
«Ұзындықдықты (түсті, көлемді, иісті, температураны , уақытты) өлшеуге болма?
Деген сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала «ия», «жоқ» деген жауап береді.
ІІІ. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.
Балаларды сағатпен (механикалық, электронды, құм сағаттары, т.б.), сағат, минут, секунд тілдерімен таныстарды. Балалар уақытта сағат бойынша бір сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтауды, сағат үлгілерінде уақытты белгілеп, өоюды үйрету.
1-ші ойын. «Алдымен не болған»
Мақсаты: уақытты сағат бойынша бір сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтауды қалыптастыру; оқиғалардың реттілігін анықтап білу іскерлігін дамыту.

Адамдардың тәуліктің әр мезгіліндегі іс-әрекеттерін бейнелейтін суреттер тақтаға ретсіз ілінген. Суреттердің әрқайсысында уақытты көрсететін сағаттар бейнелеген. Мыс:Қыз төсегінен жинап жатыр», сағат 7 ні көрсетіп тұр», «Қыс таңға ас ішуге әзірленуде, сағат 8-де көрсетіп тұр», сурет бойынша балаларға сұрақтар қойып, жауап берген балаға фишка беріліп мадақтап отырады.
2-ші ойын 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын бекіту; топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту.
Топ бойынша жұмыс істеу. Ойынға қатысушылардың әрқайсысына түрлі-түсті қатырма қағаздан жасалған бір-бір көбелек үлестіріледі: көк түстілер -I топ. Қызыл түстілер-II топ.
Көбелектердің әр қайсысына мысал жазылған. Тақтаға түрлі-түсті қатырма қағаздан қиылған, 0-10-ға дейінгі сандар жазылған гүлдер ілінеді. Белгі беру бойынша әрбір қатысушы өзінің мысалын шығарады және көбелекті керекті сан жазылған гүлдің жанынан бекітеді.Топтың жұмыс аяқтаған кезде ойын аяқталады.
**III.Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**
**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.
**1-ші тапсырма.** Уақытты механикалық электронды сағаттар бойынша анықтау.
Сыртылдайды күнімен,
Сыртылдайды түнімен.
Білгің келсе мезгілді,
Көркетеді тілімен. (сағат)
2-ші тапсырма.
Құны аз монеталардан белгілі бір сома жинап алу іскерлігін дамыту. логикалық ойнауды дамыту;
3-ші тапсырма. Сандарды салыстыру.
**Y.Рефлексия.**

31-32 сабақ.
**Тақырыбы:** 1-10 сандар.
**Мақсаты:** 10-ның көлеміндегі сандарды тура және кері реттілігі білімдерні бекіту. 10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін қалыптастыру.10 көлемінде сандарды есептеу дағдыларын дамыту.

**Көрнекіліктер:** доп, сандар белгілері бар карточкалар.

**І.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.**

**ІІ. Негізгі білімді тиянақтау.**
**Мақсаты:** жаңа тақырыпты оқып-меңгеругедайындық мақсатында бұрын меңгерген сандар туралы білімдерді тексеру.
-Біз «Санда айт» деп аталатын бойжазу өткіземіз.
- Тесік күлшеге ұқсайтын қандай сан?
Аққуға ұқсайтын қандай құс?
Екі ілмекті әріпке ұқсайтын қандай сан?, т.б.
**ІІІ. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.**
Балалар сандарды көрнекіліктkрді пайдаланбастан, 10-ның көлемінде салыстыру үйренеді. Балаларға сандарды арттыруға, кемітуге, сондай-ақ сандарды теңестіруге арналған түрлі тапсырмалар беріледі. Есептеу дағдыларын қалыптастыру үшін балаларға өлеңмен жазылған тапсырма ұсынауға болады.
1-ші «Пойыз»
Мақсаты: 10-ның көлемінде сандарды есептеу дағдаларын қалыптастыру; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.
Алдын-ала 4 орындық қойылады, оларды әрқайсысында 7,8,9,10 сандары жазылған карточкалар жатады. Балаларды таңдап алып оларға бүктелген түрде билеттер үйлестіріледі. Әр билетте бір –бір мысалдан берлген: 4+3; 9-1; 7+3;т.с.с. белгі беру бойынша балалар билеттерді ашып, мысалдарды шешеді және өз орындарын (сәйкес карточка жатқан орындықты) табады. Орнидықтарға отырып үлгермеген балалар ойыннан шығады. Әрі қарай 2 орындық қалдырып, басқа балаларға жаңа билеттер үлестіреді. Ең соңғы қалған бала жеңіске жетеді.
2-ші ойын. «Математикалық безбендер»
Мақсаты: 10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту.ойынға қатысушылардың әрқайсысына 0-10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды еркін түрде үлестіріп, балаларды екі топқа бөледі, оларды қатарластырып тұрғызады. Әр жолы бір жұп баладан («р топтан бір бір баладан) ойнайды. Оларөз карточкаларындағы сандарды салыстырады. Саны үлкен болып шыққан екі карточканы да өзіне алады, ал карточкасыз қалған қатысушы ойыннан шығып, орнына отырады. Егер сандар бірдей болса, онда екі ойыншының да карточканы өзіне алады, ал карточкалары өздерінде қалады. Әрі қарай балалардың келесі жұбы ойынға шығады. Ойыннан соң қатысушылар карточкаларын қайтарып береді, оларды тағы да еркін түрде

үлестіріп, балаларды 2топқа бөледі. Ойын 1 ғана қатысушы қалғанаға дейін жалғасады.

**III.Сергіту сәті:**

**IY.Дәптермен жұмыс.**

**«Торкөздерге» орындалатын тапсырма.** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**1-тапсырма.** Есептік санау. Жиынтықтарды салыстыру.

**2-тапсырма.** 0-10сандарының реттілігімен жұмыс.

**3-тапсырма.** 10 санының құрамымен жұмыс.

**Y.Рефлексия.**

***Дидактикалық ойындар***

***Геометриялық пішіндерге арналған дидактикалық ойындар***

Мақсаты: Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.

Көрнекілік: Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер.

Барысы: Балалар геометриялық /ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек және с.с./ пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс.

Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.:

а/дөңгелектерден біреуін артық етіп, ұшбұрыштарды қойыңдар /үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/;

б/мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар /бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/;

в/дәл осындай пішінді көрсетіңдер /дөңгелекті көрсетеді/және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіндер.

Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады.Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді.

**«Дәл осындай пішінді тап»**

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

**«Үйдің есігін жабайық»**

Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.

Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

**«Вагондарға дөңгелек таңдау»**

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру,

ойлау қабілетін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.
Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

**«Үй құрылысының ретін көрсет»**

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.
Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.
Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

**«Бет орамалға лайық жамауларды табу»**

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер.
Мазмұны: Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.

**« Жұбын тап»**

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.
Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.
Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттін жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

**«Әдемі кілемшелер»**

Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.
Ойынның мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

**«Таныс пішіндер доминосы»**

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.
Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.
Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.

**«Гараждар»**

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.
Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар.
Ойынның мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа

апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.

**«Өз үйіңді тап»**

Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.

**«Зейінді бол»**

Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5–сурет/.

Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар?

Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.

**«Мынау қай пішін?»**

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.

Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.

**«Кім зейінді?»**

Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.

Көрнекілік: Сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер.

Барысы: Тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады.

**«Қандай пішін шықты?»**

Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.

Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары

Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады.

Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?

**«Біркелкі пішіндерді сана»**

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана)

Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.

**«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»**

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.

**«Қандай пішін жетіспейді?»**
Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.
Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу)
Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.
**«Пішіндерді боя»**
Мақсаты: 1.Түстерді тани білуге үйрету.
2.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.
Көрнекілік: Геометриялық пішіндер
Барысы: Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. Мұндай ойын балалардың түсінулерін және шапшаңдықтарын шыңдайды.
Өлшемдер туралы дидактикалық ойындар
**«Сиқырлы суреттер»**
Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.
Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.
**«Сиқырлы қапшық»**
Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.
Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.
Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.
**«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»**
Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.
Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.
Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.
**«Зейінді бол»**
Ойынның мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.
Ойынның мазмұны: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.
**«Ұзын-қысқа»**
Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.
Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.
Ойынның мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау.

Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.

**«Шамдар»**

Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар

Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп шығады.

«**Қолымда не бар?**»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар.

Ойынның мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.

**«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»**

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі lенталар.

Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.

**«Тапсырманы орында»**

Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.

**«Қай қолымда көп»**

Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар–моншақтар, түймелер

Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.

**«Сипаттамасы бойынша тап»**

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлардың, құстардың ойыншығы.

Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.

**«Көп және біреу»**

Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес

топтарын салыстыру.
Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.
Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.

**«Түрлі-түсті жолақтар»**

Ойынның мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.
Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар.
Ойынның мазмұны: балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу.

**«Ұзын және қысқа»**

Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.
Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.
Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.
Кеңістіктер туралы дидактикалық ойындар

**«Кеңістік»**

Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.
Құрал-жабдықтары: әртүрлі заттар бейнеленген суреттер.
Мазмұны: Балалардың алдында үлкен бөлменің суреті тұрады. Балаларға суреттерді таратып беру. Суреттерді орындарына орналастыруды ұсыну. Мысалы, балықты аквариумға салу, гүлді үстелдің үстіне, суретті қабырғаға ілу. Ойын осылай жалғаса береді.

**«Жоғарыда-төменде»**

Ойынның мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: құстардың, жануарлардың суреттері.
Ойынның мазмұны: Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.

**«Оң және сол»**

Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.
Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.
Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.

**«Суреттерді орналастыр»**

Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.
Ойынның мазмұны: Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады.

**«Танып ал да, атын ата»**

Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.
Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.
**«Тәулік бөліктері »**
Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.
Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер
Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.
**«Сипаттамасы бойынша тап»**
Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.
Көрнекілік: Топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар.
Ойынның мазмұны: Сөреге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойыншықтар қояды. Әрбір ойыншықтарды анықтап қарап, атын қайталайды. Балалардың біреуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады, м: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық- бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақ дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.
**«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»**
Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.
Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.
Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»
**«Доппен ойнау»**
Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.
Көрнекілік: доп.
Ойынның мазмұны: 1-вариант. Балалар екі командаға бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады.
«Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала /әр командадан/ бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.
2-вариант: Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.
Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады.
**«Ойыншықты тап»**
Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.
Көрнекілік: Топтағы ойыншық.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады.

**«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»**

Мақсаты: жоғары- өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.

Көрнекілік: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.

Барысы: Тақтаға бір бала шақырып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

Сандық құрамды ажыратуға арналған ойындар

**«Карточкаға қандай сан жазылған?»**

Көрнекілік: Суретті карточкалар.

Барысы:

1 вариант: Тәрбиеші карточканың бетіндегі 2 түсті дөңгелекті төмен қаратып қолына ұстап тұрады да, балаларға былай дейді: «Карточкада екі сан» бейнеленген. Егер оларды қоссақ 5 болады. Карточкада қай сандар бейнеленген? «Балалар түрліше жауап береді». Балалардың біреуі карточкада жазылған сандарды атаған кезде тәрбиеші карточканы топқа көрсетеді.

2 вариант: «Егер тоғыздан біреуін кемітсендер, сендер менің қолымдағы санды табасындар». Балалар бұл санды атайды. Жауабын бірнеше баладан сұрау керек. Тәрбиеші сандық карточканы балаларға алдын ала көрсетеді.

Бірінші болып дұрыс жауап берген бала ұтып шығады.

**«Автобус»**

Мақсаты: Санның құрамын пысықтау.

Көрнекілік: Сандық карточкалар.

Барысы: Алаңға бормен тікбұрыш /автобус/ сызылған. Екі бала бақылаушылар болып, бетіне «5»цифры жазылған үлкен карточканы ұстап тұрады. «Автобусқа» сандық карточкаларында бейнеленген дөңгелектердің қосындысы

5 болатын /жол ақысы/ балалар ғана жұптасып отырады.Ойын басталды дегеннен кейін әрбір бала өз сыңарын іздеп табуға тырысады /2 және 3, 3 және 25, 1 және 4, 4 және 1/. Жұптар бірінен соң бірі сапқа тұрады, «автобусқа» кіреді, өздерінің сандық карточкаларын көрсетеді, ал «бақылаушылар» жұптардың дұрыс таңдалуын тексереді.

**«Сан құрастыр»**

Мақсаты: Санның құрамын пысықтау.

Көрнекілік: Суретті карточкалар.

Барысы: Тәрбиеші бетіне бір сан, мысылы «6» саны жазылған карточканы көрсетеді. Әрбір бала қосындысы «6» санын құрайтын екі сандық карточкаы көрсетуі тиіс. Мысалы: бір карточкада 5 дөңгелек, екіншісінде–1 дөңгелек, біреуінде–3, екіншісінде-3 шаршы және с.с.

**«Ою құрастыру»**

Көрнекілік: Бірнеше бөліктерге бөлінген ою элеметтері.

Мақсаты: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.

Барысы:
1-вариант. Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады.
2 вариант. Ою бөліктерінің келесі бетіне сан жазылады.
Өрнекті құрастыру санға сәйкес орындалады.
**«Поезд құрастыр»**

Мақсаты: 1-ді қосу таблицасын қайталату.
Көрнекілік: 1-ді қосу таблицасы берілген карточкалар, 0+1, 1+1, 2+1, т.с.с.
Барысы: Тәрбиеші карточкаларды балаларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір баланы тепловоз деп тағайындайды. Балалар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен «тепловозға» ретімен тіркелуі тиіс.
**«Заттарды сана»**
Мақсаты: 1.Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру. 2.Көкеністер санымен сандарды тауып қою. 3.Ойын арқылы көкеністер түрлері туралы білімдерін бекіту.
Көрнекілік: Көкеністер суреттері, сіріңке қорабындағы сандар.
Барысы: Тәрбиеші балаларға көкеністердің суреттерін таратып береді. Бір суретте бірнеше көкеністер түрлері болуға тиіс. Балаларға қойылатын талап көкеністер санын анықтау.
**«Дыбыс арқылы санды тап»**
Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау.
Көрнекілік: Сіріңке қорабындағы таратпа сандар.
Барысы: Тәрбиеші қарындашпен үстелді дыбыс шығатындай етіп тықылдатады. Балалар тыңдап отырып алдарындағы цифрларынан тиісті санды көрсетеді.
**«Тез ойла»**
Мақсаты: 1.Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. 2. Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. 3. Ойын арқылы шапшандыққа, тез ойлауға баулу.
Көрнекілік: Топтағы заттармен.
Барысы: Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.
**«Қанша? Қандай?»**
таныстыру.
Көрнекілік: Сандар («Шалқан», «Бауырсақ» ертегісі бойынша)
Барысы: Әр топтағы заттардың санын анықтау. Қораптан керекті санды алып қойып, ертегіні әңгімелеу, сандармен ретін анықтау. «Шалқан» ертегісі бойынша атасы бірінші, апасы екінші, қызы үшінші, т.б. пайдалана кетуге болады.
**«Әрі қарай кері сана»**
Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды кері қарай санауды қайталау.
Көрнекілік: Доп, сандық карточкалар.
Барысы: Тәрбиеші көлемдегі санды көрсетеді де, бір баланың атын атап: «Әрі қарай кері сана» - дейді. Ол : «Тоғыз, сегіз, жеті» деп санай бастайды.Тәрбиеші балалардың біреуіне қарап, доп лақтырады. «Жеті» - дейді. Допты тосып алған бала «үш, екі, бір» деп жалғастырады.
**«Жазылмай қалған сандарды ата»**
Мақсаты: 1. Балалардың сандардың реті туралы білімдерін бекіту. 2.Ойын ойнау арқылы

байқағыштыққа, тез орналастыруға баулу. 3.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылығын арттыру.
Көрнекілік: 15 дана сіріңке қорабындағы сандар.
Барысы: Тәрбиеші балаларға текшелер таратып береді. Ол текшелерде сандар жазылады, сандар ретімен толық жазылмайды. Мысалы: 1 3 6 8 9.
Балалардың міндеті сол қолдарындағы текшелерден жазылмай қалған санды анықтап атау. Егер сандар ретін анық атап шықса, жұлдыздармен марапатталады. Ал егер сандар қатарындағы жоқ санды таба алмаса, текшедегі бар сандардың құрамын анықтайды.
**«Қуыршақтардың сыйлықтары»**
Мақсаты: 1. Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру.
2. Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.
Көрнекілік: Қуыршақ, шарлар.
Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, қандай түсін және қанша екенін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Шардың санымен артық, қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.
**«Жәндікте неше аяқ бар?»**
Мақсаты: 1.Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. 2.Жәндіктер туралы түсініктерін жаңарту. 3.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.
Көрнекілік: Ойыншық жәндіктер
Барысы: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер суреттеледі. Балалардың міндеті осы суреттегі жәндіктердің қанша аяғы бар екенін анықтау. Ол үшін суреттердегі жәндіктердің аяқтарын санап сол суреттің астына кеспе цифрлар арқылы белгілеп отырады да соңынан ең аяғы көп жәндіктің суретін салу ұсынылады.
**«Нешінші?»**
Мақсаты: «Нешінші?» ұғымын қалыптастыру.
Көрнекілік: Топтағы 10 түрлі ойыншықтар.
Барысы: Тақтаға 10 түрлі ойыншықтар суреті ілінеді. Ортаға бір бала шығып, қатардан бір ойыншықты алады. Балалар қатардан нешінші затты алғандығын алақандарын шапалақтау арқылы көрсетеді. Ойыншықтың атын атау керек. Ойын барысында «нешінші?» деген ұғымды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын дамыту, қызығушылығын арттыру.

**«Қай қолымда көп?»**
Мақсаты: Заттардың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.
Көрнекілік: Асықтар, топтағы ұсақ заттар.
Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді, оның әрқайсысы алма-кезек тәрбиешінің үстеліне өз өкілін жібереді. Бір бала қолын артына ұстайды. Алдымен тәрбиешінің одан соң балалардың бірі оның қолына текше, түйме әртүрлі ұсақ нәрселерді ұстатады. Бірақ ол бір қолда көп, екіншісінде аз болуы керек. Бала алдымен көз мөлшерімен нәрсенің қолында көп екенін анықтау. Қай қатарда көп, қай қатарда аз екенін салыстыру керек.
**«Қол соғу»**
Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру.
Көрнекілік: Тәрбиешінің және әрбір баланың алдына тілі бар дөңгелек/1-сурет/ .
Барысы:

1-вариант: Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Тақта алдына шақырылған бала тәрбиешінің неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін саны сонша қара дөңгелекшелер тұрған бөлікке қаратып қоюы тиіс.
2-вариант: Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші қатарларды аралап, ойын ережесінің дұрыс орындалуын тексереді.
Ойын екі-үш рет қайталанған соң, қорытындысы шығарылады. Ойыншылары қателеспеген қатар ұтып шығады.
**«Өзара айырмашылығын тап»**
Мақсаты: 1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.
2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.
Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.
Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.
**«Қанша болса, сонша»**
Мақсаты: Сандарды тани білуге үйрету. Берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге жаттықтыру.
Көрнекілік: Сандық карточка.( «Кеспе сан» қалтасынан алу)
Барысы: Тақтаға 3 бала шығарып, сандық карточканы көрсетіп, карточкада қандай сан тұрса, сонша қимыл көрсету. Тапсырманы сандарды өзгерте отырып, 2-3 рет қайталау.
**«Керісінше айт»**

Мақсаты: Тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету.
Көрнекілік: доп
Барысы: Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды. Мысалы: «таң» десе, бала «кеш» деп жауап береді.
**«Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?»**
Мақсаты: Артық-кем ұғымдарын бекіту.
Көрнекілік: Кәрзеңке, санырауқұлақтар, көкеністер. (15 дана)
Барысы: Тәрбиеші балаларға былай дейді : «Саңырауқұлақтың саны үштен кем, бірден артық. Неше саңырауқұлақ бар? Кәрзеңкеге көкеніс түрлерін салғызып жаттығуды қайталайды.
**«Апта күндері»**
Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.
Көрнекілік: Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка.
Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады.
**«Қиындыларды дұрыс бөл»**
Мақсаты: Қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру.
Көрнекілік: Әрбір балаға ұзындықтары мен түсі әртүрлі, мысалы: 2 қызыл, 1 жасыл, 2 сары, ең ұзын-сары, ең қысқа-қызыл, ұзындықтары бірдей: қызыл, жасыл, сары қиындылар жиынтығы.

Барысы: бірнеше тапсырмадан тұрады.
1- тапсырма: балаларға барлық қызыл қиындыларды сол жаққа, сары қиындыларды оң жаққа, жасыл қиындыларды ортаға қоюды тапсырады.
2- тапсырма: бірдей қиындыларды бірінің үстіне бірін тізіп қою.
3- тапсырма: оң жаққа ең ұзын, сол жаққа ең қысқа қиындылар қою.
4- тапсырма: қиындылардың ең қысқасынан бастап, ең ұзынына қарай реттеп, бір қатарға қою.
Тапсырманы дұрыс орындаған столдағы балалар жеңімпаз атанады.
**«Қандай сандар жетіспейді?»**
Мақсаты: Сандарды тани білуге, аталған сан арасындағы санды атай білуге үйрету.
Көрнекілік: сіріңке қорабындағы таратпа материалдағы сандар.
Барысы: тәрбиеші екі санды атайды, мысалы: 3-5 десе, балалар қораптан сол сандарды алып, ортасындағы санды қою керек.
**«Көрші–көрші»**
Мақсаты: Сан құрамын атап, неше бірліктен тұратынын, сандарды салыстыра білуге үйрету.
Көрнекілік: Кеспе қалтадағы сандық карточкалар: 1-10.
Барысы: Тәрбиеші бір санды атайды, м:7 санын. Тақтаға бір бала шығып аталған санды «кеспе қалтадағы» сандар арасынан 7 санын алып қояды. Тәрбиеші: осы санның көршілерін көрсетіндер дегенде , екі бала шығып 6 және 8 санын көрсетеді. Әр бала өз санын түсіндіру керек, м: 7 саны 6 санынан 1-уі артық, 8 санынан 1-уі кем, 7 бірліктен тұрады.

## Қорытынды.

«Таным» білім беру саласындағы логика бөлімін ұйымдастыруға арналған талаптарға мыналарды жатқызуға болады деп ойлаймын.

- Заттық іскерлік (ең қарапайым есептеулерді жүргізу , қоршаған дүниеден геометриялық пішіндерді тани білу, шамаларды ажырату және өлшеу, т.б.)
- Математикалық білімдерді күнделікті өмірде қолдану;
- Өз бетінше ойлау мен пайымдау, алынған ақпаратты талдау мен қорытынды жасау.

шығармашылық тұрғыда ойлау және іс-әрекеттерді болжау, басты нәрсені екінші дәрежелі нәрседен ажырата алу мен заңдылықтарды таба білу іскерлігі;

- көзбен көріп қабылдау мен қиялдау, зейін қою мен есте сақтау;
- тұлғаның ойлау қызметі мен даму амалдарының аса маңызды компоненті ретіндегі балалардың сөйлеу мәдениеті.

Математиканы оқытудағы ақыл-ой әрекетінің белсенді ойын және қызықтырушылық формалары негізінде құрылды.
Сабақ кезінде жақсы көңіл – күй ахуалы орнап, өзара әңгімелесу емін-еркін түрде

жүреді. Мектеп жасына дейінгі кезде тұлғаның жалпы дамуында эмоция аса маңызды

рөлдің біріне ие. Бұл балалар денсаулығын сақтау үшін де өте маңызды.

Тәрбиешінің ісерлі сөзі, әрбір балаға мейірім – ықыласпен қарауы олардың бойында сергек, жақсы көңіл-күй қалыптастырады, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің сабаққа ынтасы артады, бұл жаңа білімдерді игеруге оң ықпал етеді. Егер балалар тапсырманың орындауда ынталылық танытып жатса, тапсырма түгел немесе дәл орындалмаған күннің өзінде де оларды мақтап қойған жөн.

Балалардың сүйіспеншілік оятқан сабақ келесі сабақтарды өткізуге де жағымды әсер етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер.**


1. Құрманалина . Ш.Х., Сәрсенбаева.С. Ш. Өміртаев Р. Қ. Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар, 1-сынып. Алматы, «Атамұра», 1997, 48б
2. А.Жұмаділдаев. «Геометриялық фигуралар». 2007.
3. Дүсенбай Е. «Санамақ» алматы 1996
4. Елубай Е «Балаларға базарлық». Алматы 2007
5. «Айгөлек», «Блдырған», «Баламен балабақша» журналдары 2013-2015-2016жылдар басылымдары

«Бекітемін»

ЖШС «Алтын асық» бөбекжай

балабақша меңгерушісі

Ь. Осланова

**«Балдәурен» ортаңғы тобының 2021-2022 оқу жылына арналған**

**Вариативтік компоненті**

Тексерілді:

Әдіскер: Н. Кожаева

Сканировано с CamScanner

## Ортаңғы «Балдәурен» тобынның 2021-2022 оқу жылына арналған вариативтік компоненті.

## Шығармашылық: "Сиқырлы суретші"

| № | Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары | Мақсаттары: | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Алтын күз»** | Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. | 1 |
| 2 | **«Түрлі түсті таспалар»** | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | **«Түлі түсті орамал»** | Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 4 | **« Бұлт күнді жапты»** | Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету.. | 1 |
| 5 | **« Кілемше»** | Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. | 1 |
| 6 | **«Кесені әшекелейміз»** | Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. | 1 |
| 7 | **«Сүлгіні әшекейлеу»** | Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету. | 1 |
| 8 | **«Тікенекті кірпі»** | Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. | 1 |
| 9 | **«Тәрелкені әшекейлеу»** | Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету. | 1 |
| 10 | **«Сүйікті ойыншықтар** | Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **(мұнара, көлік)** | | |
| 11 | **«Құстар»** | Құстар туралы түсініктерін кеңейту. | 1 |
| 12 | **«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»** | Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету. | 1 |
| 13 | **«Қыстағы шуақты күн.»** | Қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушіледі. | 1 |
| 14 | **«Түзу жолда, мен жүремін тура»** | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттырды. | 1 |
| 15 | **«Мерекелік отшашу»** | Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін біледі | 1 |
| 16 | **«Ұзын құлақ сұр қоян»** | Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтырды. | 1 |
| 17 | **«Аққала»** | Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейтті. | 1 |
| 18 | **«Қысқы шыршалар»** | Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. | 1 |
| 19 | **«Сиқырлы таяқшалар»** | Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. | 1 |
| 20 | **«Қар кесегі»** | Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды. | 1 |
| 21 | **«Атама арналған тымақ»** | Балаларға киім туралы түсінік берді. | 1 |
| 22 | **«Әдемі көйлек»** | Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету | 1 |
| 23 | **«Саты»** | Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. | 1 |
| 24 | **«Қуыршақтың мойынорағышы»** | Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. | 1 |
| 25 | **«Анама арналған моншақтар »** | Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңлелек моншақтардың суретін салуды үйрету. | 1 |
| 26 | **«Кесені әшекелейміз»** | Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастырады. | 1 |
| 27 | **Алжапқышты әшекейлейміз** | Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | өрнектермен әшекейлеуді үйрету | |
| **28** | **«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашық хаты.»** | Анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, | **1** |
| **29** | **«Күн жарқырап, шөп өсті»** | Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекіту Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу. | **1** |
| **30** | **«Бақбақ»** | Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу. | **1** |
| **31** | **« Балапандар көк шалғында»** | Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, | **1** |
| **32** | **«Машина»** | Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру., ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету. | **1** |
| **33** | **« Кілемше»** | Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. | **1** |
| **34** | **Атама арналған тымақ.** | Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстты. | **1** |
| **35** | **«Сылдырмақ»** | Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. | **1** |
| **36** | **«Ұзын құлақ сұр қоян»** | Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре білуге үйрету.Балаларды аңдарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **1** |

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары. Күні:**

**02.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Мақсаты**: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай?      Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты! Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

**Қорытынды** Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындыған. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**
**Күні:09.09.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түрлі түсті таспалар»

**Мақсаты**:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояудыжағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ққыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар. Ақ

қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

**Қортынды:**

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары. Күні:**

**16.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түлі түсті орамал»

**Мақсаты**: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені

Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?
Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Ормалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.
Кәне, балалар алдыларындағы орамылдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасаңдар.

Сергіту сәті:

Доп –доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

**Қортынды:** орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары. Күні:**

**23.09.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Бұлт күнді жапты»

**Мақсаты**: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сұр бұлт, түсі суық, Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сұр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сұр бұлтты , көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сұр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуміз?

Біз үйде біз бесеуміз.

Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары. Күні:**

**30.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Кілемше»

**Мақсаты**: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалалр кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қәзіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп ткрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**

**Күні:07.10.2021ж.**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Кесені әшекейлейміз»

**Мақсаты**:Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?»
Балалар мына суретке қараңдарщы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан
«тұмарша» деп атайды.Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.Кесе сыртын «қой ізі» оюымен қөрнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

Саусақ жаттығуы.

Саусақ жаттығуларын жасайды. Екі

қолмен қайшылайды.

Медуза қимылын жасайды.

Жұм – аш жасайды.

**Қортынды:** Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**
**Күні: 14.10.2021**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүлгіні әшекейлеу»

**Мақсаты**: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.
Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар, Қызыл

– жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы- Сүлгі

деген осы.

**Қортынды:**

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні:21.10.2021ж**
**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тікенекті кірпі»
**Мақсаты:** Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:
Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады.Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларында үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр.Олай, болса тікенектерін салыңдар.Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

**Қортынды:**

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.
Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні: 28.10.2021ж**
**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тәрелкені әшекейлеу»
**Мақсаты:** Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жқмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер?Балалар мен өзіммен бірге
дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген.Балалар табақты не үшін пайдаланады?Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.
Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген.Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.
Балалар алдыларыңда табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер.Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де, Екі

саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ! Қала

салсақ, жол салсақ.

**Қортынды:**

Ою – өрнек элементтерінің атауын. Тәрелкенің

не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:04.11.2021**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрыңдар, Ойын

– сауық құрыңдар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларында мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.
**Қортынды:**

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін. Ойыншықтар

туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні:11.11.2021ж**
**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»**.**
**Тақырыбы**: «Құстар»
**Мақсаты:**Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейненлеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.
Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіңдерші. Даладағы құсатардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді.Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі.Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады.Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек.Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсыңдар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен.Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші.Балалар алдыларыңда торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық.

**Қортынды:**

Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 18.11.2021ж**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Жапалақтап алғашқы қар жауды тұр»
**Мақсаты**:Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Балалар терезенің алдына келіңдерші. Далада не жауып тұр?

Дұрыс айтасыңдар қар жауып тұр. Даланың бәрі аппақ болып, әдемі болып тұр.
Балалар қәзір қай мезгіл?

Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?

Қардың түсі қандай?

Дұрыс айтасыңдар айнала аппақ, қар жауып тұр.Ауа – райы суық, аяз.

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл орманның суреті . Орманда айнала аппақ, тып – тыныш

Балалар ал енді көз алдыларыңа қарды елестетіп, тыныс алу жаттығуын жасаңдар.Балалар енді бәрің бірге сурет дәптерге жауып тұрған қардың суретін саласыңдар. Қарды сүйкеп жағу арқылы жағасыңдар.Бұлттардан жауып келе жатқан қарды қылқаламмен, жердегі жатқан қарды тіс пастасымен саласыңдар.
Сергіту сәті:

Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

**Қортынды:**

Қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын.

Қар аспаннан жерге қонақтап, жер бетін басып қалатындығын.

Таяқшамен жағу арқылы қар суретін салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары. Күні:**

**25.11.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** Қыстағы шуақты күн.

**Мақсаты:** балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер, Риза

гой саган ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

**Сергіту сәті:**

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгіретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

**Қортынды:**

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

Әр жыл мезгілінің ерекшелігін ескеруді, қоршаған орта, табиғатқа деген қамқорлың жасаудың қажеттігін меңгереді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:02.12.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түзу жолда, мен жүремін тура»

**Мақсаты**: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық: Мен сендерге арнап үнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара.Кәне, балалар үнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдіңдер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады. Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,       Үлкен болып өседі.
**Қортынды:**Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні:09.12.2021**
**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы: «** Мерекелік отшашу»
**Мақсаты**: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтардыүйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады.Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарыңдағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік.Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

**Қортынды:**

Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс  жоспары. Күні:**

**16.12.2021**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Ұзын құлақ сұр қоян»

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орныңда секірші!

**Қортынды:**

Қоянның дене мүшелерінің атауларын. Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 23.21.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Аққала»

**Мақсаты:**Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?Қыс мезгілінде ауа- райы қандай болады?Балалар қыста қар жауады. Балалар қармен ойнайды. Сырғанақ ойнайды.

Аққала туралы жұмбақ:

Мені ешкім өсірген жоқ,

Мені қардан жасаған.

Мұрным – сәбіз, ернім – ағаш,

Аппақ қармын, мәссаған!

Үп – үлкенмін, сұп – суықпын,

Ал, атымды айтады кім?

Балалар бөлмеде Аққала бар, соны тауып беріңдерші. Балалар алдыларында үзік сызықпен көрсетілген Аққаланың

Суреті берілген, сол суретті бастырып, бояймыз. Балалар сызықтың сыртына шығармай бояңдар.

Сергіту сәтіі:

Ауыл алды аққала, Ақша

қарда балалар . Соғып

жатыр Аққала, Жалқауы

жоқ жұмысқа.

Керемет, Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды:**

Қыста болатын өзгерістер жайлы .

Акққаланы үлкен – кіші дөңгелектерді қосу арқылы салуға болатындығын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 30.12.2021**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Қысқы шыршалар»

**Мақсаты:** Балалрдың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Аппақ,

аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан. Қалың

орман, қар жамылған,

Маужырайды түңгі аспан.

Балалар терезеден далаға қараңдаршы.Даладағы ағаштардың бәрін қар жауып қалған.Қыста ауа – райы суық, аяз болады. Орманды да

аппақ қар жауып қалалды, орманда ақ қардың бетінде аңдардың ізі қалады Балалар сендерге ақ ұлпа қарлар ұнайдыма?

Ормандағы шыршаны аппақ қар жапқан көрініс ұнайды ма?

Олай болса сурет дәптерде ормандағы шыршалардың суреті берілген, сол суретті тіс пастасымен ақ қардың суретін саламыз. Мақта оралған таяқшаның көмегімен тіс пастасын алып, шыршаның төбесіне бояңдар. Қар жамылған бейнесін бейнелеңдер. Сүйкеп жағу арқылы жағады.

Негізгі көрініс аясын көкшіл түспен бояуға болады. Сергіту

сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гуледі.
**Қортынды:**

Қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын. Қыста

ағаштың жапырақтары болмайтынын.

Мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 14.01.2022**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Сиқырлы таяқшалар»

**Мақсаты**: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.

Кел, балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі көңіл ашады,

Күліп – күліп жүрейік. -Балалар бізге бүгін Айсана қонақа келіпті.
- Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Балалар мен жолда келе жатып, сиқырлы қорапша тауып алдым, ол қорап біздерді сурет салуға үйретеді. Сендер сурет салғанды ұнатасыңдар ма?

Қорап ішінде неше түрлі таяқшалар бар. Бар сиқыр осы қарындаштың қшында екен. Бұл сиқырлы таяқшалар.Балалар қарындашты алып қатты баспай әдемілеп сызықтар сызамыз. Қызыл, сары, жасыл, көк түстерімен сызамыз.Ол үшін бізге қатты қағаз керек. Қарындашты оң қоға, үш саусақпен ұстап, қатты баспай сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызамыз. Балалар Айсананың досы күлдіргіштің қолындағы шарларының жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан ұшып кетуі мүмкін. Өздерің қалаған түспен шарды бояимыз да, жіп тағып сызып қоямыз. Сергіту сәті: Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады. Саусақтарым бірігіп, Билеп, билеп алады. Жарайсыңдар балалар!
**Қортынды:** Қарындашпен дұрыс сурет салуды, қарындашты үш саусақпен ұстауды. Әртүрлі суреттер салуға болатындығын. Сызықтар, дөңгелектер салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 21.01.2022**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Қар кесегі»

**Мақсаты**: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір – біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді

үйрету. Тіс пастасын сұқ саусақты малып, қар кесегін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Аппақ, аппақ жапалақтап, Қар

жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түнгі аспан.

Балалар сендер балабақшаға келе жатқанда жерде нені көрдіңдер? Қардың

түсі қандай?

Қардың түсі аппақ, өзі суық. Балалар сендер қолдарыңа қарды ұстасаңдар, қолдарың тоңып қалады.

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады,

Ол не? Балалар иллюстрациялық суреттерді көрейік.Балалар қар жылдың қай мезгілінде жауады?Қыс мезгілінің басқа мезгілден айырмашылығы неде?Балалар сендер қармен далада не істейсіңдер?Қайтып ойнайсыңдар?Дұрыс қар кесегімен ойнайсыңдар. Ал енді қарт кесегін көз алдыларыңа елестетіп, қолдарыңа ұстап, жентектеп бір – біріне лақтырған қимылды жасаңдар.Балалар енді сурет дәптерде берілген қар кесегінің суретін, сұқ саусақты иіс пастасына батырып қар кесегінің бейнесін салыңдар. Қарды көп салып, үлкен қар үйіндісін жасайсыңдар. Сергіту сәті: Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гуледі,

**Қортынды:**

Қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды.

Қардан әртүрлі бейнелер жасауға болатынын.

Сұқ саусақпен қар кесегін салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні:28.01.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** Атама арналған тымақ.

**Мақсаты:** балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап- қадірлеуге тәрбиелеу.

Балаларға қонаңқа қарт атай

(жоғары сынып оқушысына рөл

ойнатуға болады) келеді. Ол өзімен

бірге балаларға сыйлыңқа құрт ала келеді. - Балалар, атай сендерді дұрыс ести алмай отырған сияқты, себебін сұрап та үлгердім. Атай баскиімсіз
жүрем деп, құлағына суық тигізіп алыпты. Атайдың құлағы жақсы естуіне көмектескілерің келе ме?Атай сендерге сыйлығын алып асығып келе жатқанда, боран басындағы тымағын ұшырып,ол қалың болғандықтан, тек қыс айларында ғана қолданылады. Өзінің пішініне қарай ол бас пен желкені, мойынды суықтан, қатты желден қорғайды. Себебі құлақшалары болады. Тымақ жануарлар терісінің сыртынан қалын матамен қапталып тігіледі. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. - Балалар, енді үлгі ретінде ілінген суретке қарап отырып, тымақтың суретін салып, қонаққа келген атамызға тарту етейік. Зер салып қарап алыңдар, тымақ неше бөліктен тұрады? Оның әрқайсысын жеке салған дұрыс па, әлде біріктіріп саламыз ба? Ата балаларға алғысын білдіреді. Тапсырманы жаңсы орындаған балаларды тәрбиеші ерекше атап шығады.Тымақ деген қандай болатынын білесіңдер ме?Адамдарға арналған баскиім.

**Қортынды:** Ер адамның баскиімі тымақ туралы мәліметтерді, оның қандай бөліктерден құралатыны туралы біледі.Тымақтың суретін салу дағдысын игереді.Тымақтың түрімен бірге құлақшадан тұратынын және оның тері сыртынан қалың матамен қапталып тігілетінін меңгереді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**
**Күні: 03.02.2022**
**Вариативтік компонент:**
**«**Сиқырлы суретші»
**Білім беру саласы:**«Шығармашылық»
**Бөлімі:**Сурет салу
**Тақырыбы: «**Әдемі көйлек»
**Мақсаты**: Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мөртаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.
.
**Сөздік жұмыс:** әдемі көйлек
**Көрнекілігі:**демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана.
**Мотивациялық-қозғаушылық**
Балалар қуыршақ Айсан жылап отыр екен. Айсананы кім ренжіткенін сұрайықшы.

Маған ешкім тиіскен жоқ... Бірақ күшік досым қонаққа шақырған, қонаққа киетін әдемі көйлегім жоқ деп жылап отырмын. Балалар Айсанаға көмектесеміз бе?
**Ұйымдастырушылық-ізденістік**
Балалар әдемі көйлекті дөңгелектермен әшекейлеу үшін мөртаңбаны, қылқаламды, Саусақтарыңды пайдалануға болады.Қылқаламның көмегімен,
сұқ саусақтарыңмен пайдалануға болады. Қылқаламның ұшымен тамызып бояуға, мақта оралған таяқшалар арқылы дөңгелек түсіруге болады, Сүрткішті дұрыс пайдалану керек. Бір – бірлеріңе бөгет жасамай дұрыс отыруларың керек. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Белімізді жазамыз. Жоғары – төмен қараймыз. Оңға-солға, түзу тұр. Бойымызға күш жинап,

Біз демалып қаламыз.
**Рефлексиялық-түзетушілік** Балалар Айсана сендердің әдемі көйлек салғандарыңа қуанып, күшік досының үйіне баратындығын айтып жатыр. Сендерге рахметін айтып жатыр. Тыныс алу жаттығуымен аяқтаймыз.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Көйлекте әртүрлі болатындығын

**Игереді**: маңайындағы басқа адамдарға көмектесу қажеттігін.

**Меңгереді**: мөртаңба, қылқалам, саусақтардың көмегімен әдемі көйлекті әшекелей білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**
**Күні: 10.02.2022**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»
**Бөлімі:**Сурет салу
**Тақырыбы**: «Қуыршақтың мойынорағышы»
**Мақсаты:** Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** мойынорағыш, баскиім.
**Көрнекілігі:**демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана, қуыршақ киімдері.
**Билингвальды копонент:**мойынорағыш - шарф.
**Мотивациялық-қозғаушылық** Шаттық шеңбері: Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап аттқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар.Балалар киімдер жыл мезгіліне қарйай іәртүрлі болады. МысалыАйсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Ал, балалар Айсананың мойынорағышы жоқ екен.
Айсана далаға шығамын дейді, бірақ мойынорағышым жоқ дейді. Айсанаға мойынорағыш жасап береміз бе?
**Мотивациялық-қозғаушылық**
Шаттық шеңбері: Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап аттқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар.Балалар киімдер жыл мезгіліне қарйай іәртүрлі болады. МысалыАйсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Балалар суреттегі мойынорағышқа көңіл бөліп қараңдаршы. Мойынорағышта әр түсті жолақтар бар. Кәне, балалар әр жолақтардың түстерін атайықшы: қызыл, сары, ақ, көк, жасыл. Балалар алдыларында үзік сызықпен сызылған жолақтар бар. Сол үзік сызықтардың үстінен бастырыңдар. Ал, енді жолақтарды рет – ретімен түрлі – түсті қарындаштармен бояңдар.Балалар жолақтардың сыртына шығармай бояңдар. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел есті, Кіп – кішкентай балалар Кіп – кішкентай балалар Үлкен болып өседі.
**Рефлексиялық - түзетушілік** Балалар , сендер салған мойынорағыштар қуыршақ Айсанаға ұнады, Кім қандай түсті пайдаланды?

Балалар сендердің салған суреттерің әдемі болып шықты.

Ал, балалар енді «Қуыршақты киіндір» ойынын ойнап бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз.
**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**қуыршақ киімдерінің атауларын .

**Игереді**: мойынорағышты салуды.

**Меңгереді**: бояу қарындашпен біркелкі бояуды.
**оспары**

**Күні: 17.02.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Мақсаты**: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай?

Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты! Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

**Қорытынды** Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындығын. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары Күні: 24.02.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші» **Тақырыбы:**«Түрлі түсті таспалар» **Мақсаты**:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояудыжағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ққыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар. Ақ

қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

**Қортынды:**

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні: 03.03.2022**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түрлі түсті орамал»

**Мақсаты**: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені

Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?
Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Ормалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.
Кәне, балалар алдыларыңдағы орамылдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасаңдар. Сергіту сәті:
Доп –доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

**Қортынды:**

орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:10.03.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Бұлт күнді жапты»

**Мақсаты**: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сұр бұлт, түсі суық, Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сұр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сұр бұлтты , көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сұр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуміз?

Біз үйде біз бесеуміз.

Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**

**Күні: 17.03.2022**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Кілемше»

**Мақсаты**: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалалр кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қазіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп ткрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:24.03.2022**

**Вариативтік компонент:**

«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы: «**Кесені әшекейлейміз**»**

**Мақсаты**:Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?»
Балалар мына суретке қараңдарщы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген.
Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.

«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды.Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.

Кесе сыртын «қой ізі» оюымен көрнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

**Қортынды:**

Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.
Қазақтың әр-түрлі ою - өрнектері ішінде

«тұмарша» мен қой ізі өрнектерін жасауды.

«Қой ізі» өрнектерін салуды, атаға көмектесуді, жақсылық жасауды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні: 31.04.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүлгіні әшекейлеу»

**Мақсаты**: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз. Балалар

сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.
Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

**Қортынды:**

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 07.04.2022**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тікенекті кірпі»
**Мақсаты:** Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:
Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады.Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларында үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр.Олай, болса тікенектерін салыңдар.Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

**Қортынды:**

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.
Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 14.04.2022**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тәрелкені әшекейлеу»
**Мақсаты:** Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жкмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер?Балалар мен өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген.Балалар табақты не үшін пайдаланады?Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.
Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген.Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген. Балалар алдыларында табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер.Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де, Екі

саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

**Қортынды:**

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары. Күні:**

**21.04.2022**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрыңдар,

Ойын – сауық құрыңдар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларыңда мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті:
**Тақырыбы:** «Ұзын құлақ сұр қоян»

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

**Тақырыбы:** «Ұзын құлақ сұр қоян»

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып, Біз

тынығып алайық.
**Қортынды:**

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.

Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 28.04.2022ж**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Құстар»
**Мақсаты:**Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейненлеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.
Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіңдерші. Даладағы құсатардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді.Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі.Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады.Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек.Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсыңдар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен.Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші.Балалар алдыларында торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық. **Қортынды:** Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні:05.05.2022**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** Қыстағы шуақты күн.

**Мақсаты:** балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер, Риза

гой саган ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

**Сергіту сәті:**

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

**Қортынды:**

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.

Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 12.05.2022ж**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түзу жолда, мен жүремін тура»

**Мақсаты**: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,

Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен. Мысық:

Мен сендерге арнап үнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара.Кәне, балалар үнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдіңдер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады.

Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы: Ал,

балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,Үлкен болып өседі. **Қортынды:**Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні: 19.05.2022ж**
**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы: «** Мерекелік отшашу»
**Мақсаты**: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтардыүйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады.Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарыңдағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік.Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

**Қортынды:** Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

Қарындашпен әдемі етіп түрлі түсті сурет салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні:26.05.2022ж**

**Вариативтік компонент:**«Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Ұзын құлақ сұр қоян»

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орныңда секірші!
**Қортынды:**

Қоянның дене мүшелерінің атауларын. Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

## Ересек «Болашақ» тобына арналған "Өнерлі екен он саусақ"

## вариативтік компоненті

| № | Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары | Мақсаттары: | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Алтын күз» | Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. | 1 |
| 2 | «Түрлі түсті таспалар» | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | «Түлі түсті орамал» | Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 4 | « Бұлт күнді жапты» | Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету.. | 1 |
| 5 | « Кілемше» | Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. | 1 |
| 6 | «Кесені әшекелейміз» | Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. | 1 |
| 7 | «Сүлгіні әшекейлеу» | Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету. | 1 |
| 8 | «Тікенекті кірпі» | Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. | 1 |
| 9 | «Тәрелкені әшекейлеу» | Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету. | 1 |
| 10 | «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік) | Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. | 1 |
| 11 | «Құстар» | Құстар туралы түсініктерін кеңейту. | 1 |
| 12 | «Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр» | Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету. | 1 |
| 13 | «Қыстағы шуақты күн.» | Қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушіледі. | 1 |
| 14 | «Түзу жолда, мен жүремін тура» | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттырды. | 1 |
| 15 | «Мерекелік отшашу» | Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін біледі | 1 |
| 16 | «Ұзын құлақ сұр қоян» | Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтырды. | 1 |
| 17 | «Аққала» | Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейтті. | 1 |
| 18 | «Қысқы шыршалар» | Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. | 1 |
| 19 | «Сиқырлы таяқшалар» | Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. | 1 |
| 20 | «Қар кесегі» | Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды. | 1 |
| 21 | «Атама арналған тымақ» | Балаларға киім туралы түсінік берді. | 1 |
| 22 | «Әдемі көйлек» | Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 23 | «Саты» | Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. | 1 |
| 24 | «Қуыршақтың мойынорағышы» | Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. | 1 |
| 25 | «Анама арналған моншақтар » | Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңлелек моншақтардың суретін салуды үйрету. | 1 |
| 26 | «Кесені әшекелейміз» | Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастырады. | 1 |
| 27 | Алжапқышты әшекейлейміз | Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету | 1 |
| 28 | «8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашық хаты.» | Анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, | 1 |
| 29 | «Күн жарқырап, шөп өсті» | Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекіту Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 30 | «Бақбақ» | Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу. | 1 |
| 31 | « Балапандар көк шалғында» | Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, | 1 |
| 32 | «Машина» | Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру., ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету. | 1 |
| 33 | « Кілемше» | Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. | 1 |
| 34 | Атама арналған тымақ. | Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстты. | 1 |
| 35 | «Сылдырмақ» | Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. | 1 |
| 36 | «Ұзын құлақ сұр қоян» | Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре білуге үйрету.Балаларды аңдарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 1 |

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні: 02.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Мақсаты**: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай?   Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты! Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

**Қорытынды** Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындығын. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**
**Күні:09.09.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түрлі түсті таспалар»

**Мақсаты**:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояудыжағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ққыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

**Қортынды:**

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні: 16.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түлі түсті орамал»

**Мақсаты**: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені

Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?
Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Ормалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.
Кәне, балалар алдыларындағы орамылдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасаңдар.

Сергіту сәті:

Доп –доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

**Қортынды:** орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні: 23.09.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Бұлт күнді жапты»

**Мақсаты**: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сұр бұлт, түсі суық, Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сұр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сұр бұлтты , көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сұр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуміз?

Біз үйде біз бесеуміз.

Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні: 30.09.2021ж**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Кілемше»

**Мақсаты**: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалалр кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қәзіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп тқрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**

**Күні:07.10.2021ж.**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы: «**Кесені әшекейлейміз**»**

**Мақсаты**:Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?» Балалар мына суретке қараңдарщы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды.Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.Кесе сыртын «қой ізі» оюымен қөрнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

Саусақ жаттығуы.

Саусақ жаттығуларын жасайды.

Екі қолмен қайшылайды.

Медуза қимылын жасайды.

Жұм – аш жасайды.

**Қортынды:** Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**
**Күні: 14.10.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүлгіні әшекейлеу»

**Мақсаты**: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне

шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.
Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

**Қортынды:**

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні:21.10.2021ж**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тікенекті кірпі»
**Мақсаты:** Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:
Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады.Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр.Олай, болса тікенектерін салыңдар.Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

**Қортынды:**

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.
Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні: 28.10.2021ж**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тәрелкені әшекейлеу»
**Мақсаты:** Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жкмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер?Балалар мен

өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген.Балалар табақты не үшін пайдаланады?Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.
Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген.Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.
Балалар алдыларында табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер.Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

**Қортынды:**

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:04.11.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін

салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.

Аю,  қасқыр  жолбарыс,

Арыстанмен  пiл  барыс.

Ойыншықтар тұрыңдар,

Ойын – сауық құрыңдар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларыңда мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.
**Қортынды:**

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.

Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс  жоспары**

**Күні:11.11.2021ж**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші**».**
**Тақырыбы**: «Құстар»
 **Мақсаты:**Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейненлеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.
Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіңдерші. Даладағы құсатардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді.Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі.Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады.Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек.Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсыңдар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен.Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші.Балалар алдыларында торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық.

**Қортынды:**

Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 18.11.2021ж**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы: «**Жапалақтап алғашқы қар жауды тұр**» Мақсаты**:Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана биуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Балалар терезенің алдына келіңдерші. Далада не жауып тұр?

Дұрыс айтасыңдар қар жауып тұр. Даланың бәрі аппақ болып, әдемі болып тұр. Балалар қазір қай мезгіл?

Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?

Қардың түсі қандай?

Дұрыс айтасыңдар айнала аппақ, қар жауып тұр.Ауа – райы суық, аяз.

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл орманның суреті . Орманда айнала аппақ, тып – тыныш

Балалар ал енді көз алдыларыңа қарды елестетіп, тыныс алу жаттығуын жасаңдар.Балалар енді бәрің бірге сурет дәптерге жауып тұрған қардың суретін саласыңдар. Қарды сүйкеп жағу арқылы жағасыңдар.Бұлттардан жауып келе жатқан қарды қылқаламмен, жердегі жатқан қарды тіс пастасымен саласыңдар. Сергіту сәті:

Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

**Қортынды:**

Қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын.

Қар аспаннан жерге қонақтап, жер бетін басып қалатындығын.

Таяқшамен жағу арқылы қар суретін салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні: 25.11.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** Қыстағы шуақты күн.

**Мақсаты:** балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза гой саган ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

**Сергіту сәті:**

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

**Қортынды:**

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

Әр жыл мезгілінің ерекшелігін ескеруді, қоршаған орта, табиғатқа деген қамқорлың жасаудың қажеттігін меңгереді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:02.12.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түзу жолда, мен жүремін тура»

**Мақсаты**: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық: Мен сендерге арнап үнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара.Кәне, балалар үнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдіңдер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады. Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,    Үлкен болып өседі.

**Қортынды:**Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні:09.12.2021**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы: «** Мерекелік отшашу**»**
**Мақсаты**: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтардыүйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады.Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарыңдағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік.Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

**Қортынды:**

Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні: 16.12.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы: «**Ұзын құлақ сұр қоян**»**

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орныңда секірші!
**Қортынды:**
Қоянның дене мүшелерінің атауларын. Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 23.12.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Аққала»

**Мақсаты:**Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?Қыс мезгілінде ауа- райы қандай болады?Балалар қыста қар жауады. Балалар қармен ойнайды. Сырғанақ ойнайды.

Аққала туралы жұмбақ:

Мені ешкім өсірген жоқ,

Мені қардан жасаған.

Мұрным – сәбіз, ернім – ағаш,

Аппақ қармын, мәссаған!

Үп – үлкенмін, сұп – суықпын,

Ал, атымды айтады кім?

Балалар бөлмеде Аққала бар, соны тауып беріңдерші. Балалар алдыларында үзік сызықпен көрсетілген Аққаланың

Суреті берілген, сол суретті бастырып, бояймыз. Балалар сызықтың сыртына шығармай бояңдар.

Сергіту сәтіі:

Ауыл алды аққала,

Ақша қарда балалар .

Соғып жатыр Аққала,

Жалқауы жоқ жұмысқа.

Керемет, Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды:**

Қыста болатын өзгерістер жайлы .

Акққаланы үлкен – кіші дөңгелектерді қосу арқылы салуға болатындығын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 30.12.2021**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Қысқы шыршалар»

**Мақсаты:** Балалрдың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеугe жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түңгі аспан.

Балалар терезеден далаға қараңдаршы.Даладағы ағаштардың бәрін қар жауып қалған.Қыста ауа – райы суық, аяз болады. Орманды да аппақ қар жауып қалалды, орманда ақ қардың бетінде аңдардың ізі қалады
Балалар сендерге ақ ұлпа қарлар ұнайдыма?

Ормандағы шыршаны аппақ қар жапқан көрініс ұнайды ма?

Олай болса сурет дәптерде ормандағы шыршалардың суреті берілген, сол суретті тіс пастасымен ақ қардың суретін саламыз.
Мақта оралған таяқшаның көмегімен тіс пастасын алып, шыршаның төбесіне бояңдар. Қар жамылған бейнесін бейнелеңдер. Сүйкеп жағу арқылы жағады.

Негізгі көрініс аясын көкшіл түспен бояуға болады.

Сергіту сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гуледі.
**Қортынды:**

Қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын.

Қыста ағаштың жапырақтары болмайтынын.

Мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 06.01.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Сиқырлы таяқшалар»

**Мақсаты**: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.

Кел, балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі көңіл ашады,

Күліп – күліп жүрейік. -Балалар бізге бүгін Айсана қонақа келіпті.
- Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Балалар мен жолда келе жатып, сиқырлы қорапша тауып алдым, ол қорап біздерді сурет салуға үйретеді. Сендер сурет салғанды ұнатасыңдар ма?

Қорап ішінде неше түрлі таяқшалар бар. Бар сиқыр осы қарындаштың қшында екен. Бұл сиқырлы таяқшалар.Балалар қарындашты алып қатты баспай әдемілеп сызықтар сызамыз. Қызыл, сары, жасыл, көк түстерімен сызамыз.Ол үшін бізге қатты қағаз керек. Қарындашты оң қоға, үш саусақпен ұстап, қатты баспай сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызамыз. Балалар Айсананың досы күлдіргіштің қолындағы шарларының жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан ұшып кетуі мүмкін. Өздерің қалаған түспен шарды бояимыз да, жіп тағып сызып қоямыз. Сергіту сәті: Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады. Саусақтарым бірігіп, Билеп, билеп алады. Жарайсыңдар балалар!
**Қортынды:** Қарындашпен дұрыс сурет салуды, қарындашты үш саусақпен ұстауды. Әртүрлі суреттер салуға болатындығын. Сызықтар, дөңгелектер салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 13.01.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Қар кесегі»

**Мақсаты**: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір – біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасын сұқ саусақты малып, қар кесегін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түнгі аспан.

Балалар сендер балабақшаға келе жатқанда жерде нені көрдіңдер?

Қардың түсі қандай?

Қардың түсі аппақ, өзі суық. Балалар сендер қолдарыңа қарды ұстасаңдар, қолдарың тоңып қалады.

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады,

Ол не? Балалар иллюстрациялық суреттерді көрейік.Балалар қар жылдың қай мезгілінде жауады?Қыс мезгілінің басқа мезгілден айырмашылығы неде?Балалар сендер қармен далада не істейсіңдер?Қайтып ойнайсыңдар?Дұрыс қар кесегімен ойнайсыңдар. Ал енді қарт кесегін көз алдыларыңа елестетіп, қолдарыңа ұстап, жентектеп бір – біріне лақтырған қимылды жасаңдар.Балалар енді сурет дәптерде берілген қар кесегінің суретін, сұқ саусақты иіс пастасына батырып қар кесегінің бейнесін салыңдар. Қарды көп салып, үлкен қар үйіндісін жасайсыңдар.
Сергіту сәті: Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гуледі,

**Қортынды:**

Қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды.

Қардан әртүрлі бейнелер жасауға болатынын.

Сұқ саусақпен қар кесегін салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні:20.01.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** Атама арналған тымақ.

**Мақсаты:** балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.

Балаларға қонаңқа қарт атай

(жоғары сынып оқушысына рөл

ойнатуға болады) келеді. Ол өзімен

бірге балаларға сыйлыңқа құрт ала келеді. - Балалар, атай сендерді дұрыс ести алмай отырған сияқты, себебін сұрап та үлгердім. Атай баскиімсіз
жүрем деп, құлағына суық тигізіп алыпты. Атайдың құлағы жақсы естуіне көмектескілерің келе ме?Атай сендерге сыйлығын алып асығып келе жатқанда, боран басындағы тымағын ұшырып,ол қалың болғандықтан, тек қыс айларында ғана қолданылады. Өзінің пішініне қарай ол бас пен желкені, мойынды суықтан, қатты желден қорғайды. Себебі

құлақшалары болады. Тымақ жануарлар терісінің сыртынан қалын матамен қапталып тігіледі. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. - Балалар, енді үлгі ретінде ілінген суретке қарап отырып, тымақтың суретін салып, қонаққа келген атамызға тарту етейік. Зер салып қарап алыңдар, тымақ неше бөліктен тұрады? Оның әрқайсысын жеке салған дұрыс па, әлде біріктіріп саламыз ба? Ата балаларға алғысын білдіреді. Тапсырманы жақсы орындаған балаларды тәрбиеші ерекше атап шығады.Тымақ деген қандай болатынын білесіңдер ме?Адамдарға арналған баскиім.

**Қортынды:** Ер адамның баскиімі тымақ туралы мәліметтерді, оның қандай бөліктерден құралатыны туралы біледі.Тымақтың суретін салу дағдысын игереді.Тымақтың түрімен бірге құлақшадан тұратынын және оның тері сыртынан қалың матамен қапталып тігілетінін меңгереді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**
**Күні: 27.02.2022**
**Вариативтік компонент:**
**«**Сиқырлы суретші»
 **Білім беру саласы:**«Шығармашылық»
**Бөлімі:**Сурет салу
**Тақырыбы: «**Әдемі көйлек»
**Мақсаты**: Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мөртаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.
.
**Сөздік жұмыс:** әдемі көйлек
**Көрнекілігі:**демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана.
**Мотивациялық-қозғаушылық**
Балалар қуыршақ Айсан жылап отыр екен. Айсананы кім ренжіткенін сұрайықшы.

Маған ешкім тиіскен жоқ... Бірақ күшік досым қонаққа шақырған, қонаққа киетін әдемі көйлегім жоқ деп жылап отырмын. Балалар Айсанаға көмектесеміз бе?
**Ұйымдастырушылық-ізденістік**
 Балалар әдемі көйлекті дөңгелектермен әшекейлеу үшін мөртаңбаны, қылқаламды, Саусақтарыңды пайдалануға болады.Қылқаламның көмегімен,
сұқ саусақтарыңмен пайдалануға болады. Қылқаламның ұшымен тамызып бояуға, мақта оралған таяқшалар арқылы дөңгелек түсіруге болады, Сүрткішті дұрыс пайдалану керек. Бір – бірлеріңе бөгет жасамай дұрыс отыруларың керек. Сергіту сәті: Орнымыздан

тұрамыз, Белімізді жазамыз. Жоғары – төмен қараймыз. Оңға-солға, түзу тұр. Бойымызға күш жинап,

Біз демалып қаламыз.
**Рефлексиялық-түзетушілік** Балалар Айсана сендердің әдемі көйлек салғандарыңа қуанып, күшік досының үйіне баратындығын айтып жатыр. Сендерге рахметін айтып жатыр. Тыныс алу жаттығуымен аяқтаймыз.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Көйлекте әртүрлі болатындығын

**Игереді**: маңайындағы басқа адамдарға көмектесу қажеттігін.

**Меңгереді**: мөртаңба, қылқалам, саусақтардың көмегімен әдемі көйлекті әшекелей білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**
**Күні: 03.02.2022**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»
**Бөлімі:**Сурет салу
**Тақырыбы**: «Қуыршақтың мойынорағышы»
**Мақсаты:** Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру.
Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** мойынорағыш, баскиім.
**Көрнекілігі:**демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана, қуыршақ киімдері.
**Билингвальды копонент:**мойынорағыш - шарф.
**Мотивациялық-қозғаушылық** Шаттық шеңбері: Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап атқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар.Балалар киімдер жыл мезгіліне қарйай іәртүрлі болады. МысалыАйсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Ал, балалар Айсананың мойынорағышы жоқ екен.
Айсана далаға шығамын дейді, бірақ мойынорағышым жоқ дейді. Айсанаға мойынорағыш жасап береміз бе?
**Мотивациялық-қозғаушылық**
Шаттық шеңбері: Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап атқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар.Балалар киімдер жыл мезгіліне қарйай іәртүрлі болады. МысалыАйсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Балалар суреттегі мойынорағышқа көңіл бөліп қараңдаршы. Мойынорағышта әр түсті жолақтар бар. Кәне, балалар әр жолақтардың түстерін атайықшы: қызыл, сары, ақ, көк, жасыл.

Балалар алдыларында үзік сызықпен сызылған жолақтар бар. Сол үзік сызықтардың үстінен бастырыңдар. Ал, енді жолақтарды рет – ретімен түрлі – түсті қарындаштармен бояңдар.Балалар жолақтардың сыртына шығармай бояңдар. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел есті, Кіп – кішкентай балалар Кіп – кішкентай балалар Үлкен болып өседі.
**Рефлексиялық - түзетушілік** Балалар , сендер салған мойынорағыштар қуыршақ Айсанаға ұнады, Кім қандай түсті пайдаланды?

Балалар сендердің салған суреттерің әдемі болып шықты.

Ал, балалар енді «Қуыршақты киіндір» ойынын ойнап бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз.
**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**қуыршақ киімдерінің атауларын .

**Игереді**: мойынорағышты салуды.

**Меңгереді**: бояу қарындашпен біркелкі бояуды.
**оспары**

**Күні: 10.02.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Мақсаты**: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай?

Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты! Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

**Қорытынды** Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындығын. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**
**Күні: 24.02.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші» **Тақырыбы:**«Түрлі түсті таспалар» **Мақсаты**:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояудыжағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ққыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

**Қортынды:**

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні: 03.03.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түрлі түсті орамал»

**Мақсаты**: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені

Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?
Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Ормалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.
Кәне, балалар алдыларыңдағы орамылдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасаңдар. Сергіту сәті: Доп –доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

**Қортынды:**

орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:10.03.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Бұлт күнді жапты»

**Мақсаты**: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сұр бұлт, түсі суық, Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сұр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар

осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сүр бұлтты , көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сүр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуміз?

Біз үйде біз бесеуміз.

Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары**

**Күні: 17.03.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**« Кілемше»

**Мақсаты**: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалалр кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қәзіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп тқрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

**Қортынды**

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні:24.03.2022**

**Вариативтік компонент:**

**«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы: «**Кесені әшекейлейміз**»**

**Мақсаты**:Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?» Балалар мына суретке қарандарщы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.

«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды.Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.

Кесе сыртын «қой ізі» оюымен қөрнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

**Қортынды:**

Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.
Қазақтың әр-түрлі ою - өрнектері ішінде

«тұмарша» мен қой ізі өрнектерін жасауды.

«Қой ізі» өрнектерін салуды, атаға көмектесуді, жақсылық жасауды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 31.04.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүлгіні әшекейлеу»

**Мақсаты**: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.
Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

**Қортынды:**

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 07.04.2022**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тікенекті кірпі»
**Мақсаты:** Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:
Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады.Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр.Олай, болса тікенектерін салыңдар.Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

**Қортынды:**

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.
Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 14.04.2022**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Тәрелкені әшекейлеу»
**Мақсаты:** Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жкмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер?Балалар мен өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген.Балалар табақты не үшін пайдаланады?Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.
Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген.Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.
Балалар алдыларыңда табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер.Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

**Қортынды:**

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні: 21.04.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы**: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрыңдар,

Ойын – сауық құрыңдар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларыңда мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті: **Тақырыбы: «**Ұзын құлақ сұр қоян**»**

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

**Тақырыбы: «**Ұзын құлақ сұр қоян**»**

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.
**Қортынды:**

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.
Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.
Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 28.04.2022ж**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы**: «Құстар»
**Мақсаты:**Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейненлеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.
Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіңдерші. Даладағы құсатардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді.Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі.Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады.Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек.Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсыңдар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен.Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші.Балалар алдыларында торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық. **Қортынды:** Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.**

**Күні:05.05.2022**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:** Қыстағы шуақты күн.

**Мақсаты:** балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза гой саган ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

**Сергіту сәті:**

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

**Қортынды:**

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.

Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні: 12.05.2022ж**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы:**«Түзу жолда, мен жүремін тура»

**Мақсаты**: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,

Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық:

Мен сендерге арнап үнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара.Кәне, балалар үнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдіңдер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады.

Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,Үлкен болып өседі. **Қортынды:**Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары**

**Күні: 19.05.2022ж**
**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»
**Тақырыбы: «** Мерекелік отшашу**»**
**Мақсаты**: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтардыүйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады.Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарыңдағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік.Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

**Қортынды:** Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

Қарындашпен әдемі етіп түрлі түсті сурет салуды.

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

**Күні:26.05.2022ж**

**Вариативтік компонент:«**Сиқырлы суретші»

**Тақырыбы: «**Ұзын құлақ сұр қоян**»**

**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орнында секірші!
**Қортынды:**
Қоянның дене мүшелерінің атауларын. Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.